

АЛТЫН КӨРКЕМ

Мағжан
Жұмабаев

БАТЫР
БАЯН





1893-1937

Мағжан
Жұмабаев

БАТЫР БАЯН

ӨЛЕҢДЕР,
ПОЭМАЛАР

«Елорда» баспасы
Астана, 1998



ББК 84 Жаз 7-3
Ж. 87

Жұмабаев М.
Ж. 87 Батыр Баян. Астана. Елорда, 1998.

Құрастырған Ерік Асқаров.

34735

Ж 4702250202-03
450 (05) - 98

ББК 84 қаз. 7-5

ISBN 5-7667-6497-9

С. Д. К.

БАСПАДАН:

Астанада ашылған "Елорда" баспасынан "Қазақ поэзиясының алтын қоры" айдарымен шығып отырған бұл алғашқы кітап. Сондай-ақ, алдағы уақытта "Қазақ прозасының алтын қоры", "Қазақ балалар әдебиетінің алтын қоры", "Қазақ сынының алтын қоры" көптомдықтарын шығару да жоспарымызда бар. "Алтын қорларға..." енетін шығармаларды екшеу үшін жазушылар мен ғалымдардан құралған арнайы алқа жұмыс істейді. "Казахстанские мастера слова" айдарымен бір топ қазақстандық орыс және орыс тілді қазақ жазушыларының шығармалары да жарық көрмекші. "Аманат" айдарымен бүгін күнде арамызда жоқ көптеген қаламгерлеріміздің әдеби мұрасы өз оқырмандарымен қауышады.

Баспа жоспарындағы шығармалардың қай-қайсы да кезінде оқырман қауымды сүйсіндіріп, бұл күнде негізінен библиографиялық тапшылыққа айналған кешіккен да зәру дүниелер.

Аталған айдарлармен белгілі қаламгерлеріміздің кезінде қамана саясатына сай келмей, советтік цензураның қаншысына іліккен еркін ойлы шығармалары да жарық көрмекші. Бұл орайда Қ. Бекхожинның "Батыр Науан", "Мәриям Жағор қызы" (алғашқы нұсқасы), Ж. Сыздықовтың "Әлі қарттың әңгімесі" т.б. шығармалар бар. С. Мұқанов қаламынан туған "Молдір махабаттың" түп негізі "Адасқандар" романымен жүздесу де оқырман қауымға қызғылықты болар дейміз.

"Қазақ поэзиясының алтын қоры" айдарының алғашқы біріншісі - Мағжан Жұмабаевтың "Батыр Баян" кітабына келсек, мұнда да көптеген толықтырулар бар. Солар жөнінде оқырмандарға түсінік бере кетуді жөн санап отырмыз.

Мағжан Жұмабаев алғаш рет 1960 жылы Хамза Абдуллин ұйымдастырған арыз бойынша ақталған болатын. Алайда "бұл азаматтық ақталу" деген желеумен ақын шығармаларын жарыққа шығартпаушылар табылған. Мағжан екінші рет 1989 жылы ақталды. Содан бері ақынның үш-төрт кітабы жарық көрді. Бірақ толық емес. "Елорда" баспасы шығарып отырған "Батыр Баян" кітабы да ақын жырларын "Алтын қор" талаптарына орай түтел қамтымайды. Алайда соңғы жылдары шыққан ешбір кітабына епбеген көптеген жырлары мен "Оқжетпестің киясында" поэмасы алғаш рет жарияланып отыр. 1989 жылы "Жазушы" баспасы шығарған жинақта "Қойлыбайдың қобызы" поэмасының өткен ғасырдағы батыр, би, бақсыларды дәріптейтін соңғы бөлігі орынсыз қысқартылып кеткен.

Мағжан - қазақ халқының ғана емес, исі түркі дүниесінің ұлы дауылпазы. Оның ашық түрікшілді ұрандағы жырларын кезінде бастырушылар цензурадан өткізе алмаған болуы керек. Солардың қатарында "Орал", "Жер жүзін топан болса екен" өлеңдері осы кітапта тұңғыш рет жарияланып отыр.

"Ақсақ ақынға" атты өлеңін кезінде аяулы азамат, марқұм Жәнібек Көрменов ел аузынан жинап өкеш, құрастырушыға тапсырған болатын.

"Орамал" мен "Батқан күн, атқан танның жыры" ғашық жандардың бір-біріне жазысқан хаты іспетті тұтас дүние.

Ақын жинақтарынан орынсыз шеттетілген өлеңдердің бірі "Жоғалған алтын".

Бұл жинаққа М.Жұмабаевтың уақыт талабынан туған үгіт-насихат үлгідегі кей жырларын енгізуді жөн деп таппадық. "Қазақ поэзиясының алтын қорына" қосылатын "Батыр Баян" кітабында ұлы ақынның "Бұл ғасырдың шегінен асатын..." (М.Әуезов) ұлы жырлары жарияланып отыр.



АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ

Жаһан деген не нәрсе? -
Алақанның ауданы.
Бір ауданда көп тәңірі
Болудың тіпті жоқ сәні.

Көк тәңірісі - тәңірі -
Билесін көгін, күңіренсін.
Жер тәңірісі Темірші,
Жеріме тәңірім тимесін.

Көк тәңірісі тәңірінің
Тұқымы жоқ, заты жоқ.
Жер тәңірісі Темірдің
Тұқымы - түрік, заты-от!

АТАҚТЫ АҚЫН, СОЗІ АЛТЫН, ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолың жайып енді күтпес.
Сөзіңе құлақ салып, баға бермейі,
Қисайып қыңырайды жұртың ниеттес!
Бұртиып, теріс қарап: "Аулақ жүр!" - деп,
Болды гоіі жақын, туган бәрі кектес,
Тыныш ұйықта кабіріңде, уайым жеме:
"Қор болды қайран сөзім босқа!" - деме,
Артыңда қазақтың жас балалары
Сөзіңді көсем кылып жүрер жеке!

Ай, жыл отер, дүние кошін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар,
Коз ашып, жұртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, кадірің артар,
Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші олсе балға мен бізі қалар
Бір байі олсе, торт түлік малы қалар,
Шешен олсе, артында сөзі қалар!
Сүм дүние сылаң беріп көптен отер,
Сау қалғанның көбісі ертең бітер,
Токтамас дүниенің доңгелегі,
Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.

ГҮЛСІМГЕ

Жұмақтағы жібек желден,
Мәңгі жайнап тұрған гүлден
 Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
 Кез болыпты - ішіпті у.
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді,

Жұмақтағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
 Періштелердің жырынан,
Жұмақ суы сылдырынан,
Жапырағының сыбдырынан
 Тәңірінің дәл оз нұрынан
Жаратылған періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,

Алмас қанат періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,
 Жерді көрді қанға батқан;
Жүрегіне қанжар кіріп,
Жапан түзде аңдай ұлып,
 Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді - жерге түсті,
Жерге түсті - қорге түсті,

Елді көрді - жерге түсті,
Қақты қанат, кезді, ұшты,
 Кім зарласа, соны сүйді,

Күлгенменен бірге күліп,
Өлгенменен бірге оліп,
Күйгенменен бірге күүді.
Жабыкканга жәрдем етті,
Қара да, ақ та теңіз отті.
Алдап меруерт қобік шашар,
"Кел, - деп - бері!" - қойнын ашар,
Тұрмыс - теңіз бір тұңғық.
Теңізге кім басар қадам,
Басса басар оған адам,
Жанын сатып, жанын қып!
Тұрмыс - теңіз, сылқ-сылқ күлді,
Сұлу сұға кірді де олді.

Өлді сұлу - отті жылдар,
Өлді сұлу - бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан тұлқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Қиял құлы - мен бір ақын.
Тұрмыста тар тайғақ жолға
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңып қордім,
Сол сұлудың жанын қордім.

Күні кеше жаннын жырын,
Жүзіндегі жұмақ нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан жүргеім, қолым беріп,
Қан аратас жасым төгіп:
"Жолым баста, келші!" - дедім.
Қайтырылып та қарамады,
Жас жүрегім жаратады...

"Мен бір жанмын олген" - деді,
"Періштелер комген!" - деді.
Бір қарады, кете барды.
Жүзіндегі жұмақ нұры,
Аузындағы мұңды жары
Жүрегіме сіңіп қалды.

Жүрегімнен кетпес бұл жыр,
Құбылса да мыңға өмір.

Періштелер лебізінен,
Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзаққа
Кез болыпты - ішіпті у!
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

ОТ

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім - күнмін. үзім - от,
Сөзім, қысық көзімде - от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі - от.
Оттан басқа тәңірі жоқ.

Жалынмен жұмсақ сүйеді -
Сүйген нәрсе күйеді.
Жымнып өзі жорғалар.
Ұшырағанды шоқ қылар.
Шоқ қылар да, жоқ қылар;
Мұнын аты От болар.
Мен де отпын - мен жанам,
От - сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басқаның.
Жалын жұтам - тез тоям.
Әулием, ием, құтыма,
Теңсіз тәңірім отыма
Әлсін-әлсін май құям,
Май құямын - өрлейді.
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаһа жалмайтын.
Сескенбес, сірә, кім сенен
Шынында, менің өзім де - от,

Қысылған қара көзім де - от.
Мен - оттанмын, от - менен,
Жалынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Қараңғылық бүкқанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын.
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымда
Жалынменен жуғанмын.
Жүрегім де, жаным да - от,
Иманым да, арым да - от.

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем бұғаннан,
Қараңғылық - дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап ұшқанмын,
Әлпіге¹ барғам Алатайдан.
Балқанға барғам Қытайдан...

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім- күнімін, өзім - от.
Сөзім, қысық көзім де - от.
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі - от,
Оттан басқа тәңірі жоқ.

¹ Альпі - асқар таудың аты. (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

ПАЙҒАМБАР

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток.
Дети скорби, дети ночи.
Ждем, не придет ли наш Пророк.

Мережковский

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, таңы жаңа атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірсін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Когінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған,
Түн баласы тәңірісін олтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
"Қарын" деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол.
Тәңірінің сүйікті ұлы Аісаның
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол...

Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әуәзілге табынған.
Інжілді ортеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарынан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын күр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Тоғілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.
Түн баласы түнеріп түр олгелі,
Көзіңді сал - күнбатыста қанды шу;

Көзге түртсе көрінбейтін кара түн,
Күңірене ме, күле ме әлде, әлдекім?
Жылайды да, шулайды да ұлиды.
Бұл кім? Бұл ма - түн баласы түссіз жын.

Қап-кара түн, Түн баласы күңіренед,
Күңіренумен бір-біріне үн беред.
Согінеді, сүрінеді, жыгылад.
Қара түнде қор көзімен не қоред?!

Қап-кара түн. Шегір қозді жындар жүр.
Қап-кара түн. Қайғы мен қан ойнап түр.
Қайғы менен қара қапқа түншыгып,
Түн баласы ауыр оілар оілап түр.

Қап-кара түн. Уақыт ауыр отеді,
Ой артынан оілар келіп кетеді.
Түн баласы қор көзінен жас тогіп,
Күншыгыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде отты Күннен Гун¹ туган,
Отты Гуннен от боп ойнап мен тугам.

¹Гун - түріктің арғы атасы. (М. Жұмабаев ескертпесі).

Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жугам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен - Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем
Күннен туған, гүннен туған пайгамбар.

Соқыр сорлы қормей ме әлде көзің қор?
Күншығыстап таң келеді, енді қор.
Таң келеді, мен келемін - пайгамбар,
Күт сен мені, "лахаулаңды" оқи бер.

Күншығыстан таң келеді - мен келем,
Көк күңіренел: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайгамбар - Күн ұлы.

КҮНШЫҒЫС

Қысық козді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!
Күңіретіп жерді ыңыраншы.
Күнбатысқа коз салшы,
Кордің бе қанның жалынын?
Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Коп білем деп болуге,
Коп күлем деп өлуге
Жақын қалды Күнбатыс.
Дария еді ол өкірген,
Шапшып қокке лепірген,
Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан күрт ауру,
Жан-жаққа сүзіп коз салу -
Қолынан енді келері.
Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Түншықсын, қанға боялсын.
Оның олген үнімен,
Қанды батқан күнімен,
Күншығысым оянсын!
Қысық козді Күншығыс.
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатысқа жүрелік,
Желкілдеген туменен,
Жер күңіреткен шуменен
Қаласына кірелік.

Күл қылайық қаласын,
Күл қылайық баласын.
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын.
Мейірім есігін ашалық.
Мұндарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, комеіік
Күншығыстың нұрына...
Терең теңіз тебіренді,
Күншығысым күніренді.
Қырағы көзім көреді:
Желкілдеген туменен,
Жер күніренткен шуменен
Қара бұлт қаптап келеді.
Әй, сен, кесел Күпбатыс!
Бұл жатуың қай жатыс,
Жоғал жылдам жолымнан!
Болмаса қорықсаң олімнен,
Үмітің болса өмірден,
Үста менің қолымнан!

АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында
Қол қылып қоздың жасын тоқкен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым.
Өміріңше жапа шеккен жатқан бауырым.
Түксиген, жүрегі тас жауыз жандар
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Япырм-ай, емес пе еді алтын Алтай
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай?
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,
Тebісіп бір тосекте жатыспап па ек?
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен
Бірге еміп, бірге дөмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін молдір бұлақ,
Сылдырап, сылқ-сылқ күліп, таудан құлап?
Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп, жаңа ер жетіп.
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

Мен қалдым - жас балапан қанат қақпай,
Үшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.
Жол сілтер, жол корсетер жан болмады,
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,
Күнәсіз таза қаным судай ақты.
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,
Қараңғы абақтыға берік жанты...

Кормеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Күндіз - Күн, түнде - күміс нұрлы Айды да!
Ардақтап, шын жібектейі арайға орап,
Осірген алтын анам Алтайды да.

Япырм-ай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!

Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

Шарқұрып ерікке ұмтылған түрік жаны
Шынымен, ауырды ма, бітіп халы?!

От соніп жүректегі, құрылды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қаш жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп түру? Жүр , кетелік
Алтайға, ата мирас алтын таққа.

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,
Қос қанатым - алтын Алтай, Оралым.
Еркін дала ардақтысы, еркесі,
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Асқан алып - ата затым сұрасаң,
Асқан дана - ана затым сұрасаң.
Шашып жалын жас жолбарыс үмтылса,
Қорқақ құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш қан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенім танысын
Жас борідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұғада бол, алтын Алтай - қарт анам,
Алып ата, қуды жолың ер балаң.
Ақ шашыңды, көкірегіңді ніскеуге,
Тәңір жазса, сәулетпенен тез барам.

ЖАРАЛЫ ЖАН

Сар дала, бейне олік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан.

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жақта жүргендей-ақ жындар билеп.
Ың-жың дауыс келеді құлағыма,
Перілер ән салысып, тұр ма күйлеп?

Жаралы бір жан жатыр құба жолда,
Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.
Пернесі, нұры кеткен көзіменен,
Қарайды бейшара жан оң мен солға.

Қысылған сорлы адамның шыбын жаны,
Шапшып тұр, жүрегінен ыстық қапы.
Ішті ортеп, жүректі де елжіреткен,
Күңіреніп сол сорлының сарнағаны:

"Ойпырым-ай, алла-ай, жасаған,
Қысылды гоі шыбын жан!
Қуат кеміп барады,
Коп болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын,
Хал жоқ, қалай тұрайын?
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!

Соқпа, сорлы жүрегім,
Шірі енді, ақ білегім!
Мынау қарға, құзғынның
Бердің-ау, тәңірім, тілегін!

Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар,
Айдын шалқар қолім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,
Сауық-сайран құра алмай,
Қарғаға құзғын жем болып,
Қалғаным ба, бір алла-ай?!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Зарлайсың гөй жетім боп,
Бесікте қалған балапан!

Қара шаш қайран жарым-ай,
Қарашығым, жаным-ай!
Құлағыма келеді
Алыстан ащы зарың-ай!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

Хал жоқ, қалай тұрайын?
Тәңірі, өзіңе жылайын.

Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайып!

Түсті қысым жаныма,
Тұншықтым гөй қаңыма!
Ием болсаң, жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма!

Күштісің гөй күдірет,
Перінтене өмір ет!
Қаһатпен бір сипасын,
Жазылсын ішкі-тысқы дерт.

Өмірді маған көп көрсен,
Лагнет деп мені жек көрсен.
Өлейін тез, олейін,
Келсін ібіліс, у берсін!

Түсірме қысым жаныма,
Тұншықтым гөй қаныма!
Ием болсаң, жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма...

Берді тәңірім тілегім,
Қуан енді, жүрегім!
Не періште, не ібіліс,
Келеді ұшып - керегім!...

Сауытты оң жақ қолыңа ал,
Сауытта жұмақ суы бар!
(Әйтеуір азап тоқатад),
Не тамұқтың уы бар!"

Жаралы құба жонда кім зарлаған?
Қансырап, қанып жұтып кім сарнаған?
Қайғылы сар даланы күңіреңткен,
Зарына адам шадап тұра алмаған?

Бұл - қазақ, төңірге зар еткен қазақ!
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,
Оқыған азаматын күткен қазақ.

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суып апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Токтатам түншықтырып зарып десең!..

БАЛАПАҢ ҚАНАТ ҚАҚТЫ

(“Балапан” журналына арналып қара сөзбен жазылған өлең)

Балапан қанат қақты...

Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты.

Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар окпесіне өтті.

Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бұрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қанша шырылдап айналып жүрсе де, қалың ақ кебінің жамылып, тоғай тұрмады.

Балапан баспана таба алмады.

Балапан қанат қақты...

Аштан олетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтанақ таба алмады. Тоңып, дірілдеп, алаусұрып жүрген балапанды көріп: “Қолыма кір, қолымда тұр, қалған-күтқанымды берермін”- деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас бауыр адамы!

Балапан қанат қақты...

Ойы - жан-дәрмен жылы жаққа жетпек, егіз Есіл - Нұраның тәтті суларынан ішіп, Аралдың ыстық құмын күшпақшы. Терең Балқаштың молдіріне шомылмақшы. Алтайдың етегінде “уһ” деп демін алып, Марқакөлдің қаймағында жүзбекші.

Балапан қанат қақты...

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр - бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суыпқан, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай - алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар - асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз-бабам тілі, сен қалдың!

ЖЕР ЖҮЗІНЕ...

Жер жүзіне ер атағым жайлыған,
Жап емеспін оттан, судан тайынған,
Қайраты мол қандыбалақ қырапмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ыргып шыккам асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға,
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай қамал бұзған кемеңгер,
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер,
Бір барқылдақ жалпындаған тобеттен
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!

ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА

(М. Д-ға хат)

Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

Жағаластың жауменен,
"Бермеймін жұртым, жаным" - деп,
Алыспақ боздың тауменен,
"Жұрт үшін төгем қаным" - деп.

"Оян! - дедің жұртыңа, -
Бас көтеріп, тірлік қыл!"
Ақыл айттың ұлтыңа:
"Тақта талас, бірлік қыл!"

Бір шешпедің белінді,
Жұрт үшін уайым-қайғы жеп,
Сақтамақ болып елінді:
"Қара күн алда, бекін" - деп.

Менменсіген күшті жау
Көздеп тұрды ісінді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшінді!

Қараңғы үйге қамады,
Мейірімсіз оңшең тасбауыр.

* Мыржақып Дулатов. (Құрастырушы)

Сорлыға тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет қанша ауыр.

Қиялға ескі бата бер,
Қайра оңдіді, дәрмен не?
Уайымсыз, ойсыз жата бер,
Жұрт үшін түстің, арман не?

Көзін ашып, артында
Жұртың ойлар: "Бұл қалай?
Тайынба, қорықпа, тартынба!" -
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаған өз ұлтын
Қайратты жас жігіттер.
Жұрт үшін салар мал-мүлкін,
Бірін-бірі үгіттер.

Үстасын, жапсын, уайым жоқ:
"Қоймай қуса қорқақты -
Батыр болар" - деген көп,
Батыр ғып, одан не тапты?

Өрнек болар мұндай іс
Кейінгі жанған жастарға:
Қайраттанып, күйіп іш,
Аузын шайнар қастарға.

Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да, алтын Күн
Бір шығар, жерді жарық қылар...

Келешек күнде қағазға
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда
Корсе жазған хатыңды.

Уайым-қайғы жүтады
Сені оілап, сорлы жұрт.
Аңдыған жау ұтады,
Тәңірі, соның түбін күрт!

Саған кок те тілектес,
Бұралған оңшен нәзік бел
Періштелер жаныңда!
Еш қайғырма, рақат - анық, біл..

Мейірімі кең күшті нем,
Сорлы жұртты оң баста,
Дүшпан - құлаш, біз - сүйем,
Рақмет үшқынын таста!

Кобейісін елде қайратты ер,
Жұрт үшін болсын қара тер.
Сорлы жұртты бастасын,
Жасаған, соған көмек бер!

ТҮТҚЫН

(М. Д-ға хат)

Кеудеде - от, іште - жалын, көзде - жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас,
Сабап тосек, тым қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш!

Күн түсірмес мейірімі жоқ қаратас,
Ағармай ма мүлділді үйде қара шап?
Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сөзге не Аіі, не Күн көрсетпес,
Жақынның: "Ой бауырымын!" естірмес,
Іс- санаулы, сөз - аңдулы, ерік жоқ,
Өз қолымен ұнамды тон пішірмес.

Қайғылапба, сорлы тұтқын, еш не етпес,
Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес,
Ер жүректі азаматтың басына
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?

М.Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

Зор қуаныш - кара түн откеліне,
Алтын таңды ашық күн жеткеніне.
Қан аралас тоғілген көп көз жасты
Тәңірі қабыл, меіірім ектеніне.

Ерік қусы қайта ұшып келгеніне.
Душар болмай дұшпанның мергеніне.
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды.
Мын шүкірлік тәңірінің бергеніне.

Күннің бетін ежелден бұлт жаппак.
Жапса да, ұзақ тұрмай жонін таппак.
Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ.
Қамшы тисе шын жүйірік үдей шаппак.

Оңанан есті жел біраз қырын ескен.
Соң туса да, оң туса қалмас коштен.
Өткен іске - салауат, күтіп қалдық:
Өткір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты -
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар - балапан,
Жайып қанат ұмтылған,
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттейі таза жүректер,
Қасиетті тілектер -
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды аташ елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға,
Аташ атын аспанға
Шығарлар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

.... FA

Мейірімсіз тағдыр құрған торға түсіп,
Жанаңда жатыр едік біз оққа ұшып,
Кеуделен таза ыстық қап сорғадан,
Қайырымсыз кара салқын жерді құшып
Айрылып алтын ерік, ар-намыстан,
Қайрылмай қанап қағып бақ күесі ұшып,
Тас жүрек, көңілі кара жауыз жаудың
Қолынан құндық, қорлық уып ініп
Жап ташнай төңіректен жәрдем қылар,
Өмірден енді алдағы үміт кесіп. -

Қайратты ер, сын-бөйгеге тігіп басың,
Сол кезде ауыр жолға қадам бастың,
Құтқарып келімесектен тірішекке
Көз жетпес кеп, бай Сібір сар даласың.

Үмтылған ілі жолда тілегіңе,
Түссе де темір пынжыр білегіңе,
Қасіретті кара күнді жаңды сүйген
Қонған жоқ кіршік таза жүрегіңе.

Сол жолда қайғы жұтқан білді қорлің,
Бауырдай бірге туған қолың берлің,
Есіркеп жапың ашып, жақын тартып,
Жазуға сыртқы, ішкі қалың шерлеп.

Баладай еркелеткен қолыңа алдың,
Жұбаттың еске саяып өткенді алтын,
Тыледің таза жүрек, ақ көңілмен
Боламы деп баяғыдай жүзің жарқын.

Ардақты ер! Ұмытылмас еткен ісің,
Күні ертең айбылды алаш жипаң есің,
Көкесетен көп заманпап тілегіңді
Жарыққа шығаруға жұмсар күшің.

ӨТКЕН КҮН

Еділ, Жайық, Сырдария -
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тармақты
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы бес су арасы
Сарыарқа деген жер еді.
Туып-оскен баласын
"Айбынды ер алаш" - дер еді.
Еркін шауып ойнақтап,
Тілеген отын жер еді.
Қонысы - жібек, ну тоғай,
Айдын шалқар қол еді.
Есіл менен Нұрадай
Екі енеге телі еді...
Қайыры көп ағайын,
Кедейде жоқ уайым -
Керек болса бір таиын
Сұраусыз ұстап мінеді.
Болсын жаты, жақыны,
Жоқ асынан тартыну.
Жыл жүзді бәйбіше
Керсеңдейі үлкен аяқпен
Үстата саумал береді.
Шыға қалса бір жұмыс.
Ұзап кетпес артық іс, -
Бітімге биге келеді.
Қасымның қасқа билігі,
Есімнің ескі билігі,
Алдында сайрап жатқан соң,
Көпті көрген көне би

Қара жолмен желеді.
Бір тынп пара алу жоқ,
Кпсыққа құлак салу жоқ.
Туралық, шындық - екеуін
Қаз қатар ғып жегеді.
Сол екеуі алдында
Бір бұлғармай жүреді.
Хак Назар сынды әділ хан,
Абылай сынды ер сұлтан,
Қаракерей Қабанбай,
Қапжығалы Бөгенбай,
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен
Душпанға қысым көрсеткен.
Қаз дауысты Қазыбек,
Қара палуан Жәнібек
Жалғанда тумас ер еді.
Кеше: Шоже, Орынбай,
Жанақ, Біржан, Наурызбай,
Бір сөзі мың ділдәлық.
Алты алашқа атақты -
Бәрі ақын, сері еді.
Шілдеде самал ескенде,
Жайлауға ауыл кошкенде,
Ат-айғырға мінісіп,
Қыз-бозбала жарасып,
Тереңнен әзілдескенде,
Тісі меруерт тізілген,
Белі қыпша үзілген,
Хор сықылды сол сұлу:
"Ха-Ха-Ха!" - деп күлгенде.
Бұйық жатқан кең дала

Бейне бір жаны епеді.
Сылдырап аққан өзенге
Үй тігін дереу қонысын.
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп, сынқылдап,
Жас келіпшек, жас қыздар
Керге жайып, уық байлар
Үйден үйге жүрісіп.
Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті мен дәулеті
Көз алдыма келеді...
Күнің кеткен баяулап,
Жүрең атсыз жаяулап.
Ит панаһлық желкеңде
Шабайып деп аңғып тұр,
Қылышың ұстап таяулап.
Арыстаным, сұңқарым,
Қажымас, талмас тұшарым,
Басың көгер, түр енді!
Батқан екен ол күнің.
Жеткен екен бұл түнің
Откенді ойлап қайтырма.
Әр қамалға бір зауал
Ежелден болмақ емес пе?
Ескіше тұрып етесе,
Замаң - түлкі, тазы бол,
Базарша дүкен күр енді.

АЙҒА

Күн батып, қараңғылық қанат жайды,
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.
Отырған қараңғы үйдің терезесінен
Көремін мұңды, нұрлы толған Айды.

Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің кашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрын шашып.
Жылжисың ақырып гана қорыққан жандай,
Жүргендей жол таба алмай бейне аласып.

Бір жауыз сондірмек пе әлде нұрын?
Үстіңе кигізбек пе қара құрым?
Жоқ әлде қазіргімен жұмысың жоқ,
Қайғыға түсіре ме өткен күнің?

Кім білсін, өткен күнің алтын шығар?
Ажарың бейне күндей жарқын шығар?
Көп жұлдыз - әлде күшпен, әлде іспен
Еріксіз артына ерткен халқың шығар.

Жоқ шығар ешбір боғет онда жолда,
Еркінмен құлаш жайып оң мен солға,
Мезгілмен толу, солү билігі де
Ол уақыт емес шығар басқа қолда?

Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ,
Менде де бұрын бар еді тәж бенеп тақ.
Жас едім, жалынды едім, батыр едім,
Қолыма қонып еді ол уақыт бақ.

Кең дала, коресің гой ана жатқан,
Жібектей жасыл шоптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Салушы ем асау тайдай қойында ойнақ,
Жүруші ем ертеңді-кеш ылғи ойнап.
Ішуге ас, мінуге ат - бәрі даяр,
Кермеп ем өмірімде қайғы ойлап.

Дарига, жауыз тағдыр қатты алдады,
Бак-дәулет - алмағаны еш қалмады.
Тас жүрек көзім нұры - анамды алып,
Еңіреген мен жетімге көз салмады.

Мінекей, қамаудамын тар үңгірде,
Мұнысы - көмгені гой тірі корге.
Мейірімді Ай, мені-дағы жаныңа алшы,
Болайық екі мұндық біздер бірге.

Ант етіп айрылмасқа бірігейек,
Ас-сусыз мың байнетпен жол шегейік.
Тыңдайтын бар гой тілек әділ Алла
Кол қылып қан аралас жас төгейік.

Сұрасақ, тілек қабыл болмас па екен?
Жолымыз жылап шеккен оңбас па екен?
Кеше ұшқан басымыздан бақыт құсы
Тағы да қайта айналып қонбас па екен?

ТӘҢІРІ

Зор тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз.
Әділ деп әр ісіңе конеміз біз.
Оз құлын өзі еңіретпес тура не деп,
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.

Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз,
Аласыз ешбір іске бастамаймыз.
"Әділ хан, бұйрығыңа бойсұндық" - деп,
Бұйрықсыз бір адыма да аттамаймыз.

Кеш, тәңірім, боласа созім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Сопшама кең рақметпен құр тастайтын,
Баласы алты алаштың - біз не қылдық?

Басқаға орын бердің жақсы жайдан -
Зенгір тау, түпсіз дария, терең сайдан.
Үмітсіз, тілегі жоқ, турағы жоқ,
Қуылған дәрғаннан¹ біз бе шайтан?

Бізге отсыз шол даланы орын қылдың,
Бақ-дәулет, өнер-білім қырын қылдың.
Кесір деп кек алатын огеіі балаң
Біз бе едік, көп тобетке жырым қылдың!

Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар..
Не елші, не жол сілтер кітабың жоқ,
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?

¹ Дәрған - періштелердің мекен-жайы.

Бақытсыз қаңғып жүрген қазақ сорлы,
Әркімге күні кетіп мазақ сорды.
Бір елші жібермедің, сапта алмадың,
Жалаңаш түйе баққан араб құрлы.

Кеш, тәңірім сорлы құла қаһар етпе,
Рақым қыл, біз сорлыны шетке теше.
Сөз шықпы жап анумен, әділ тәңірім,
Тиген соң ашы таяқ тұшы етке!

ТІЛЕГІМ

Кормейін рақат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін,
Жанеын денем, күш бітсін,
Күнгі жалын ішке өтсін,
Ащы, ыстық жас төгейін.

Кормейін ерік, тұтқын боп,
Абақтыда жұтып от,
Отсін өмірім зарменеп,
Берік боп жау қамаған,
Сарғаяын санадан,
Корісе алмай жарменеп.

Иште толған қалың дерт,
Жүректегі жалынды орг,
Зарлатар мені сол уақыт,
Елестеген ерікті,
Үшқыр жаңға серікті,
Жырлармын мен жап ағып.

Корген сайын көп қысым,
Зарлы, ащы дауысым
Шырқырар Сарыарқада,
Өзегіне өтпей ме,
Зарлы жырым жетпей ме
Қарағыма - қалқама!

Кормейін рақат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін,
Жырыммен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртымды оятам,
Несіне жас төгейін?!

ЖҮМБАҚ

Сап-сары бел,
Еседі жел,
 Еседі,
Еседі жел,
Кошелі ел,
 Кошеді.

Дала бұйық,
Бала тұйық -
 Екі үнсіз.

Дала- жұмбақ,
Бала - жұмбақ
 Шешусіз.
Сап-сары жел,
Еседі жел,
 Жел есті.

Дала - жұмбақ,
Бала - жұмбақ,
 Кім шешті?

АЙДА АТЫҢДЫ. СӨРСЕМБАЙ

Айда атыңды, Сөрсембай,
Агарып алтын таң атпай
Шығайық қырга, далаға.
Шу-шу-шу...
Әттең ғана бұл оқу!
Келмес едім қалаға.
Қарашы кейін бұрылып:
Таудай болып созылып
Қала - бір жатқан дәу пері.
Айналасы - тұман, түн.
Дем алысы - от, түтін.
Жарқ-жүрк етер көздері.
Сөзі у-шу, ың да-жың.
Сасық нiс ауыр тым.
Түншықтым ғой, құдай-ай!
Кейін қарап не теміз?
Ауылға қашпа жетеміз?
Айдашы атты, Сөрсембай.
Әпелдері ұятсыз,
Күнде сүйгіш, тұрақсыз.
Қылмыңдасар, керілер.
Жүздерінің қапы жоқ,
Көздерінің жапы жоқ,
Еркектері - "перілер".
Оларда отты жүрек жоқ,
Тамақтап басқа тілек жоқ,
Қорсылдаған "доңыздар" -
Түн баласы перілер,
Жұмақтап артық көрінер -
Оларға сасық үңгір тар.

Кокті кормес кор олар,
Қарашы, қанша жұлдыз бар?
Күліп қана жүзеді аяй.
Қалаға келіп қаңғырдым,
Сар даламды сағындым.
Айда атыңды, Сәрсембай!
Әлде үйің келе ме?
Сәрсембай-ау, сен неге
Шырқап бір әп салмайсың?
Жетесің туған жеріңе,
Еркелеткен еліңе,
Жүрегім, неге жалбайсың?
Сарыарқамның топырағы -
Менің жаным шарағы,
Кеудемді тосса жатамын.
Оның жібек желінің,
Тәтті, кәусар қолінің
Қазір дәмін татамын.
Қайырылып кейін қарамап,
Шықтық па ұзап қаладап,
Айтшы, жапым, ағатай?
Кейін қарап нетеміз?
Ауылға қашап жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай!

БЕСІК ЖЫРЫ

Күнім, айым,

Еркетайым,

Болейін енді.

Тыста дауыл,

Жатқан ауыл,

Үйің да келді.

Жұмсақ бесік,

Жылы тосек,

Жата ғой, қозым,

Әлди, бопем,

Әлди, бопем,

Үйықта, жұм көзің.

Құлыншақтар,

Қозы, лақтар -

Бөрі-ақ үйықта.

Сен - жұлдызым,

Сен - көз нұрым,

Кір тәтті үйықта.

Сая жаным,

Балапаным,

Соқсын дауыл, жел,

Болма алаң,

Сүйген анаң

Сақтар, анық біл.

Беу-беу, бопем,

Беу-беу, бопем,

Әлди, әлди-ай!

Сәулем, еркем,
Күні ертең
Толарсың сен-айі.

Пісіп алмам,
Толып балған,
Жүгіріп жүресің.
Сұлу сүйірік
Жорға жүірік,
Тайға мінерсің.

Қара жарғак,
Түлкі тымақ
Шоктап кнерсің.
Қуанып, қалқам,
Ерке марқам,
Қысып сүйермін.

Мініп тұлар,
Алып сұңқар,
Тауга кетерсің.
Сен боп сөзім,
Жасты көзім,
Сағынып күтермін.

Қызық іздеп
Қыздар көздеп,
Елдер кезерсің.
Тарлан шүйіп,
Сұлу сүйіп,
Үйден безерсің.

Қуып бақыт,
Тілеп тақыт,
Жолдар шегерсің.
Жүрек жара,
Мен - бейшара,
Жастар төгермін.

Қайнап қапың,
Батыр жапың
Ерікке ұмтылар.
Сен еріме,
Жас боріме
Қарсы кім тұрар?

Алмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсын.
Сен, сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың.

Туған жерден,
Өскен елден
Ерге не қымбат?
Жас жолбарыс,
Жаумен алыс,
Шаңға, қанға бат.

Айбатыңды,
Қайратыңды
Көріп қарт анаң

Тоғип жасып,
Жайып шашын,
Тілер: "Бол аман!"

Күтем, күйем,
Корсет, нем,
Сол алтын күнім.
Ұйкың тәтті,
Ұйкың қатты,
Қозым, құлыным.

Жаным да сен,
Тәнім де сен,
Қаранығым-ай!

Әлди, бопем,
Әлди, бопем,
Әлди, әлди, әлди-ай!

ҰЛАН

- Нені ойлайсың, құлыншағым?
Не мұның бар, айт, карағым!
Жассың, ойға әуес болма.
Ой жеткізбес, ол - бір сағым!
Ұлғаярсың, өзі-ақ басар.
Жастық - күліп-ойнар шағың.
Ішің пысса - малды арала.
Жүр гоі шауып құлыншағың!
- Жок, бармаймын, апа, малға,
Кетем алыс, шығам аңға!
- Шерің болса, домбыраңды ал
Домбыраңды ал, ән шырқап сал,
Даусыңды естіп, жас сұлуалар
Талып жүтсын тәтті улы бал.
Беттеріңнен кан тамып тұр,
Қызығалы бойыңа тал.
Неге ойлайсың, ерке марқам,
Бір кара коз болмай ма жар?
- Қарамаймын, апа, жарға,
Кетем алыс, шығам аңға!
- Сені тапқан мен анаң гоі,
Қарашығым, сен балам гоі!
Алыс жолға кетсең, қозым,
Күтіп, күйіп мен жанам гоі.
Қарт күіімде сенсің сәулем,
Сағынып сені сарғаям гоі.
Мені десең, еркетайым,
Кетпе алысқа, коіі, балам, коіі!
- Ренжіме, апа, күтпе, жанба.
Кетем алыс, шығам аңға!...

Кетті алысқа, шығып апқа!..
Жолаушылық - желге таң ба?
Малың, жарың, туысқаның
Байлау болмас жүйрік жанға!
Кетіп бара жатқанында,
Жау кез келді жалғыз жанға.
Найзаласты, қылышатасты, -
Ұлан олді батып қанға.
Ұлан олді батып қанға,
Тыныш тапты асау жан да.

ЖАУЫНГЕР ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда найза көк болат -
Ерлігіме айтағым.
Ел дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Халқымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым -
Көктегі көрі Күн күе
Ежелден жаудан таймадым.
Қорқыныш емес нажағай,
Нажағай - өзім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,
Өлімменен ойнадым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, майданда,
Басымда найзам - сайтағым.
Қайратты, қайтпас жан досым -
Ерлігіме айтағым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!

ОРАМАЛ

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?

Күз сарғайтты қайыңды,
Мен де бірге сарғайдым.
Қара бұлт жауып айымды,
Жылаймын, күіем, зарлаймын.

Толып қалды торт айға,
Күйікпенен күн отті.
Өкірген жүйірік отарба,
Жарымды жырақ әкетті.

Елін ойлап, қамығып,
Жүрегі толып дерт-шерге;
Жүр екен жаным жабығып
Осы күні қай жерде?

Жарк-жүрк сансыз козі бар,
Бейне бір жынның ұясы.
Ың-жың, у-шу сөзі бар,
Түсірмес жарық қиясы.

Жылы жүзді жапы жоқ,
Қалада жүдеп жүр ме екен?!
Жақыны жоқ, жары жоқ
Жалған оған қор ме екен!?

Салдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?

Жатқан шығар ор қазып,
Жаута ма, әлде өзіне.
Бұрыла алмай бөй жазып,
Қайғы шығып жүзіне.

Қасірет батты жапыма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?

Орала берме, жібегім,
Тезірек жүрші сен де, біз!
Елді ойлап, жарым, жүдедің,
Еңірейіміз елде біз.

Қайғыдан олсем арман жоқ,
Ақыреттік жолтасым.
Көзімде жас қалған жоқ,
Кестеге сінді бар жасым.

Орамалды алып сорлынан
Көзіңе жасыңды іріккенде,
Күрсініп ауыр, сәуле жан,
Көзіңді ақырын сұрткенде.

Жасаған не, тілегім:
Аралассың жасқа жас,

Орала берме, жібегім,
Сенсің - жаным ақ бәтес.

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?

БАТҚАН КҮН. АТҚАН ТАҢНЫҢ ЖЫРЫ

Алтын Күн батып барады,
Күйдіріп коктің жлегін.
Кұралай козді карағым,
Бодың ба ніріп жібегің?

Кұралай козді карағым,
Қолына қардай бөтесті ал.
Қандай қызыл жібекпен
Ақ бөтеске орнек сал.

Алтын Күн батып барады,
Алтын Күн ақырын оледі.
Сорлы бұлғтар - сорлы жар,
Қан жылап Күнді комеді.

Күн олі. Кок күңіренді.
Жер жамылды карасын.
Кұралай козді карағым,
Кестенді қашан боласың?

Судай сұлу соудетай.
Бір қарашы, апсадым.
Суда ойнаған шабақтай
Сүйрендейді саусағың.

Қабакка қатар тізілген
Кірпік пе? Қара жібек пе?
Бір қарашы, карағым,
У толды той жүрекке!

Жер жарынан айрылып,
Жамылды қара басына,
Бота көзді, бұраң бел,
Жіберші жақын қасыңа!

Қаранғылық қаптады,
Қайғы ма басқан, түн бе екен?
Сыбдыр-сыбдыр әлде не, -
Жел ме?
Жүрген жып ба екен?

Қабағың шытпа, қарағым,
Жаныңа жақын келейін.
Қар бетіне қанменен
Не деп жаздың, қорейін!

Тым жақындап бармаймын,
Жырақтан жарар көз салсам.
Не деп жаздың, қарағым?
"Ел үшін ол, ер болсаң!"

Құралай көзді қарағым,
Жарылады-ау жас жүрек!
Көзіме қан толтырды,
Қар үстінде қан жібек.

"Ел үшін ол, ел үшін..." -
Өмірді аяп не етейін!
Сүйіріктей сұлу саусағың,
Мен садаға кетейін!

Түнерген түн оледі,
Ағарған анау таңы ма?

Ақ бәтестің бетінде
Жүрегіннің қаны ма?

"Ел үшін ол, ел үшін..." -
Өлсең, жүрек, дүрсілде!
Құралай көзді қарағым,
Кестеге қарап күрсінбе!

Құралай көзді қарағым,
Аттанайын тапменен.
Ақ бәтес - ақ жалауым,
Кестеленген қанменен.

Қош бол енді, қарағым,
Мені есіңе алғайсың!
Енді бәтес бетіне:
"Иманды бол!" деп жазғайсың.

Алтын күн шығып келеді,
Алтындап көктің жиегін,
Құралай көзді қарағым,
Иіре бер жібергің!

СҮЙЕМІН

Күлдей күңгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар,
Көз дегенің - сұп-сұр қор.
Тасбық санап бүгіліп,
Жерге қарап үніліп,
Корше ауыр күрсінер,
Менің бір қарт анам бар,
Неге екенің білмеймін -
Сол анамды сүйемін.

Көзінде қызыл нұры жоқ,
Аузында жұмақ жыры жоқ,
Жалынсыз, усыз құшағы,
Иірілмейді жылаңдай,
Сөзі де жоқ құраңдай,
Білгені - қазан-ошағы,
Жабайы ғана жарым бар,
Неге екенің білмеймін -
Сол жарымды сүйемін!

Үйкі басқан қабағың,
Бастыра кінген тымағың,
Жалқаулықты жар көрген,
Жүрген ескі запымен,
Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген,
Алаш деген елім бар,
Неге екенің білмеймін -
Сол елімді сүйемін!

МЕН КІМ?

Арыстапмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбасырыспын, маған қарсы кім тұрар?
Кокте - бұлт, жерде - желмін гулеген,
Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар?

Кокте - Күнмін, көпке нұрым шаңамын,
Көңілге алсам, қазір гарышқа асамын,
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракок,
Ерігемін - толқып, шалқып, тасамын,

Жатынмын мен, келме жақын, жанарсың
Түтпармын мен, шапыма ермей қатарсың,
Күл болсын кок, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күлің қана қарармын.

Мен олмеймін, менікі де олмейді,
Надап адам өлім жоғын білмейді,
Өзім- патша, өзім - қазы, өзім - би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Мейірленсем - сегіз жұмақ қолымда,
Қаһарлансам - тамұқ даяр жолымда,
Жоқ жақыным, жасагандай жалғызбын!
Мен бе пілер өлсіз адам ұлына?!

Өзім - тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім - құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңге!

ҚАРАҢҒЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН

Қараңғы, дауылды түн сар далада
Патшалық құрған өлім айналда.
Шыраққа қолымдағы от тұтаттым,
Үмітпен бір азырақ деп: "Жана ма?"

Тұрса да қара бұлттар көкпен тоніп,
Сокса да жел долданып, оршеленіп,
Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ
Жылтырап жанған боп тұр, қалмай соңіп.

Бүйірыса, шырақ сонбес, ұзақ жапар,
Жарығы болмаса да жап таң қалар.
Сәулелі аспанда алтын, күміс нұрлы
Айбынды Күн мен Айға дәл парапар.

Менсіңбес жопшендіні көп маңғаздар,
Тең таппай кекеп, мұқар сансыз паңдар,
Қайырылып қарамасын, "қап!" демеймін.
Табылар шыраққа көз салар жандар.

КӨБЕЛЕК

Отқа ұшар қобелек,
Қарамай сорыл алды-артың.
Ойына кіріп-шықпайды,
Күйдірер деп от-жалың.

Шырк айпатын ентелеп
Жүрер де, бір уақ ол қонар,
Ұмтылған оты сорлыны
Күйдірер де, тез тынар.

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойдамай қанат қақпалық.
Анау жарық - алтын деп,
Көріңгенге шапшалық!

Желмен кетсек, қанатты
Кобелектей күйерміз,
Алам деп алтын барғанда,
Күлден кебін кнерміз!

ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МҮЙІЗІ

Болсаң да жалғыз жапанда
Сырыңа, күрбым, берік бол!
Күбірлесе-ақ ауызың
Әкетер қағып жүйрік жел.

Ертегі ерте күндерде
Ескендір атты хан болған.
Бесіктен көрге кіргенше
Корғені қызыл қап болған.

Заманыңда Ескендір
Жеті әлемді билеген.
Асқан алып, келті, -
Түссе де отқа күймеген.

Ескендірдей алыптар
Дүниеге енді туа ма?
Алып адам денесін
Сынап-мінеп бола ма?

Ескендірдің басында
Екі мүйіз болыпты.
Екі мүйізді екенін
Ол жасырын жүріпті.

Ескендірдің басында
Екі мүйіз - нысана!
Жабайы жұртқа көрсетсе,
Қаспегі қала ма?

Қос мүізің жасырып,
Ескендір ер жасынап
Атмайды екен еш уақыт
Дулығасын басынап.

Ескендірдің басынап
Талай заман көшіпті.
Арыстанның жалтындай
Жалтылдап шап осіпті.

Күндерде бір Ескендір
Шарап ішті балбырап,
Шашын біраз кесуге
Шаштаразды алдырап.

Келгеннен соң шаштараз,
Дулығасын алады.
Шаштараз көріп қос мүііз,
Қорқып-сасып қалады.

Айтады оған Ескендір:
"Қорықпа, құлым, бері кел!
Тұрам десең дүниеде
Аузыңа бірақ берік бол!"-

Шаштараз кетіп жайына
Күндер, айлар өтеді.
Шаштараздың жүрегін
Мынау сыр бірақ ортеді.

Аузы-басы жыбырлап,
Сөйлегісі келеді.

Сойдесе сорлы шаптараз
Сол сағатта-ақ оледі.

Енді сорлы не қылмақ?
Барады жанып, іш күйіп.
Бір құдықтың аузына
Жатты келіп еңкеіп.

Жап-жағына қарағып,
Күрсініп бір уі деп:
“Ескендірдің мүйізі!” -
Деді ақырып күбірлеп.

Жақын тұрған жас қамыс
Қоя қойып сыбырды.
Түре қойып құлағын
Тыңдай қалды күбірлі.

Мынау сырды білді де,
Қамыс томен иілді.
Басына түрлі ой келіп,
Түнжырады, күйінді.

Сол арада сайтаңдай
Елбелеңдеп жел келді.
Әрине, енді жас қамыс
Жаратнады келгенді.

Жаратнаса, желге не?
Ерегісті жылды жел.
Қамысты алды құшаққа,
Сына жаздан бұраң бел.

Қамыс басып шайқады,
Жел өндірді у жырын.
Жырлады, құшты, ұлады,
Біліп алды бар сырын.

Сырын біліп алды да,
Қоштасып сүйіп, сыбырлап:
"Ескендірдің мүйізі! -
Деп жөнелді жыбырлап.

Таң атқанша жүйрік жел
Жүгіруден талмады.
Есендірдің мүйізін
Білмеген жан қалмады.

Таң да атты, жүйрік жел
Баяулады, басылды,
Таң да атты, шаштараз
Дар ағашқа асылды!..

Есің болса, жолдасым,
Бола қорме шаштараз.
Асылмасаң да ағшақа,
Болуы анық дос араз!

ОТКЕН - АЯУЛЫ

Откенді мақтар әр адам,
Білмеймін, откен алтын ба?
Болмаса, мақтау откенді
Адамзаттың салты ма?

Қариялар отырып,
Баяғыны мақтайды.
Желкідеген жас заман
Оларға тигі-ақ жақпайды.

Заң да болған соларда,
Тура, әділ, жақсы да,
Аснанан пері түсірген
Ғайыпты болжар бақсы да.

"Откен артық" дер адам,
Шеше де олген баласын
Аузынан, сойлеп, тастамас, -
Көз ішінде қарасың.

Қылықты да, тәтті де,
Ақылды да ол бала
Екі жасар күнінде
Пәлен деген - ол дана.

Жалғаны жоқ, адамнан
Жаңаны мақтар санаулы.
Не дұрыс шығар, не теріс,
Әйтеуір откен - аяулы.

ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН

Апалап ояңбастан жылаған күн,
Жүрем деп қаз-қаз тұрып, құлаған күн,
Еркелеп, күр былдырлап, өтірік жылап,
Алдына апам байғұстың сұлған күн.

"Апа", "мама" деген сөзге тіл келген күн,
Ауызға тозаң, топырақ, күл келген күн,
Сенделіп мас кісідей, ығрақ-қықаң
Аттан аяқ басуға әл келген күн.

Біреу ұрысса қамығып, жас келген күн,
Ойға жалғыз емшек пен ас келген күн,
"Болар енді, тойдым!" - деп ас қайтармай,
Бере берсе ретпен дес берген күн.

Аяқ басып қотанда жүгірген күн,
Шешенің емінегінен түңілген күн,
Тыныр-тыныр, әрі-бері жарысқан боп,
"Кім-өзді?" - деп атаға жүгірген күн.

Тайі мініп, желі айнала жарысқан күн,
Теп-күрбы балалармен алысқан күн,
Қит етсе: "Әке, апа, тиелді!" - деп,
Жұдырықты кезек-кезек салысқан күн.

Батпаққа қоға тартып, аунаған күн,
Қоңілді ылғи ойынмен аулаған күн,
Ренжу, қабак шыту, мұңаю жоқ,
Жаңбыры қайғы, зардың жаумаған күн!..

Қымбат күн, қолға түспес, сен алтын күн!
Беретін іздеп тауып жоқты бір күн!
Жарқ еттің, көз ашқанша ғайып болдың.
Ашылмас қара тұман қаптады түн!..

ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН!

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен,
Таудай толқып құғырып,
Ұлы көбік шашса екен!

Басса екен топан жер жүзін!
Жапса екен көбік күн көзін!
Жанды - жансыз жоқ болып,
Қалсам жалғыз бір өзім!

Жан иесі түншықса,
Үн иесі үншықса!
Қараңғы жердің көгіне
Күн болып сонда мен шықсам!

Қандай ойын салар ем!
Жалынмен бәрің жатар ем!
Шетсіз-шексіз дүниеде
Жалғыз өзім қалар ем!

Заулаған от - жалғыз жан,
Жер мінезді жоқ адам...
Заулап тұрған отымнан
Жаратар ем жаңа адам...

ҚҰРБЫМ

Бұл жалған ойын емес, бейнет жері,
Қылғанға адал еңбек зейнет жері.
Жалғанның бір мүшесі бола алмассың,
Қиналып маңдайыңның ақпай тері.

Қорықпа, сөкса дауыл, ескегіңді ес,
Деп жатпа: "Алма піс те, ауыма түс!"
Бейнет, еңбек қылмасаң босқа олгенің,
Құрғақта қайық жүрмес, үмітің кес!

БОСТАНДЫҚ ¹

Жер жүзін қап басқанда,
Көбігі шығып аспанға,
Жып жолдас боп атамға,
Туралық, теңдік ұмытылып,
Ішкіл, Құран жыртылып,
Жатқанда жерде - табанда.
Қызыл қанға мас болып,
Жүрегі кара тас болып,
Аңрылып естен аламзат:
Ұмытын мейірімді несін,
Сойын сауып түіесін,
Төгірісі боп лат, манат²,
Жүргізіп ібіліс өмірін,
Жауыздық жайып тамырын,
Оршпн өтірік, дұшпанлық...
... Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды,
Келді ұшып бостандық,
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Көусар жібек сөзі бар,
Өлемі, алмас ақ қанат,
Жануарлар жердегі
Ынтасы - жақын қорметі,
Таңырқанды аңғалап,
Аппақ нұрға оранып,
Ақырын ғана дем алып,
Құрметпенен тұрысты:

¹ 1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылған. (М. Жұмабаевтың ескертпесі)

² Лат, манат - шетел ақшалары. (Құрастырушы).

Сөзге көрмей, шеккең зар
Аш-жалаңан сорлылар
 Қуанысты, күлесті.
Тез жалыңдан суынған,
Жұмақтан да қуылған,
 Адамзат бір әуреле.
Есін жиып күйлетіп,
Әбден бойы үйретіп
 Алаңнан соң сәулеге;
Баяғысын бастады,
Үжданды былай тастады.
 Бостандықта жоқ жұмыс -
Зар еңгереді талай жан,
Сел боп ақты қызыл қан,
 Отірік, талау, өлтіріс.
Шірік жүрек сасықтар
Арамдыққа асықтар
 Жетілді, жетті мұратқа.
Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар
 Көктем келген қонаққа
Тілін, қолын тигізді,
"Сасық сайтан" дегізді.
 Жауыздық тағы орледі.
Ізгі елшісі жұмақтың,
Қасиетті қонақтың
 Ақ қанаты кірледі.
Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
 Тілегің болды - қуан, күл.
Бостандық - ізгі періште
Кетпекке ұшып гарышка
 Ақ қанатын қолдан түр.

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ

“Терезеге қараймын.
Қарыдашты жалаймын.
Келтірем деп өлшеуге
Создерді іштен санаймын.
Басқаға мойын бұрмаймын.
Бітірмей жазып, тұрмаймын.
Не керек, жұрт сезбейті,
Ақырын Феттен үрлаймын.”

БІР БИГЕ

Ә. биіміз, биіміз,
Түрленіп қапты үйіңіз,
Көріп тұрмын көзіммен.
Тым-ақ тәуір күйіңіз,
Байқаймын, мол гөй тегінде
Алатып елден сыйыңыз.
"Сен" деп сізге не дейін,
Тамұқта мәңгі күйіңіз!

КОК ТЕКЕ

Айыр сақал кок теке
Деді де бір: "Меке-ке!" -
Шықты секіріп қораға.
Жүрді басын алпаңдап,
Қарнын керіп талтаңдап,
Қаза айдаса, бола ма?

Керді теке көкірек, -
Көрінді оған жақын кок,
Сүзейін деп ойлады.
"Меке-ке! - деп көкірді,
Тұқырып басын секірді,
Қора ішіне құлады.

Қорада айғыр түр еді,
Мінілмеген құр еді,
Жаңа ұсталған үйірден.
Текені көріп дүре еткен,
Бірдеңесі быре еткен,
Тепті келіп бүйірден.

Қайтсын жануар күтіген соң,
Тастай түяк тиген соң,
Кок теке мал бола ма?
Айыр сақал кок теке,
Деді де бір: "Меке-ке!" -
Қалды сұлап қорала.

ТОБЕТ

Жарыктык Сәрсен ақсақал,
Жуан қарып тап-тапал
Асырады бір тобет.
Тырбынған түріп көрсе де,
Шамасы кемін білсе де,
Ойы болды: "Кім білед!.."

Қушық шеке, қайық бел,
Жуан қарып сырып жер,
Тып-тып тобет жүреді.
"Қаршы толған өнер!" - деп,
"Қолынан бір не келер!" - деп,
Мұртынан Сәрсен күледі.

Көрінгенге жалшылдап,
Дамыл алмай тарқылдап,
Үргенін көріп қуанды.
"Бар, - деп, - мықты тобетім,
Кім бар маған келетін!" -
Білекті Сәрсен сыбанды.

Жүргенде Сәрсен қуанып,
Уақыт күзге таянып,
Қараңғы бір түн болды.
Тобетке Сәрсен ас берді,
Үйін-күйін тапсырды,
Тобетке бір сын болды.

Сабалақ жүгі жалшылдап,
Бет алдына барқылдап,
Үріп тобет жүр еді.

Күн де еркін батпай-ақ,
Сәрсекем де жатпай-ақ,
Котанға күйін келеді.

Көріп келген күйінды,
Тас түйін боп жиынды,
Дүркіреп қойлар үркеді.
Үріккен қойда жұмыс жоқ,
Тобетте дән дыбыс жоқ,
Тапты тапал күркені

Үріккен қойды дүркіреп
Көріп Сәрсен күркілдеп,
Котанға қарай жүгірді.
Қараса қайтып күркені,
Бұғып жатыр шіркіні,
Тобетінен түңілді.

Жабыны тұлпар қылам деп,
Қарғаны сұңқар қылам деп,
Талайдың ісі шала ғой.
Не дейін есід сақалға,
Жуан қарып тапалға
Сенген Сәрсен - бала ғой!

ОЛЕҢНИҢ ҮЙҚАСЫ

Талапсыз сорлы - "ойлаған",
Ойға терең - "бойлаған",
Есалап, уға - "тоймаған",
Қажын бір ойын - "қоймаған",
Есер жүрек - "ойнаған",
Өлгенше үміт - "жоймаған",
Жындыдай жалғыз - "тойлаған",
Жалықтырды - "ой" да "ған"...
Құрысын олең!
Қой бағам!

ДОСТЫҚ ҺӘМ КОЗ ЖАСЫ

Достықты мастық тугызад,
Шың-шың достар - екі мас.
Жүректі мастық ортейді,
Токкізіп козден ыстық жас.

Достықты ауру тугызад,
Ауру адам - адал дос.
Ауру коз жас токкізед,
Ауырсаң ғана жүрек бос.

Айық адам - аң адам,
Дені сау адам - бейне тас.
Достықа баға бере алмас,
Токпес ол козден ыстық жас.

"Шың дос бөй ыстық жас токсін" -
Десең, досқа арақ бер,
Не болмаса, төңіріден
Ауру бер деп тілейі қор!

БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ - МЕНІКІ

Басы - сайран, сұм жалғанның соңы - ойран,
Адам өмірі - тағдыр ойыны. Біл де ойлан!
Есіл жастық ескен желдей гуілдеп,
Өлі-ақ кетер жүректен - от, күш - бойдан.

Көздің нұры кеміп, жақтар суалар,
Сүмбіл қара шаш селдіреп қуарар.
Ет таралып, сүйек қалып саудырап,
Тамырларда сасық сары су ағар.

Сұм тағдырдың емес пе бұл мазағы,
Аз өмірде естен кетпес азабы.
Жаты түгіл, жақынына жексұрып
Болып, өзі тілесін деп қазаны!

Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын.
Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.
Жансыз суық көзін қадап қу өлім,
"Тез" деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Не қылса да, ол өлімнің өз еркі,
Жындандырад мені сұлу нұр көркі.
Құшам, ішем, жынданамын, жылдаймын,
Бүгінгі күн өмір, өлім - менікі!

СЫРЫМ

Мен қуансам, жас баладай қуанам,
Көрген адам талай деген: "Есалаң!"
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,
Жас баламын - тағы да тез жұбанам.

Күлсем егер, есім шығып күлемін,
Жылағанда, қап-қара қап төгемін.
Қасым болса, қанып ішкім келеді,
Досым болса жолында оның өлемін.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан-денесін бірдей атам, улаймын,
Қысып сүйем, құшағымда олгенше.

Ол күледі, мен де есалаң күлемін,
Ол жылайды, мен де жасым төгемін.
Құшағымда жан-тәнінен айрылып,
Өледі әйел, мен де бірге өлемін.

Тағы көрем, тағы күлем, тірілем.
Есім шығып тағы тұзаққа ілінем.
Өмір - дала, тапыл басқан мен бата,
Тапыл-тапыл, дамыл-дамыл сүрінем.

Өмір - озен, үміт - шабақ ойнаған,
Жел сөзбенен шабақ аулауға ойлаған.
Мен - есалаң, мен - нәресте, үміт - от,
Жүз күйсе де, қармауын қоймаған.

"Өзім - тәңірі, өзімі-өзім табынам" -
Деп көпірін, зор тәңірге шабынам.
Егерде енді аурыңқырап кетсе бас,
Сол тәңіріге жасым тоғип жалынам.

Міне, оқушым, осы менің бар сырым.
Бояу деген ойымда жоқ, жоқ сырым.
Сен де дейсің?..

Құдағындай есектің
Еріңіңе күлкі келді-ау, жарқыным!

СҮЙ, ЖАН СӨҮЛЕМ

Сүй, жан сөүлем, тагы да сүй, тагы да!
Жылы, тәтті у таралды қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутың бермеімін
Пағша тагы, бүкіл дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай беліңнен,
Сүйгіз, сөүлем, тәті балдай тіліңнен.
Бой шымырлап, талқысы жүрегім,
Балқып денем, барам еріп деміңнен.

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,
Таркат шапың, жатып жібек оралып,
Жаным! Жапым! Тезірек пісіп тоске тос,
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып.

Шапың - қара, денең - ақ бұлт, жүзің - Ай,
Тісің - меруерт, көзің, сөүлем, құралай.
Ләззат, рақат, бақыт - бәрі қойыныңда,
Сұрамаймын енді ұжмақ - жақсы жай!

Сүй, жан сөүлем, тагы да сүй, тагы да!
Жылы, тәтті у таралды қаныма.
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілейімін:
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!

ТОҒІЛГЕН ШАШЫ

Тоғілген шашы,
Қиылған қасы,
 Керілген маңдай да,
Тістері меруерт,
Бейше қар - мамық ет,
 Кез келсең мұндайға,
Жалындап күйіп,
Бір гапа сүйіп,
 Өлсең де болмай ма?

КҮМІС НҮРЛЫ АЙ

Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар - алмас,
жібек жел.

Сыбырласып жас қайыңдар бұраң бел...
"Қан қайнады. Жас жүрегім ойпады.
Бір сүйейің! Жакында, жаным, бері кел!"

"Сен сүйерсін, мен күйермін, жапармын,
Құшақтарсың - мен есімен тапармын.
Өлеңдетіп, жүйрік мініп кетерсін,
Жүрегімде от, жылай-жылай қалармын!"

"Сүйші, сүй!" - деп сыбырлап тұр жас терек,
"Құшақта!" - деп асығып тұр жас жүрек.
"Үйқы қормей, жүйірігімді жаратып,
Келіп тұрмын енді, сөулем, не керек?"

"Түсу қиып ұшар құстың ізіне,
Сене алмаймын жас теректің сөзіне,
Бірақ, сөулем, ерігендей боламын,
Бойым балқып, көзім түссе көзіңе!"

Ыстық құшақ, отты сүйіс, балды тіл...
Бірдене деп күбірлейді жібек жел.
Бұл - жастық қой, жасыра гор, жібегім,
Айтып қойсаң, амал қанша... оңи біл!"

ШОЛПЫ

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиелі,
Құшара талқан боп сыңғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргелеп жүреді
Сұлу қыз сапалап солғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Жүректі жаңдырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сөздем, перінтем, тез кір!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Есіммен аударды құрғыр.
Лебізіңнен ерін барамын,
Жаным-ай, жақында, қол бер!

Сылдыр сылдыр, сылдыр...
Талдым, қалды сүздер,
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

СЕН СҮЛҮ

Білем анық: жапға жайлы Май сұлу,
Жарқ-жүрк еткен майда нажағай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескеп жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түеті гүл сұлу,
Әдемі аспан - тобедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күтін сылдыр қаққан су сұлу,
Колге қонып қапқылдаған қу сұлу,
Бейне айнадай жарқырыған айдынан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте откір алтын Күн сұлу,
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу,
Толын жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сөздем, сен сұлу!

БИРАЗ ФЕТШЕ

Жібек түн -
Бәрі тын.
Сайраган.
Жайнаган.
Екі жас -
Екі мас:
Жүрек мас,
Көзде жас!
Сүттей Ай.
Терен сай:
Бүлбүл.
Гүл-гүл.
Екі жап
Ыстык кан.
Жап ессіз,
От сүйіс.
Орман
Тылган.
Белдер -
Гүлдер.
Күбір,
Сыбыр,
Тұман -
Таң, таң!

N-FA

N- жан, көрмегелі көп ай болды.
Сағымды, жүрегіме қасірет толды.
Ең соңғы көрісуім бақшада еді,
Қыс болды, бақша да өлді, гүлдер солды.

Жеті айда жоғалса да талай іздер,
Есімнен неге шықсын соңғы сөздер!
Күндіз-түн жатсам-тұрсам көз алдымда
Улаған жүрегімді қара көздер.

Дарияға дауыл қуып кірген кеме -
Еркі жоқ, толқын айдап жүрген кеме.
Жайнаған жемісі көп бір аралға
Кез келсе, тастап оны кетсін неге?!

Табылған, арал тастап, не керекі,
Кеткенде толқын оған, не береді?
Дауыл мен толқын сыры белгілі ғой,
Дария да домалатып тоңкереді.

Жап едім терең теңізге ерте кірген,
Өмірде тұшы-ащыны ерте білген.
Алысып долы дауыл толқынменен,
Теңізде талай аунап тоңкерілген.

Аз жаста көп сүйіп ем, сүйіліп ем.
Көп ұлап, көп ұланып, күйініп ем.
Желдей жылды жүректің екпінінен
Майысып, сына жаздап, піліп ем.

Өмірдің толқындары ұрған кезде,
Иманнан айрылғалы тұрған кезде,
Жасаған Жәбірәйілін жіберді ғой,
Жолықтым сен сөзге - нәркес көзге.

Перінтем ақ қапаты N-жапым,
Жаныма жарық берген алтын таңым,
Тілекке қасиетті бірге ұмтылар,
Жолдасым - сен - құраным, сен - иманым.

Дарига, көрмегелі айлар өтті,
Сұм тағдыр ойға-қырға тентіретті,
Көре алмай көптен бері, сөздем, сені,
Қасірет жүректі жең, жанға жетті.

Сұм тағдыр жапан түзге шығарды айлап,
Дауылы ұлып тұрған, бораны ойлап,
Жанамын, күңіренемін, жұбанамын,
Сенімен бірге жүрген күндерді ойлап.

Омбының у-шуы мол қатасы еді,
Салқындау апрель - май арасы еді,
Көшеге қол ұстасып шықанымыз
Алтын Күн батуымен талас еді.

Асығып, жүрек ойнап, сыбырластық,
Қые бойы хаттардағы сөздерді аштық,
Жүгірді қолдан-қолға жасырып күні,
Тайыпбай махаббатқа қадам бастық.

Отес де жеті ай тұрсың, дәл ай он бес,
Есімнен бір минут та шықпас-ау ең.

Түкпірде, кең бір аулақ кабинетте
Ішінде "Алтын мүйіз"¹ откізген кеш.

Ал, қалам, сол кешті жаз, бірақ қызба,
Қызсаң қыз, орны келсе, әдеп бұзба.
Ішінде "Алтын мүйіз" отырғанда,
N-жан, кім бар еді жанымызда?

Есімде... бір қызы бар ел ойлар басқан,
Бетінің солған гүлдей қаны қашқан,
Козқарас, күлісіңде, сөздерінде
Қайғыға қайнар ашу араласқан.

Себеп не сонша түсі қашқанына?
Кім білсін, тәптірі бағып ашпады ма?
"Сүйем!" - деп әлдебіреу сүйіп жүрін,
Жалт беріп бейшараны тастады ма?!

Жалындап сүйгеніңе су бере алмай,
Тайыпбай дұшпанына у бере алмай,
Жолдасы жауга шабам деп келгенде,
Қолына қанды найза, ту бере алмай.

Мінезі дәл осындай болса әгар,
(От пен су бұл жалғанда бола ма жар?)
Бір жігіт сүйіп жүрін сүймей кетсе,
N-жан, сол жігітте на айып бар?

Не десең де бұл істер саған дайын,
Несіне енді оған мен аялдайын...
Көзінен ұшқын шыққан анау қыз кім?
Белгілі: жан емес қой қаранайым!

¹ Омбыдағы ресторанның аты ("Золотой рог").

Иірілген бүйра толқын шашы қандай,
Иығына екі жылан асылғандай.
Түңғық кара судай кара коздер
Қандай сыр болса-дағы жасырғандай.

Кара сұр, сырға берік беті қандай,
Мінезі майда жібек, сөзі балдай.
Бал заты - у, жібек асты - тікенек пе?
Не керек, аламызты біледі алдай!

Белгілі: болған шығар талайлар жар,
Халық тегіс жалған айтса, тәңірісі бар.
Жардың көп болуының таңы да жоқ,
Интернациональный жүрегі бар.

Қытайдан Қарпатқа да жеткен жүрек,
Қарпат асын Атласқа кеткен жүрек.
Қазақ, сарт, татар, черкес, орыс, неміс,
Француз, чех... бәрін өзі откен жүрек.

Досы боп жігіттері жарты Айдың,
Әнші, акын, мүшелері құрылтайдың.
Бәрі рас, бірақ "түрк палуаны -
Соловьев!" деген сөзге нана алмаймын.

Соловьев - шикі надан, өгіз гой нас,
Қалайша оны сүйер осындай жас?!
"Жаншылың!" деген сөздің өйтеуірі
Он үште астың сызып қоюы рас.

¹ "Салмағыннан жаншылып, қалсын құмар бір қапып".
(М. Жұмабаевтың ескертуі)

Айтпақшы, жанымызда бар ғой "граф",
Отыр ғой қара мұртын сылап, бұрап.
Сұлудың біз білмеген сыры болса,
Алайық бір азырақ содан сұрап.

Жүруші ед қол ұстасып күн батқанша,
Көшесін күзететін таң атқанша.
Сүйгенін қанша сойлеп ұқтыра алмай,
Мұртына күректей боп мұз қатқанша.

"Графтан" адал көңіл адам сирек,
Айтама сұлуга ол сөзді түйреп?!
Күрсініп, көзің сүзіп жүрген кезде,
Қалатын бір "сары маса" қойса керек.

Белгілі "графқа" емес, жас сұлуга,
Ежелден біреу буга, біреу шуга.
Шет халық өлі жала қып жүрмесін,
Бұл "граф" өзіміздің анық тума.

Білеміз ру, тұқым, ата затын,
Өзі таныс, қонысы тағы жақып.
Елден шығып Омыбыға келгеннен-ақ,
Құмар болды котеруге "граф" атын.

Сойлетіп қоя берсең, сөзге тақ-тақ,
Күлкісі күміс сылдыр, емес сақ-сақ.
"Философ", "экономист", "артист", "поэт" -
Қайдағы әдемі сөзді алған жаттап.

Жыныда иіледі, бүгіледі,
Балаларды ойынкұмар күлдіреді.

Шоп басы қимылдаса: "Пардон, мамзель!"
Тағы да "Аля" деген сөз біледі.

"Графтың" сол сұлуды сүйі рас,
Күрсініп бір қыс бойы күйі рас.
Масаның қалатанда қатты ызыңы,
"Графтың" құлағына тиюі рас.

Бұл емес, талай ызың бұдан былай
"Графтың" құлағына тиген талай.
Сырт тұрсын, көз алдында қолбеңдейді,
Себебі "графты" разы қылу оңай:

Сүм сұлу сағынғандай қолын берер,
Қолымен бір сиырдың тілін берер.
Бұл тілді сүйе ме екен, я жей ме екен,
Оншасын "мсье", "граф" өзі білер.

Айналсын қолға, тілге, яки басқа,
Қалай да "графтардың" жоңі басқа...
Бүгіліп, үнілгендей не болды екен,
Дембелше жігітіміз бүйра шашқа?

Талай ел қонып, жайлап кошкен жерден,
Еркімен ерке желдер ескен жерден
Не іздеп мұнша жабысып қалды екен,
Корісіп, есенсіз бе дескен жерден?

Иліп сыбырайды құлағына,
Қарайды көзін алмай тура ғана.
Мінезін, өткен өмірін біліп алып,
Қылмақ па героння драмаға?

Дарига, драмалар, драмалар!
Толып тұр драмаға абдыралар.
Өткізген үйқы көрмей есіл түндер
Құрысын! Тірі жан жоқ оқуға алар!

Тағы да есебі жоқ комедия,
Жетті екен бәріне қалай қара сия?!
Дүниеде драматург ат бермесең,
Қыла гор ақиратте жүзін зия.

Жасаған, дұғам осы жолдас үшін,
Жолдасым қараса да жарып ішім...
Есіме жолдастарды аламын деп,
Ұмытып кете жаздадым "Мүйіз" ішін.

Болған соң сол төртеумен жақын жолдас,
Деп ойлап, есіме алдым, ашуланбас.
Құрбының құрбы әзілін көтермек қой,
Ашуланса, бастары да аман болмас...

.....
Отырдық жақын, қатар тізе ттіп,
Денеге у жайылып, қызып, күйіп.
Жұрт көзі екеуімізден ауған кезде,
Қойып ем бауырыма қысып-сүйіп.

Қашанда махабатты көз бастайды,
Білдірмей, ыстық қысып, қол қостайды.
Жалындап асығыстықпен сүйіскенге,
Көз-қолың - біреуі де үйқаспайды.

Ойнайды алсұрып қаның қандай,
Жүрегін сол минутта жарылғандай!

Көзінде от аралас жас молдіреп,
Сенделіп тұрғандайсың халің қалмай.

Миыңа ешбір ботен ой кірмейді,
Көзіңе ешбір нәрсе көрінбейді.
Ақ беті бір ағарып, бір қызарып,
Жас жарың жас кнiктей дірілдейді.

Сол кеште, әлі есімде, N-жаным,
Аузыңнан дәл осындай бал алғаным.
Кім бірақ тойр көусәр шарабына,
Мен-дағы сол балыңа қана алмадым...

.....
.....
.....

ЕС КІРГЕН СОҢ

Бұртан-бұртан, жыртан-жыртан
Ой, сезім жоқ көк есек.
Бұқа мойын, тұтам бойын
Кормеген мен - кобелек.

Шіркін жастық, ессіз мастық,
Не айла бар, бетім-ау:
Жансыз жанды, сол соққанды,
Соны да сүйдім дедім-ау!

СҮЙГЕНІМ АНЫҚ

Кордім де келдім,
Қолымды бердім:
"Сүйіем сені, сұлу қыз.
Жүрегім жанып,
Сүюім анық,
Қуә болсын көп жұлдыз!" -

Дедім де, тіліен,
Қушақтап белден,
Қысып сүйе бастадым.
Жақындай бердің,
Қойныма кірдің,
"Кет!" - демедің, қашпадың.

"Сүйіем!" боп сөзің,
Молдіреп көзің,
Тақадың сен бетке бет:
Айрылдың естен,
Күндізгі күштен,
Тиіп ыстық етке ет...

Үшуга іңкөр
Тұра ма тұлпар,
Бір жерде ылғи шаң жұтып?!
Жел едім, ұштым,
Талайды күштым,
Кетіпшің сені ұмытып.

Бүгін сен көріп,
Қолыңды беріп,
Қайғыменен қарайсың:

"Сенлім мен жазган,
Сүйгенің жалған.
Алдадың!" - деп жылайсың.
Алдағаным жок,
Арбағаным жок.
Сен сөзіме, сұлу қыз!
Тап сол сағат
Сүйгенім хақ.
Қуә мынау көп жұлдыз!

ЖАС СҮЛУҒА

Мен ақынмын - ағынмын,
Сылдыраймын, сүйемін.
Мен ақынмын - жалынмын,
Шапшып көкке тиемін.

Қарақат көзін мөлдіреп,
Көп қарама, жас сұлу.
Сылдырап сынап, сүйген боп,
Алып кетер ағын су.

Алма ернің елбіреп,
"Сүйші, сүй" деп жалынба!
Отты ойыншы, дос біліп,
Жақындама жалынға!

Мен ақынмын - жел жүірік,
Гүлдеймін, ұшамын.
Мен - ойыншы қобелек,
Көрінген гүлді құшамын.

Бүлдірген бетің сұрланып,
Желге, сенбе, жас бала!
Сыбырлар, кетер ұрланып,
Шын жары оның - сар дала.

Қобелекке "кел!" - деме,
(Елжіреу сонша не керек?).
Кетер ұшып оңгеге,
Балыңшап татса қобелек.

Мен акымын, жырлаймын,
Жүрекке жүйрік жел кірсе.
Мен акымын, жылаймын,
Жүрекке ауыр шер кірсе.

Жас періштем, сұлу қыз,
Сүймеші, сүйме, сұраймын!
Мен акымын тұрлаусыз,
Жырлаймын да, жылаймын!

Г... ГЕ

Күніңмен алтып қуантпай,
Гүліңмен жібек жұбатпай
Жетің де тез оттің, жаз.
Ағаш, шоптер қуарған,
Айдың да құрып суалған.
Қапқылдар қайда қоныр қаз?

Оң мен түстей перизат,
Көріңдің де, болдың жат,
Жапдырдың, міне, жанымды.
Қараған көкпен хор едің,
Көбірек көрсем деп едім,
Көк есігі жабылды...

КӨҢІЛДІ АШАР

Көңілді ашар,
Жалынды басар,
Жок жапыңда жолдасың.

Отырсаң аулақ,
Дерт басса қаулап,
Жұбатар қиял-мұңдасың.

Бейне хор жүзі,
Бейне бал сөзі,
Жан жарыңмен тұрасың.

Қушақтап белден,
Жалыңдап тілден
Сүйіскендейі боласың.

СӘУЛЕ

Көрісе алмай зарыгып,
Сарғайысқан екі жас.
Әлдеқалай кездесіп,
Көріседі - қоңл мас.

Молдіресіп көздері
Бір-біріне қарайды.
Қысқа болты сөздері -
Жылы у бойға тарайды.

Ауызға ауыз тиісті -
Денелері балқыды.
Тілден тәтті сүйісті -
Жүрек жапды, шалқыды.

Ыстық лебіз, сүйгенде,
Өртегендей жүздерін,
Енді дене күйгенде -
Ашты екеуі көздерін.

Оянғанда адам жоқ,
Түс алдайтып жау ма екен!
Бір-бірін түсте сүйсіп деп,
Ойнап сүйген сәуле екен.

Есінен, бір керіліп,
Қайта тағы жұмып қоз:
"Үйқымды сәуле бұзды" деп,
Жатты жамылып сұлу қыз.

Абактыда оянып,
Жігіт "Үһ" - деп дем алды.
Корген түске жұбанып,
Сәулеге алтын қуанды.

ЖӘМИЛА

Жәмила!
Мұнша неге жүдедің?
Бетіңде тамшы қан жоқ қой,
Жаралы ма жүрегің?
Тегінде терең зар қоп қой!

Жәмила!
Себебі не? Жалғанда
Серпіліп, ойнап күлмейсің?
Түнде жұрт үйіқтап қалғанда
Тынышып бір үйқы қормейсің?

Жәмила!
Кеудеңе от толды ма?
Уһілеп Айға қарайсың.
Өмірің у болды ма?
Жұлдызды неге сапайсың?

Жәмила!
Шапаныңды бүркеңіп,
Тысқа ақырын шыққанда,
Күрсініп ауыр күңіреніп,
Айтқаның зар ма,
Я әп бе?

Жәмила!
Жаныңдағы жауызың
Айырды ма жарыңнан?
Сарғаймашы, бауырым,
Бітесің гөй зарыңнан!

Жәмила!
Түскен мынау жүзіңе
Қасірет пе, яки шашың ба?
Қайғылы қара көзінде
Молдіреген жасың ба?

Жәмила!
Бетінде анау таңба не?
Аһ... имансыз ол хайуан!
Жалын, жаным, "Алла" де!
Бұдан басқа не қайлаң?!

Жәмила!
Қасіретті, сорлы қарындас,
Қайғыға қалай шыдайсың?
Жыла, бауырым, тогіп жас,
Мен де бірге жылаймын...
Жәмила!.. Жәмила!.. Жәмила!..

ҚАЙҒЫЛЫ СҮЛУҒА

(Ж-ге арналған)

Көркің хор, періште еді сенің жаның,
Ойлаушы ең күні-түні көк аспаның,
Мінезін адамзаттың сынамаққа
Мезгілді орын ғып ең бұл жалғанның.

Байқалдың алыс-жақып тегіс жайып,
Жанашыр ата-ана һәм ағайың,
Көзі жоқ кеудесінде оңшең соқыр,
Бір корді сені адаммен қарапайым.

Қара жер, кокті ойлама, орның, - дейді,
"Қара тас - мәңгі өлік, күрбың" - дейді.
Хайуандай бір қазыққа арқандай сап,
"Күр енді, жануарым, түрдың" - дейді.

Кордің гоі, жақыпыңда қан болмады,
Қазаққа қыз арқандау таң болмады,
Жан-жаққа мұңды көзбен қарасаң да,
Сен үшін жаның қияр жан болмады.

Солма енді, жерлік емес, жұмақтық гүл,
Шекпе азап, жауыздардан енді құтыл.
Бере алмас саған баға оңшең өлік,
Көкке үш, асылыңа қайт, періште бол!

ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА

Бота қоз, сиқырлы сөз Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кейі уақыт көзіңізге көзім түссе
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота қоз, сиқырлы сөз ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім - Күн, көкте ақырын жүзе біледі-
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

... FA

Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,
Қайғы-қасірет тасып бастан асқан күн.
Жап-жағымнан жылы жүзді жан ташпай,
Жақын жандар қастық уын шашқан күн.

Жауыз тағдыр сөзгін қолды қалқан күн,
Жан-тәнімді жылап-шайып шаққан күн.
Жаппап түзде қара түнде жалғыз қап,
Қап-дария боп көздің жасы аққан күн.

Сен көрдің де, келдің тура қасыма,
Сусын беріп, жастық қойдың басыма.
Маңдайымнан сипап сүйіп жұбаттың,
"Жаным құрбан, жасыңды тый, жасыма!"

Мәңгілікке, міне, қолым беремін,
Тағдыр оғын көтермекке конемін.
Қайғыданба, атса атар алтын таң,
Жан жолдасым, өлсең бірге өлемін!" -

Делің де сен күліп, жолым бастадың,
Жауып, дауыл, оттан, судан қашпадың.
Қасиетті, сиқырлы сөз күшімен
Міне, азырақ есім жия бастадым...

Алтын сәулем, ақ періштем, жан салған,
Кім біледі, айырса егер сұм жалған,
Жүргенімде жер жүзінде тірі боп,
Бағынатын, табынатын сен - атлам!

ДОМБЫРА

(Қара сөзбен жазылған олең. Марқұм Ш-ға арналды)

Түн. Біз шешініп жатқанбыз. Шам сондірілген, үй іші кара коленке. Шанырақтың жабылмай қалған шетінен оң жақ босағада құрулы ақ шымдылыққа түсіп тұрған айдың сәулесі ақырын ғана дірілдейді. Шымылдық дірілдегенді... жанымда қатар жатқан жігіт домбыраға... деген күйді тартып жатыр... Екеуімізде де сөз жоқ... Жалғыз домбыраның ғана үні естіледі... Адамды қалың ойға батыратын, белгісіз қорқынышқа түсіретін жат, ауыр бір үн. Өзеннің қараңғы түнде салмақпен сылдыр қағып аққанындай жаздың желді түнінде, колдің қамыстары қорыққан секілді, біріне-бірі тығылып сыбырласқанындай... Домбыра кейде ағаш жапырақтарының дірілдеп күбірлескеніндей, кейде ауру адамның ыңырысғанындай болады. Ол қайғырады... зарланады... Маған алыстан талып бір дауыс естіледі... Мұнды бір дауыс жақындап келеді. Нәзік, зарлы дауыспен біреу ақырын ғапа олең айтқандай... Әйел даусы... "Бізден сорлы жалғанда жан барма екен?!" Өзің рақым қыла қор бір, жасаған" - дейді әйел... Түнде сар далала зарын айтып күңіренеді әйел... Ауыр қасірет, қалың қайғыға амалы құрын, жалғыз жасағанға мұңын шағады, жалынады, зарланады әйел... Дауыс тіпті жақындады... Манағыдан да апықтырақ, ашырақ, зарлырақ... "Бауыр етің балаңды отқа салдың! Не жазығым бар еді, жан ағаке?.." Әйел қарғайды. Өз қолымен отқа салғана ата-анасына, аяу білмеген тасбауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған, намыссыз күң қылған мұңдаларға қанды жас тоғіп, лағынет айтады әйел...

Ақырын есік ашып, ол үйге кірді. Жас бір қыз, үстінде жұқа ақ көйлек, орілмеген ұзын қою кара шашы екіге

айырылып, кеудесіне түскен. Екі бетінде бір тамшы қан жоқ, құп-қу, жұқа ақ қойлектің астынан денесінің әр жерінде көгерген сықылды таңбалар қарайып білініп тұр. Зор қара көздерінде ессіз мұң, сансыз қасірет.

Маған жақындап келіп, менің көздеріме тура қарады. Көз қарауы әрі майда, әрі салқын. Кішкене күтімсіреп, қансыз еріш қозған, сойлейін деп ыңғайланып еді, жотелді... Ұзақ жотелді... Ақырын ауыр жотел... Әлдене уақытта жотелі тоқтады.

Бірақ әлі құрып, демін зорға атып тұрды. Сойлеуте шамасы жоқ еді... Оның қара көздерінен молдіреп, домалап солған жақтардан парлап ағып тұрған жасты көрдім. Мен оны таныдым. Қарындасым! Сүйікті қарындасым! Періште жанды, хор жүзді сұлу қарындасым! Сұлу... қайғылы сұлу. Бейшара, бақытсыз қарындасым!.. Аз өміріңді у жұтып өткізген қарындасым! Жауыздар тірідей жерге көмген қарындасым!..

Денем күйді... Жүрегім аузыма тығылды. Көзімнен ыстық жас төгілді... Домбыра да күңіренеді, зарлайды, ақырын жассыз жылайды. Жыла, домбыра, жыла!

ТҮН ЕДІ

Түн еді. Кокте қаптап бұлт тұрды,
Жел жылады, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп,
Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.

Жапан тұз, отсыз, сусыз бетпақ шолде,
Жып-шайтан мекен еткен тағы жерде
Жас бала - жолдасым жоқ, жапа-жалғыз
Мен келе жаттым, батып қанды терге.

Көзімнен жас ақпады - қандар ақты,
Табанды тілгіледі тастар қатты.
Қарқылдап қықу салып қарға-күзгын,
Жалпылдап жүрегімді шоқып жатты.

Шашымды жұлды әлдекім талдап-талдап,
Ыстық жас домалады көзден парлап,
Жалғыз жан есіркеген болды ма? Жоқ!
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап.

Әлдекім: "Тәйт!Шығарма үнін!" - деді,
"Сен бір мал, бір бес бағтал - құнын" - деді.
"Шоқысын қарға-күзгын жүрегінді,
Тырп етпе, жылама да, күнім!" - деді.

"Ойлама, - деді, - Күнді, сен - мал,күнсің,
Соқсем де, соқсам-дағы шыда, көп сен.
Шыдамасаң, қарсы "ләм" деуші болма,
Түншығып көз жасыңа көміл, ол сен!" -

Делі де сол әлдекім сылқ-сылқ күлді,
Сол күзу жүрегімді жүзге тілді.
Күйік кеулеп, жүрегім от боп жанды,
Жұбатуға сол кезде қайсың келдің?

Ашу кернеп, уланып, жанып іштен,
Жалынған бәріңе де мен емес пе ем?!
Сол уақыт: "Бас жақсысы - пәлен ат!" - деп
Саудаласқан, агекем, сен емеспе ен?

Сасық доңыз, жануар, жуан қарын,
Сататын малға тәңірін, иман, арын,
Тастағандай боламын жүз тілгілеп,
Кеткенде қайнап-ойнап ыстық қаным.

Сүйетін еркелетіп, әжем, атам,
"Өміріңше жыла!" деп бердің батан!
Құшақтап, қысып, күрсініп жылай бердің,
Сарғайған сорлы болып бейшара апам...

Қысты күні бораңды ұзын кеште,
Сорлының қасірет-зары сыймай ішке.
"Уһ! - дегенде аузынан жалын шығып,
Қолына отыратын алып кесте.

Күрсініп, кестені алып тігуші еді,
Молдіретіп көз жасын тоғуші еді.
Нәркес көз жасқа толып, шала шаншып,
Кестесін қайта тағы соғуші еді.

Уф, алла! Жап болды ма бізден мұңлық?!
Дарига! Не кормедік, не кормедік?

Коргенше сонша қорлық, сонша зорлық,
У ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?!

Өлмедік, зар еңіредік, сабыр еттік,
Шашатын алтын сәуле таңды күттік.
Коп күттік, соғілдік те, соғылдык та,
Сатылдық та, тілекке ақыр жеттік!

Мынау ту кімнің туы - Әйел туы!
Енді әйел азат ұшқан қолдің қуы.
Улаған жанымызды сансыз жылдар,
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.

Анау таң кімнің таңы? - Әйел таңы!
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан,
Басар сені тоғілген әйел қаны!

ҚАРЫНДАСҚА

Жібек мінез, жігері мол қарындас,
Жүрегіңде у менен бал аралас.
Дүние өзгерді, қорметелі көп болды,
Тәңірі берсін ашық бақыт, ұзын жас.

Қасиетті мақсат алып көңілге,
Таудай талаппен кіріп едің өмірге.
Ұзын жолда ор да, сор да кез келер,
Қарындасым, жасыма да, түңілме!

Өмір - озен, аға бермек сылдырап,
Тұрып болмас жағасында жөн сұрап.
Қамыс бол да бетінде қалқып аға бер,
Аға алмасак, бір уақытта дерміз: "Қап!"

Сұм өмірде алданармыз, сүйерміз,
Айрылармыз сүйген жардан, күйерміз.
Қасірет басар, сарғайармыз, олерміз,
Көр күшақтан, бір күн кебін кнерміз...

Аз өмірде ойын-қырын, кордім жар,
Талай жаңдар дос та болды, болды жар.
Асты үс болып, топан неге баспайды,
Өзгеріссіз өмірде не қызық бар?!

Өзгеріссіз өмір сорға айналмақ,
Жүйірік жүрек сүр өмірде байланбақ.
Шын адам сол - ылғи шаттық жырымен,
Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ.

Мен - жыршы ағаң енбір уағым білмейтін,
Қажу білмей, қолды көкке сермейтін.
Жігері мол қарындасқа озыңдей:
"Іс істелік, қане, қолың бер", - дейтін.

Өкпе сөзің қатты тиді жүрекке,
Бұдан былай есімде боп жүреді те.
Аз өмірде ашыласу деген іс,
Ойла, күнім, келе ме екен ретке?!

Р... АЛЬБОМЫНА

Себең пе екең? Бастан мені таптыңыз,
Альбомыңызды алдыма әкең тарттыңыз.
Мен даярмын, рақмет сізге, қарындас,
Ағаңызға көңілді іс арттыңыз.

Айі анпақ қой, Сізге өзім де айдаймын,
Арамдарға түнгі нажағайдаймын.
Адал ишет, ақ көңілді жап көрсем,
Жалындаймын, жадыраймын, жайнаймын.

Альбом - жүрек, уақыт жетпей ашпаңыз,
Құлып салып, берік бекітіп тастаңыз.
"Ашылдам!" - деп аласұрар жас жүрек,
Белгілі іс! Бірақ одан саспаңыз.

Альбом - жүрек, тыныштықты қашырар,
Уақыт жетсе, өзі-ақ бір күн ашылар.
Жүрек сыры белгілі гөйі, біраздан
Желі тынып, толқындары басылар.

Альбом - жүрек, көрінгенге берменіз,
Дос па, қас па? Бастан байқап тергеніз.
Дос орнына қас кірігізіп жүрекке,
Бір күндерде өкініште жүрменіз.

Альбом - жүрек, жақын достар қолға алар,
Таза жүрек оны оқып толғанар.
"Мен жазайын, мен оқып! - деп алып,
Шимайласа, жүрекке тәс жол қалар.

Альбом - жүрек. жақсы сақтайы көріңіз,
Таза жүрек, меруерттей теріңіз,
Ескерісіп жүру үшін өмірде,
Қане, құрбым, қолыңызды беріңіз!

Ж...ҒА

Өмір - көпір, от үстінде салынған,
Діңгектері зәндем отқа малынған.
Қорқу білме, аяқтарың таймасын,
Ойпап қана от, шарпу қорме жалыннан!

Қоныз да бар, доңыз да бар түбінде,
Жоққа алданып, жаным, жерге бүгілме.
Болсын көзің көкте, үмітің алдында,
Бақытты бол, қасірет білме, күлімде.

Томенде ылғи түтіп, сасық тұман бар,
Ұлы жылан, қорсылдаған қабан бар.
Талай жылан арбар, қабан қорқытар,
Қорықпа, арбалма, біріне де болма жар.

Өмір - зәндем, қара бұлтты қара түн,
Естімессің қара өмірде жылы үн.
Ұзын жолда арып, жасың тоқкенде,
Жұбататын жақын жолдас, жарың кім?

Жақын емес ата-ана, тугандар!
Көз жасыңда олардың не ісі бар?
Соқыр олар, жанғап жаның қоре алмас,
Жыла мейлің, жан-күйі отта, шегіп зар.

Жақын жан сол, жақын болсын жапыңда,
Табынсын ол тәңірі көріп арыңа.
Ұзын жолда осындай! жан ұшыратсаң,
Қарашығым, тезірек ал жаныңа.

Өмір - озен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар.
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар?
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,
Ағыпқа ермей, жағасында кім тұрар?

Өтер жылдар - қайғырармыз, күлерміз,
Өтер жылдар - сарғайрмыз, кеберміз.
Өтер жылдар - қартайрмыз, олерміз.
Бірте-бірте құрып, шамдай сонерміз.

Өтер жылдар - ұлғаярсың, осерсің,
Өмір - көпір, қалайда оны кешерсің.
Өтер жылдар - ақын ағаң жоқ болар,
Рухым риза, мені есіңе түсірсең.

"Аз өмірінде көп ұланған, көп сүйген,
Көп алдаған, көп жылаған, көп күйген.
Ақын ағам болып еді, - дегейсің, -
Жүрегіне өмір оғы көп тиген!"

Иіс шашып, жайнап тұрар түрлі гүл,
Гүл тербетіп кешкі жылы жібек жел.
Күнәсі көп жаны үшін ағанның
Сол уақытта, қарашығым, дұға қыл!

Әлі жассың, қайғы қорме, бара бер,
Сүм өмірдің күлін қорме, гүлін қор.
Тілегімді келтірем деп орнына,
Қарашығым, қане маған қолың бер!

Ф...ФА

Он екі елдің еркетайы - Май келді,
Жұлдыздар да жымыңдайды. Ая күлді.
Қалың қардың күшағынан құтылып,
Сылдыр-сылдыр сылдырады, сай күлді.

Күн батқанда қарашы қок жүзіне,
Қызыл алтын сеуіп қойған ба өзіне?
Майдың айы - күн, жер-ана, баланың
Елжіресіп табысатын кезі де.

Бүлдіршін боп киінеді қара жер.
Қарап оған қокте анасы елжірер.
Мұны қоріп, жақыны жоқ жолаушы
Күңірепін, үнілеп жібек жел жүрер.

Өмір осы аяз қыспақ, қар қомбек,
Сәулесімен жерді сүйіп Күн келмек.
Бір қарасаң - бетін қара бұлт жауып,
Жайнап, ойнап тұрған қогін түнермек.

Біреу - бала, апасына еркелер,
Біреу - ана, баласы үшін жап берер.
Біреу сүйген, екіншісі сүйілген,
Жас жүрегі аласұрар, жас төгер.

Біреулер - дос, бір-біріне жақын жар,
Ылғи екеу жалғыздықтан шекпес зар.
Біреуі олсе, екіншісі де олмекші, -
Бір-біріне берік берген анты бар.

Өмір - заман. Жаты да бар, қысы бар,
Талай жанның туганы бар, досы бар.
Тәңірінің дәрғаһынан қуылған
Жақыны жоқ, досы да жоқ кісі бар.

Коп туса да жапа-жалғыз туған ол,
Жалғыз жылап, бетін жаспен жуган ол.
Жұлдыз, Ай да, Күн де көрмей көгінде,
Жалғыз зарлап, жалғыз сағым қуған ол.

Бір гүл көрсе, шын елжірен сүйген ол,
Гүл дегені у боп, жанып күйген ол.
Жаны бірге, ары бірге жан таппай,
Жас жүрегі күлден кебін киген ол.

Мен де жанмын, жапан түзде бір басым,
Жарым да жоқ, досым да жоқ, сырласым.
Аз өмірде коп алданып, у ішіп,
Коп түштерде тоқтім талай көз жасым.

Ессіз едім - аспанға орлеп ұшқанмын,
Хор дегенім жер болады күшқаным.
Күле кіріп, жан сырымды біліп ап,
Шыға беріп күтіренеді достарым.

Жақын жан коп, ұғушы жоқ шын жаңды,
Сенгіш жүрек талай сенді, уланды.
Туганы жоқ, тұрағы жоқ жолаушы -
Жел болудан басқа маған не қалды?

Өтер жылдар - ұлғаярсың, осерсің,
Белгілі бір жолға өмірде түсерсің.

Қуанарсың, қайғырарсың, жыларсың,
Ұзын жолда у да, су да ішерсің.

Көрерсің сен көптің келіп кешкенін,
Жоктың бар боп, бардың оліп-ошкенін.
Отар күндер, күн батқан соң күңірсіңіп,
Жібек желдің ақырып ғана ескенін.

Сол уақытта желге құлақ түргейсің,
Таныстарды еске алып, тергейсің!
Туганы жоқ, тұрағы жоқ жолаушы -
Желге айналған мен екенім білгейсің!

ҒАЗИЗАҒА

Ғазизажан, қарашығым, бауырым,
Жолықтырып дұшпанның бір жауызын
Сарғаямын, қараңғы үйде қамалып,
Ағаң сорлы қорді бейнет ауырып.

Ә дегенде ашу қысып жанып ем,
Ауыр ойлар басып, пазаланым ем,
Мың бейнетпен ұзып күлді өткізіп,
Күнде ертең деп күте-күте талып ем.

Күндер отті, жаңды жеді абақты,
Қанды сорып, көтертпеді қабақты,
Желдей заулап ескен жүйрік жас жүрек
Котере алмай қалды сорлы қапартты.

Жан бауырым, қарашығым, Ғазиза!
Қарлығашым, келдің ұшып, мен риза,
Сорлы ағаңды сағынысың, ойлансың,
Жылар ма едің жүрегіңе ой сиса?

Сені көріп тобем көкке тигендей,
Маңдайыңнан, болдым піскен, сүйгендей,
Төңірі жазса, сарғаймаспын, шығармын,
Күнәм жоқ қой қасіретке күйгендей.

Қалың қара бұлт арылып басымнан,
Төңірі жазса, ош алармын қасымнан,
Жан бауырым, жыламашы егіліп,
Мен садаға молдіреген жасыңнан!

Иште жалын, көкіректе кайгы зор,
Аямастан өмір уын беріп тұр.
Сені қору - босанғанмен бір маған,
Еркөтайым, анда-санда келіп тұр.

Жолықтырып дұшпанның бір жауызын,
Ағаң сорлы қорді бейнет ауырын,
Төпіріден ерте-кеш те тілей қор,
Жаң жүрегім, қарашығым, бауырым!

ЗУҺРА

Зуһра деген кыз бала,
Беті - алма, жүзі - Ай.
Саусақтары күмістей,
Сүмбіл шаш, көзі құратай.

Түн сайын кокке қарайды,
Ақырын үнсіз жылайды.
"Жарқырап жұлдыз болам!" - деп,
Жалынып көкпен сұрайды.

Коз жасын кок кореді,
Тілегін тәңірім береді.
Бір түні ұйықтап жатқанда,
Періште көкпен келеді.

Тыныш жатқан сәбиді
Оятуға қимайды.
Жұмсақ, жылы ақ алмас
Қанатпен жүзден сипайды.

Коз ашқанша Зуһра кыз
Болды сұлу бір жұлдыз.
Жарқырап нұрын төгіп тұр,
Төкпейді бірақ нұр күнліз.

Ғазиза, сен де карағым,
Жақсы оқып сабағын,
Сұлулыққа ұмтылып,
Тәңірден тілеп, жас тогіп,
Сұра, жалын - Зуһра бол!

ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ

Тұтқын болып тысқа шығып жүре алмай,
Зарықтым гоі, жан жарымды көре алмай,
Осы күнде алтын сөздем нағып жүр,
Қандай күйде, қайда екенін біле алмай.

Ойлай ма екен тұтқын жарын түн, күндіз?
Жүрек - жара, жасты ма екен қара қоз?
Шашын жайып, түн ұйқысын төрт бөліп,
Тілей ме екен жолықтыр деп тәңірі тез?

Зарлағаным кетті ме әлде далаға?
"Жар" дегенім әлде жапқан жала ма?
Ойын - ойын, баяғыдай күлкісі,
Мені есіне еріккенде ала ма?!

Қып болып түр қоз жасын тыюым,
Қажытты гоі күндіз-түні күйөім,
Оның қалай ойлауында ісім жоқ,
Бұрынғыдан мың есе артты сүйөім.

Айрылам деп алып па едім есіме,
Амал қанша өзелдегі кесімге?!
Тәңір нем, ұйқы берші тезірек,
Жан жарымды бір сүйейін түсімде!

ӘЙЕЛ

Қылмыстан жазып тәңіріге,
Қарсы келіп әміріне,
Қуылды Адам жұмақтан,
"Қайт, - деген, - қара жеріне,
Бесігіңе, қорыңа!" -
Бұйрық болды бір хактан.

Батпас жарық күні жоқ,
Періштілер үні жоқ,
Айнала - олім тып-тыныш,
Өткелсіз биік тауы бар,
Есепсіз түрлі жауы бар,
Қараңғы қордеі қорқыныш.

Жерге түсті жалаңаш,
Көңілде - қасірет, қолда - жас,
"Кеш, тәңірі!" - деп сұрады,
Қорықты ма қатты жазадан,
Алда құр жалғыз азадан,
Зарлады, қатты жылады.

Жерде жалғыз зарығып,
Жұмағын қолға сағынып,
Жылады баспай өкісігін,
Жасты қорып жаратқан,
Ыстық дария боп аққан,
Ашты рақмет есігін.

Жұмақтың жібек желінен,
Жайнаған мәңгі гүлінен,
Хош иісін аңқытып,

Күміс көүсөр суынан,
Суынын алтын буынан,
Бетінде нұрын балкытып.

Көктің батпас Күнінен,
Періштелер үнінен,
Жұмақта хорлар лебізінен,
Өз нұрынан нұр болып,
Сегзіш, сүйігіш жан беріп,
Махаббат, рақмет теңізінен -

Жаратты төңірі әйелді,
Бастасын деп бар ерді
Туралық, шындық жолына,
"Адаспасың, азбассың,
Тура жолдан жазбассың,
Ерсең деп мұның сонына!"

"Жұмақтан жырақ кеттім! - деп,
Кешілімес күнә еттім!" - деп,
Жылама, зарлап, налыма!
Жолбасшыңнан орнек ап,
Сенің де көңілің болса ақ,
Жұмақ даяр тағы да.

Өтті заман. Жас кепті,
Қорқыныш, қатер, қайғы өтті,
Ұмытты адам алдасын,
"Жауыздың жасы жалған!" - деп,
"Жауыздық оған арман! - деп,
Жер жұтты ма уағдасын?"

Кешегі әйел періште,
Адамды бастар гарышка,
 Жүзі жарқын нұрлы айдан -
Еңіретіп күң ғып сататын,
Еріккенде ойнап жататын
 Болды да қалды бір хайуан.

Енді ежелгі коркі жоқ,
Коргені қорлық, еркі жоқ,
 Естисің бе зарлы үнін?
Бұл ісінді қоймасаң,
Әйелмен ылғи ойнасаң,
 Жүрмесін көп боп бұл күнін!

3...ҒА

Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік.
Бір жүріп, сабақты да бірге оқыстық.
Есейіп бірте-бірте ес кірген соң,
Жақындық, арамызда артты достық.

Балалық махаббаты тамашада,
Қызарып ұялысып оңашада,
Бір сағат көрісе алмай тұра алмаушы ек
Қоңілде бір ботен оң болмаса да.

Жүресек те жұрт көзінде жай таныстай,
Жақын бір тілдеспей-ақ, хат алыспай.
Көзге көз түскенінде қызарысып,
Бір ауыз сөз айтуға бата алыспай.

Жаз болса түнде ұйқы қормеуші едім,
Түн бойы арып, шаршау білмеуші едім.
Есікті ақырын ашып тұрғаныңда,
"Шық, жаным, берірек кел, Мен!" деуші едім.

Кетуші ек қол ұстасып тура қолге,
Дуылдан жанған бетті ұстап желге,
"Жаным!" деп алма беттен сүйгенімде,
Қызарып қараушы едің томен, жерге.

Қытықтап жас жүректі ойнап жас қан,
Дірілдеп тұрушы едік жанша сасқан.
Молдіреп көздеріміз айрылыса алмай,
Ағарып ақ жібектей атса да таң.

Қосылған жас күніммен жарым едің,
Сүйікті анық досым, жаным едің,
Алысқа, ұзақ жолға шыққанымда,
Сарғайып, мені күтіп қалып едің.

Талпынып, опер іздеп шетке кеттім,
Кеткенде, аз күнге емес, көпке кеттім.
"Жолдағы жарым қашан келеді" - деп,
Сен сорлы күте-күте қасірет шектің.

Мақсатқа жүре бердім арып-талмай,
Ел-жұртым, сен сәулемді есіма алмай,
Жалғанда дұшпан сөзі жаман екен,
Дарига, болсам керек ұмытқандай.

Шет жерде жалғыз басым сандалыппын,
Сағымды молдір су деп малданыппын,
Бағасыз сағ алтын деп мысқа ұмтылып,
Жасықты асыл көріп, алданыппын.

Сен сорлы қайғы басып, қасірет шегіп,
Егіліп екі көзден жасың төгіп,
Ақырында ауруға үлкен айналдысың,
Сарғайып күзді күнгі гүлше солып.

Әуре боп опасы жоқ көңіліммен,
Мен кеттім, дегендей-ақ "Түңгіл менен",
Сонда да үміт үзбей қарай-қарай,
Жан досым, қоштасыпсың өмірменен.

Мен бейбақ тап сол кезде шетте жүрдім,
Есімде еш нәрсе жоқ, ойынап-күлдім.

Бұл күнде қалың ойлар, қайғы басты,
Жап жарым жоқ екенін жаңа білдім.

Атысқа неге кеттім, елге кетпейі,
"Жап жарым, жапыңдамын!" - дерге жетпейі?
Жүрегің жапып, қасірет тартқаныңда,
Қол қылып көзім жасын бірге тоқпейі?

Жап досым, бақытсызбын, бара алмадым,
Бақылық ауызыңнан ала алмадым.
Қоз жасын, қасіретіңе мен кінәлі ем,
Дарига, кешу сұрап қала алмадым.

Откен күн жеткізбейді, ол бір тұлпар,
Алдымда, тірі болсам, талай күн бар.
Кейде у, кейде көусәр суын беріп,
Жапымынан жылжып ақырын отер жылдар.

Жолығар ұзын жолда талай адам,
Сұлу да, сүйкімді де, жақсы-жаман.
Іні өргеніп, жүрегім шып елжіреп,
Дәл сендей басқа жанды сүю арам!

АНАМА

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде,
Еш не білмес түсім бе, я оңім бе?
Оң менеп сол, от пенен су айырмас,
Күшсіз, әлсіз есім білмес күнімде. -

Құшағына алдың, сүйдің сен, анам,
Ренжу жоқ, барлық сөзің: "Жан балам!"
Ыстық-суық, желге-күнге тигізбей,
Асырап, сақтап, болдың, анам, баспанам.

Түнде тұрып түн ұйқыңды торт болдың,
Тыныш ұйықтасын деп аз сойлеп, аз күлдің,
Ыңырансам, я қарным аш, я тонғап
Екенімді ойламастан тез білдің.

"Жаным - дедің, - қарашығым, құлыным", -
Сүйдің, қыстың, дедің: "Тәтті қылығың!" -
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам,
Я жыласам - бәрі жақты қылығым.

Жаным анам - жібек тілді, ақ көңіл,
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,
Жан балаңа ақ батаңды бере көр!..

ТҮС

Жарык сәуле, Айды, Күнді көрмеймін,
Жарты өлік, толық өмір сүрмеймін.
Қуанышты, азат жүрген халықтың
Не істегенін, не дегенін білмеймін.

Қор болды ғой қалың қаірат, есіл күш!
Абақтыда қолдан келер қандай іс?
Үйқы тілеп, көзді зорлап жұмамын,
Амал қанша, жұбанышым жалғыз түс.

ҚАРАҢҒЫЛЫҚ ҚОЮЛАНЫП КЕЛЕДІ

Қараңғылық қоюланып келеді,
Пеш ішінде шок ақырын сонеді.
Күлімсіреп жанымдағы жас бала
Қызық көріп сонген шокты үреді.

Шок үстінен кішкене ұшқын ұшты да,
Біразырақ шок қызара түсті де,
Дереу соніп, тезірек күлге айналды,
Астындағы ыстық күлді құшты да.

Пеш ішінде шок ақырын сонеді,
Сонген шокты үріп бала күледі.
Ой басты ма? Әлде көзім талды ма,
Молт-молт етіп көзіме жас келеді.

САРҒАЙДЫМ

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой - қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар молт-молт келіп.

Апырм-айі, ауыр болды-ау күнді откізу.
У жұтып, айдан ұзын түнді откізу!
Қозғалып, сойлеп, ойлап, тірі жатып,
Өлем деп жас өмірден күдер үзу.

Соғасың жиі-жиі, жүрек, неге?
Сокқашмен жаңдана ма солған дене?
Сары су денені улайды тамырларда,
Тазартып енді оны қан етем деме.

Қалмады көздің нұры, қорге айналдым,
Қараны - ақ, ақты - қара дерге айналдым.
Алмадай пісіп тұрған екі бетім
Қуарып, қаны қашып, күлге айналдым.

Жайылды бар денеме уы дертгін,
Міпкекей, екі ай болды жатып жұттым.
Күндіз - Күн, түнде күміс Ай қормеймін,
Дарига, жаным азат, денем тұтқын.

Баралы күннен күнге азап асып,
Өлім түр анадайдан қойнын ашып.
"Қинала түссін әлі! - дегендей-ақ,
Аяғың күлімсіреп, саптап басып.

Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез олейің, ұшыр оққа.
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейің,
Жалыны кокке шыққан түсір отқа!

ЖЕЛ

"Төңірі нем, атпады гоі таңың!" - деп,
Күңіретіп жатыр тұтқын уһілеп.
Естіледі терезеден темірлі,
Тұрса керек тыста жүірік жел гулеп.

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан,
Қасірет басып, Сарыарқадап тарыққан.
Алып келсе керек ауыр аманат,
Абақтыдағы азаматқа зарыққан.

Терезеден үнге кірмек болады.
Аманатты қолдап бермек болады.
Жол бермеген қатты қара темірді
Ызаланып, зуылдап кеп ұрады.

Үй сілкініп, құлағандай болады.
"Жіберші!" - деп сұрағандай болады.
Қуат кеміп, қажыған соң жүірік жел,
Өксіп-өксіп жылағандай болады.

Дене күйіп, желге құлақ саламын,
Жапын жүрек, көзіме жас аламын.
Жібермейді қара темір қайырымсыз,
Еркін дала, Сарыарқамның сөлемін.

"Төңірі нем, атпады гоі таңың!" - деп,
Күңіретіп жатыр тұтқын уһілеп.
Естіледі терезеден темірлі,
Тыста соғып жел үйден түр гулеп.

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жапылдым,
Сарғайдым гоіі, сар дадамды сағындым.
"Қарашығым, құлыным!" - деп зарлаган
Атыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім - қабырғасы кара тас,
Жарық соуде, жылы күнге жаны қас.
Ауыр піс, ылғи кара қолемке,
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапат, салқын, тым қараңғы үңгір тар,
Есігімде мықты кара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кімге естілер ашы зар!

Алтын Күнді, кара жерді сағындым,
Жан жоласым - жүйірік желді сағындым,
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Әлдеқайда Күн шығады, батады,
Сорлы тұтқын күніреніп жатады,
Қарар болсаң терезеден темірлі,
Коздеп тұрған күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, кара нан?
Алма бетте қалмады гоіі тамшы қан,
Қоңырау қағып оятады ақырып,
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта откен күнді сағындым,
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні ұзақ
Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ.
Ескі мола дәп дыбыс жоқ, тым-тырыс,
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қара жылан - қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барар жерді таппадым.
Ойлар жейлі жас жүректі жегідей,
Тәңірі нем, таңың-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге жоспар құрысқан,
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,
Тапыс дауыс есті алмай зарықтым.
Не дегенін, не істегенін біле алмай,
Қоры болдым гоі азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,
Басқа шапшып мазаны алды ыстық қан.
Жалындаған жас жүрекке не пайда,
Дене күііп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, ақық жарды сағындым.

Айрыларда күншығыстан ағарып,
Ақ жібектейі шапақ таңды сағындым.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін олгенім!
Мен олсем де, алаш олмес, көркейер.
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайырты мол айбыңды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қатың елді сағындым,
Сарыарқамды - сайран жерлі сағындым.
Балдай бұлақ, молдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: "Әй сені ме!" - дегендер,
Күйініште мен үшін уайым жегендер.
Құтылу қиын, басқан адым аңдулы,
Тізіп қойып ертеңді-кеш түгендер.

Төнірі не, озің алшы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған,
Кім жеткізер сөлемімді анама?

Абактыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым гоіі, сар даланы сағындым.
"Қарашығым, құлыным!" - деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

ЖЕЛ

Жел - тым тентек бір бала
Жан сүйгөнү - сар дала.
Дамыл алмай жүгірер.
Ерні отірік кыбырлап.
Сыр айткан боп сыбырлап.
Кейде оғіз боп окірер.

Желге еш нәрсе тең емес.
Тау да жолын богемес.
Сак-сак күліп секірер.
Жүйірік желім тым сотқар
Біреу бетін жапса егер.
Әдейі бетке түкірер.

Мазасы жок жел ерке
Оянып ап тым ерте
Жорғалай басып кетеді.
Тыныш жатқан түс коріп.
Колдін бетін кестелеп.
Оны әуре етеді.

Кәрі орманды оятып.
Бірдеңе деп жұбатып.
Жымиып күліп отеді.
Жұрттан ойын жасырып,
Алкынып өзі асыгып.
Қарақат көзге жетеді.

Дем ала алмай асыгып.
Күрсініп ауыр. бас ұрып.
"Саған, сұлу сәулеге

Келдім ұшып, ғашықпын.
Бір сүйеге асықпын.
Мойның бүр мендей әуреге!" -

Дейді де сүйіп көзінен,
Шашы, алма жүзінен,
Қол жіберді кеудеге.
Бақыттысын, еркежан!
Уа, дарига, жасаған,
Жел емеспін мен неге?!

БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА

Қайғырмандар бұл сәбиді өлді деп,
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.
Бақыты жоқ сорлы ата-ананың
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.

Өлгені емес, жерді тастап кеткені, - .
Шын бақытқа ерте бастан жеткені:
Ізгі оімен жайлы жаннат төрінен
Орын алып ата-анасын күткелі!

ӨМІР

Адамға берген тәңірі өзі аз өмір,
Бұйрығы: "Жаса-дағы, жеге көміл!"
Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,
Кұбылған өмір - сынап, бейіне көңіл.

Жайнаған жаз көреді адам алдын,
Өткен күн - көңісіз күз желді, салқын.
Қуаныш қайғыменен қатар жүрмек,
Болмайды толық минут жүзі жарқын.

Іңгөлап, аузын ашып жылап түсер -
Томенге биік таудан құлап түсер.
Денесін дәл-дұл қылар кня тастар,
Шұқырға сол жылаумен сұлап түсер.

Дуа етер - сорлы адамды әуре етер,
Көз ашып-жұмғаныңша жоқ боп кетер.
Қылғанша әуре-сарсаң сорлы құлды,
Тәңірі нем, жаратпасаң онда нетер?

ӨМІР

(екінші олен)

Мапа кокті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып күт.
Көк түнжырап, мұнайып қабақ жауып,
Көз ашқанша аспанда жаркылдап от.

Бұрқыратқан екпінді дауыл еді,
Сабап күйіган жиіркеніш жауын еді.
Қорқып-сасып жан-жануар есі шығып,
Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді.

Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,
Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып,
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады,
Қосылуға қашаннан болған асық.

Бейне алтындан кокте бұлт түр ғой жайнап,
Енді жел жоқ мазалар оны айдап,
Жанға рақат гүлдерден хош піс аңқып,
Жан беріп кең далаға құстар сайрап.

Өмір осы - бірде ол болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
Құрып дымың, қайғырып жас тогерсің,
Бұлт ашылар - қайғының бәрі бітті.

ТОЛҚЫНДАП ОЙНАП

Толқындап ойнап, құтырып,
Кобігін шашып, окіріп,
Шапшып көкке депіріп,
 Қара көк омір дариясы,
Сақылдап күліп, "Кел!" - делі,
Келіп ем, кешу бермеді,
"Не керек, - деп тергеді, -
 Сарыарқаның сарбазы?" -

Жас балапан жүрегім,
Десе де табам керегін,
Көріп теңіз тереңін,
 Қайғыға батты тұнжырап,
Аттын үміт үзілді,
Тәтті қиял бұзылды,
Көкке тіктім көзімді,
 Жұлдыздардан жол сұрап,
Көңілде бір - қара көк,
Тұңғық теңіз, түбі жоқ,
Ойнап тұрған көзі көп,
 Не деп жауап береді?
Көк - бір дария қара көк,
Жұлдыздан әлі жауап жоқ,
Іште жалын, жүрек - шок,
 Дарига, жаным оледі.

САҒАТ

"Шық-шық!" - деп соғып тұр
Токтаусыз бұл сағат.
Дүниеде неғып тұр
Адамзат - бір сағат!

Сорлы адам туганда,
Сүм жалған көңлі шат.
Көз ашып тұрғанда
Көрінер оған жат.

"Шық-шық!" - деп жүз шытар,
Есіктен кірместен.
Сорлы адам тез жытар,
Дән рақат көрместен.

Мінекей бұйырып тұр
Бұл саған деп: "Шық-шық!"
...мойның бұр,
Сен де шық, сөзің үк!

АУРУ

"Дәрігер, дәрі, баксы!" - деп,
Алмаңдаршы мазаны.
"Тірліктен олім жақсы!" - деп,
Сұраймын озім қазаны.

Дене ауырса, дұрыс-ак.
Дәрігер, баксы ем қылар.
Жан ауырса, ойлап бак,
Жанга емді кім қылар?

Уланды жүрек, жан күйді,
Ішім толған кызыл шок.
Не себептен, тәңірі не,
Денеге ем бар, жанға - жоқ?!

ЖҮЛДЫЗДАРҒА

Коктің сансыз көзлері,
Алмаңдар ойнақтап.
Шакырғанмен бара алмаң,
Бұлт. тез шық та. бетін жап!

Қара жерден кете алмас
Мен бір сорлы байлаулы:
Жердің жауыз желімен
Ерсіл-қарсыл айдаулы.

Амал не қонбей? Сонда да
Бір оқпем бар аллама:
Сезгіш жүрек, ұшқыр жан
Неге бердің пендене?!

Жаратқан соң жерден сен,
Берсеңші жердей тыныш жан.
Болар іс болды. Сұраймын:
Не дейді, білдір, бұл аспан?!

ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ

Судай сұлу кара коз,
Сүйгеніне берген соз.
Белгілі жерден табылмақ,
Караңғы жаздың түшінде.

Жатқызып тегіс үй ішін,
Қысып сүйді сінлісін.
Сырлас тете бауырдан
Айырылу жеңіл ме?

Алдыңда алтын бағын бар,
Жолдасың - шын сүйген жар.
Баққа аяқты батыл бас.
Күрсінбе, сұлу, егілме!

Буынынан хал кетіп тұр,
Тыста жарың күтіп тұр.
Ақ көйлегің қолбеңдеп,
Шық тезірек, бөгелме.

Шықанда қорқып сасканың,
Дірідеп түсің қашқаның,
Асығып күткен жарыңа
Білдірме, сұлу, күлімде!

Мініп жігіт жүзірігін
Тұмарлап кекіл-құйрығын
Іпірден келіп күтіп тұр.
Серттен таяр ерің бе?
Жігітте арман қалды ма,

Алды жарын алдына,
"Шүү" деп шауып жөнелді,
Бір колы сұлу белінде.

Ақ койлектің етегі
Котеріліп кетеді.
Орынсыз жерде ойнайтын
Тым жеңіл гой желің де.

Жігіт жарын құшады,
Қолдан тізгіп босады.
Сенді саған екеуі,
Енді, жүірік, сүрінбе!

Жетсін жастар ауылға,
Ұрыпбасын жауынға.
Алдарында бір-ақ бел,
Таң! Тұра тұр, білінбе!

КӨКШЕТАУ

Аспанменеп тірескен
Тәңіріменен тілдескен
 Кокшетауым біп-біік.
Қою қара кок бүлт
Жайнап, ойнап, құлпырып,
 Кокшетауды түр сүйіп.

Кокшетаудың көзі жас,
Ылғи мен-зең, айнымас
 Қалың тұман мұнардан.
Инелік отпес жіп-жіні,
Оқтан түзу тал бойы
 Қарағайға оралған.

Әлдеқайда, биікте
Төніп томен - киікке
 Қанды көзді қырап жүр.
Мен де Мұса болар ем,
Тілdestіре тәңірімен,
 Кокше маған болып Түр.

Қушам Мұса аяғын,
Өлеңім - ізгі таяғым,
 Кокшеге мен де шығамын.
Аяқ басып Арсыға,¹
Жүгіріп барып қарсына,
 Тәңірінің тілін ұғамын.

¹ Арсы - мұсылмандық ұғым бойынша алаһтың тағы.

ТОЛҚЫН

Толқынан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад,
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысын жарға барысад.

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен үрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер еңтелеп.

Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады,
Күміс көусар суымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.

Молдіретін көз жасып,
Жасымен жуып жартасып,
Сүйіп сылқ-сылқ күледі,
Жылағаны - күлгені,
Күлгені оның - олгені,
Жылай, күле оледі.

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді.
Береді де оледі,
Өледі толқын, тынады.

ҚАЙЫҢ

Қайғылы қайың!
Аяныш жайың.
Сыбырлайсың.
Дірілдейсің.
Еңкейесің.
Күбірлейсің.
Ызғарты жел
Соққан сайың.
Үскірік аяз
Болғандай аз.
Қар да басқан
Кебіңге ұсап.
Сүйекке отер
Суық күшак...
Қашан. қайың.
Жетеді жаз?
Суға қанып.
Жапырақ жарып
Күн болар ма
Шайқалатын?
Жылы желмен
Жайқалатын?
Күс даусына
Құлақ салып...
Қайғылы қайың!
Қатың уайым
Басқан сені.
Жазды ойлап.
Түр үскірік
Боран ойнап...
Жасыңды неін
Бір құдайың!

ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы түн, сар дала,
Көрінбейді айнала.

Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан күр сорап.

Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді.

Ызғарлы жел долданып,
Екі иіннен дем алып,
Ішін тартып оскырып,
Кейде қатты ыскырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі.

Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып сыбырлап,
Жерді жапқан кебінді,
Сүйіп ақырын құшақтап,
"Әпсүн"¹ оқып үреді.

Барады үдеп бұл боран,
Жанымда жоқ тірі жан,
Тоңазыды денем де,
Адаспай дұрыс келем бе?
Қорқып жүрек ойнайды.

¹ Иmanın үйіру.

Коз алдыма елестеп,
Әлденелер келеді.

Боранын тәңір ашпады,
Жол білінбей бастады.
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қарақок...

Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып
Қатармын, кім біледі?

ЖАЗҒЫ ЖОЛДА

Дала. Дала. Сар дала!
Жапан түзде бір қара.
Келем жалғыз, жаяумын.
Жаныма ерген жолдас жоқ,
Төрт жағым дала - жер де кок.
Жылауға да таяумын.

Шілде. Оттай ыстық күн.
Дала - олік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр түншыгып.
Жол жыландай пірілген.
Шаң ерініп, үйірілген.
Ешбір леп жоқ. тып-тымық.

Кокте жалғыз бұлт жоқ,
Коктің түсі қызғылт кок.
Дүннені тылсым білеген.
Ыңыранғандай әлдекім.
Жылай ма екен әлде жын?
Перілер ме күйлеген?

Созылып ұйықтап бел жатыр,
Тосін керіп кол жатыр.
Тыныш тәтті түс коріп.
Суга - айнаға қаранып,
Сатқынша леппен таранып,
Қамыс та түр тербеліп.

Толқынға толды төрт жағым.
Әлде жүзген бұл сағым
Кол ме? Кошкен шаһар ма?

Мүз кок темір киініп,
Найзасын кокте үйіріп,
Әскер жауга шабар ма?

Ақ бұлттар түр жусап,
Күніренеді жер сусап,
Алыстан ақырын Күн күлер.
Қызыл жүзді гүлдерді,
Бұраңдаған белдерді
Сүйемін деп күүіділер.
Айнала - олім, ешбір үн...
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді?..
Денесі аппақ жалаңаш,
Кокпеңбек коз, сары шаш
Сақ-сақ неге күлмейді?
Сыбдыр-сыбдыр жүргендей,
Сылқ-сылқ қана күлгендей,
Көрінбей неге билейді?!
Жібектей жетпіс оралып,
Жыландай жүзге бұралып,
Бетімнен неге сүймейді?!
Жол жыландай иірілген,
Шаң ерініп үйірілген,
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.
Аңсап есім жия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Өлсем екен түншығып!

ЖАЗҒЫҒЫҒЫМ

"Болды, міне, дәл алты ай,
Жаттың үйықтап, еркетай.
Үйікың қанды, түр, қозым,
Аш көзіңді, жұлдызым!" -
Деп маңдайдан ақырын
Жұмсақ жылы сәулемен
Сипап жерді Күн күлер.

Аяқтарын қосіліп,
Еркеленіп, есінеп,
Жер - нәресте жас бала
Жаңа оянып жатқанда,
Жұмсақ ыстық бетінен
Тәтті ғана сүйсем деп,
Күбірлеп жылы жел жүрер.

Дамыл алмай жылар қар,
Ақ шымылдық ашылар,
Сылк-сылқ күліп сылдырлап,
Бірдене деп былдырлап,
Корінгеннен сүйінші
Сұрайтын жас баладай,
Асығып сулар жүгірер.

Керіліп ерке жер тұрар,
Молдір сумен жуынар,
Үлде менен бұлдеге,
Түрлі түсті гүлдерге,
Ши жібекке оранып,

Қарағанда қоз тоймас.
Бүлдіршіндейі киінер.

Көріп сұлу баласын.
Көз ішінде қарасын.
Қуанып. тасып жүрегі
Қысып ыстық сүйеді.
Ұзын күнде ару жоқ.
Періштем деп айналып.
Алтын ана - Күн жүрер.

Мұны көріп бұлттар.
Күніреніп етер зар:
"Біздерде алтын ана жоқ,
Қысып сүйер бала жоқ,
Тұрақ та жоқ белгілі!" -
Деп тұнжырап күрсініп.
Әлсің-әлсің жас төгер.

СЕҢ

Сары аяз - сүйген жар
Қайрылмай кеткен соң.
Қайратсыз қалың қар
Жылаумен біткен соң;

Жел сипап. Күн күліп,
Мазақ қып сүйген соң:
Боларын бір сұмдық
Ішінен түйген соң;

Қалың мұз көрленіп,
Қара көк түс алды.
Еруге арланып,
Кетпекке ойланды.

Бұзыла-жарыла
Антұрған аптықты.
Өзеннің жарына
Асығып соқтықты.

Барында шамасы
Суыққа көшпақшы.
Мұз теңіз - анасы
Құшағын ашпақшы.

Өткен соң жаз алты ай,
Ашуын жимақшы.
Өзенді еркетай
Ойыннан тыймақшы.

Қалың мұз қара қок.
Ойлама күр бекер.
Суыққа жетем деп.
Ыстық күн ерітер.

ЖИЛЕНДІ ҚАРА ОРМАН

Жиленді қара орман.
Қарағай, қайың аралас.
Мәңгі мылқау көрі орман,
Көктегі күнмен шамалас.

Алпак кебін бүркеніп,
Мылқау орман түс көрер.
Жел аза боп, ортеніп,
"Әпсүн" оқып үшкірер.

Мәңгі мылқау көрі орман,
Былық етпейді, түс көрер.
Жел мінезді ессіз жан -
Маған түрлі ой келер.

Үйктасам мен орман бол,
Тәтті-тәтті түс көріп.
Бетімнен тұрса жел жүріп,
"Әпсүн" оқып үшкіріп.

МАХАББАТ НЕ?

Махаббат - бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз гоіі бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйісе жар.
Сүймесе жүрек, дарига,
Өлер жүрек, қансырар.

Махаббат - бір тәтті у,
Ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі оятпас.

* * *

Махаббат - бір тәтті у,
Ішер жүрек, тогер жас!

ШЫЛЫМ

Қолда шылым,
Тартып, күлін
Түсірмін табакқа.
Кейде ұмытып,
Түтін жұтып,
Жіберемін тамаққа.

Өмір - бұлақ,
Үміт - құрақ,
Жүзейін деп түсемін.
Дәл түсерде,
Су кешерде
Ұмытып су ішемін.

Кейде ұмытып,
Түтін жұтып,
Шашаламын, жотелем.
Өмір - құрақ,
Үміт жырақ,
У ішемін де ерте олем!

АЛЕКСАНДР БЛОК

Александр Блок -
Мөңгі жас жүрек
 Үмітін бір үзбеген.
Батып алтын ойға,
Талмай карап Айға,
 "Әдемі әйел" іздеген.

Корінер деп күнде,
Табылар деп түнде,
 Шарк ұрудан талмаған.
Александр Блок -
Мөңгі жас жүрек,
 Қай жерге ол бармаған?

"Әдемі әйел" - идеал,
"Әдемі әйел" - бір қыял,
 Блоктың басын байлаған.
"Әдемі әйел" - бір гүл,
Блок - бір бұлбұл,
 Блок - бұлбұл сайраған.

Сайраған Блок,
Ойнаған жүрек -
 Кейде үміт, кейде зар.
Өтеді өмір,
Бітеді жыр,
 "Әйелден" бірақ жоқ ошар.

Күндерде бір күн,
Түндерде бір түн
 Улы баллы бітті жыр.

Тосекте Блок
Коз ашып коред, -
Алдында бір кемпір түр.

"Әдемі әйел" - идеал,
"Әдемі әйел" - бір қиял.
Идеал, қиял - бір сағым.

Жанады жүрек,
Жылады Блок,
Көріп сонген шырағың.

"Әйел" - идеал,
Кемпір - ажал
Түр Блокка үңіліп.
Сонді енді өмір,
Бітті енді жыр.
"Әйел" қалды жыр болып.

...АЛЪБОМЫНА

Өтеді өмір -
Жүрекке шер байланды.
Өтеді өмір -
Жүрек көмірге айналды.
Өтеді өмір.
Бітеді жыр. Жүрек - күл.
Жырсыз жырау.
Тіп қырау - солды гүл.

Бұлбұл гүлсіз.
Бұлбұл үнсіз - жай бір құс.
Айсыз, Күнсіз,
"Гүлсіз", үнсіз - өмір бос!
Бота көздім,
Жібек сөздім гарышка
Кетті ұшып,
Зарды құшып алысқа.

Қалдым жалғыз,
Тірі жансыз, күңіренем.
Шер шешемін,
Кенесемін мүлменеп.
Досым жырақ,
Сонді шырақ. Сонемін.
Сонеді Ай,
Мен де ұзамай өлемін.

Бағады Ай,
Бағады Ай. Мен батам.
Кірсіз Айым.

Еркөтайым, ақ ботам,
Өмір - сағым:
Сен, қарағым, сағым қу,
Сағым сумен,
Алтын бумен жаның жу!

Өмір - дала,
Сен бір - бата, сайран ет,
Гүлдер жиып,
Сөзге сүйіп, ойнап от!
Қырға шықсан,
Тілін ұқсан, жел жылар,
Жер жыламас,
Жел жыламас, ел жылар.

Күні батып
Қайғы батып, ел жылар,
Ерке бала,
Сен де жыла, шегіп зар,
Жоқ, жылама,
Зар сұрама, күл, Күнім!
Ой деген не?
Оны білме, сен, гүлім!..

Мен де жас ем,
Мен де мас ем, жел едім,
Өтті өмір,
Жүрек - көмір, Өлемін...

АЛДАМШЫ ӨМІР

Алдамшы өмір ылғи гана у береді,
Өмір шіркін шамдай ақырын сонеді.
Қара қайғы қалындады тым бүгін,
Молт-молт етіп көзіме жас келеді.

Өмір шіркін шамдай ақырын сонеді,
Алтын үміт тотығады, өледі.
Кешегі күн - қойнымдағы сұм қиял,
Бүгін алыс менен, сылқ-сылқ күледі.

Өмір шіркін бықсып ақырын сонеді,
Үміт шіркін тотығады, өледі.
Өлді үміт, мен де ұзамай олемін,
Сокқы жеген сорлы жүрек біледі.

Өмір, шіркін, қоз алдымда сонеді,
Қиял - алыс, келемеж гып күледі.
Өмір сонсе, үміт сонсе, не қалды?
Молт-молт етіп көзіме жас келеді.

АЙРЫЛҒАНДА

Бір жыл болды сені сүйдім, уладым,
Бауырыңа алдың, неге мені қумдың?
Ессізбін мен: айрылуды ерте ойлап,
Қанды жаспен көзім неге жумадым?!

Сүйдің мені, басқа жанды көрмедің,
Жасың төктің, қадіріңді білмедім.
Мөлдіреген шын меруерт жасыңнан
Садаға боп сорлы неге өлмедім?!

Білдім: бүгін мені тастап кетесің,
Күміс көбік Ақ Еділден өтесің.
Бота қозім, өлтіріп кет қолыңнан!
Тірі тастап кетіп мені нетесің?!

Көріскенше қош бол енді, бер қолды...
Қалтырайсың, қолым, саған не болды?..
Жазуға енді, Гүлім, хатім қалмады...
Көзіме жас, жүрегіме у толды...

КҮЗДІ КҮНІ

"Есіл жазым отті!" - деп,
"Бәйішешегім кетті!" - деп,
Санадан жүз: сарғайып,
Қасіреті мол жас зайып
Қараңғы ұзын түндерде
Үстіне қара жамылып,
Күрсініп жер жылайды.

Бұзылып түсі аспан-қоқ,
Ашулы ауыр үһілеп,
Бүркеніп сүр бұлттар,
Жүрегі жара алыс жар
Қайғы басып, қиналып,
Жерге қарап, жарына
Көзінің жасын бұлайды.

Балапан нәзік жас қайың,
Сокқан суық жел сайын,
Бүрсініп сорлы дірілдеп,
Ақырын гана күбірлеп:
"Сүбханалла, сүбхан!" - деп,
Жасағанға жалынып,
Жәрдем бер деп сұрайды.

Күшті жуан қара ағаш,
Жапырақсыз жалаңаш,
Өмірде беті қайтпаған,
Ешкімге сырын айтпаған,
Тура келіп тағдыры,
Долы дауыл кез келіп,
О да бір күн құлайды.

Жалғыз жатып ойланам.
Күніренемін, толғанам:
Балдан тәтті өмір не?
Қорқынышты өлім не?
Жалынды жүйрік жас жүрек
Неге ақырын сонеді?
Бұған жауап кім табар?

Жастық отіп, қартайып,
Қан сары су боп сарғайып,
Сүмбіт шашым қуарып,
Алма жүзім суатып,
Мен де сорлы бір күні
Қоштасармын өмірмен...
Өлмейі, мәңгі кім қатар?!

Құласа күшті қара ағаш,
Қыс отіп, тағы жетсе жаз,
Жас балапан - қайыңдар,
Оларда не уайым бар,
Өткендерді еске алып,
Бұралып жас сұлудай,
Қосылысып ән салар.

Өмірмен тәтті қоштасып,
Өліммен қол ұстасып,
Үстіме топырақ үюлі,
Суық көрде көмулі,
Қара жерді құшақтап
Жатқанымда мен сорлы,
Мені есіне кім алар?!

БОЛСА ГҮЛСІЗ...

Болса гүлсіз,
Бұлбұл үнсіз,
 Үнсіз бұлбұл - бір сұр құс.
Үнсіз өмір -
Сөнген көмір,
 Отсыз жүрек - бос қуыс.

ОЙ

- Ой деген у -
Ауызға алсаң, қандырап.
- Ой деген у -
Жанды есінен тандырап.
- Ой деген у -
Ішсең мас боласың,
- Ой деген у -
Ішесің де соласың.
- Ой бір теңіз -
Қап-қара боп тебіренер,
- Ой бір теңіз -
Толқындана күніренер.
- Ой бір теңіз -
Шетсіз, түпсіз, тұңғыық,
- Ой бір теңіз -
Жан түседі, жан қнып.
- Ой улады -
Жаным ессіз, жаным мас,
- Ой улады -
Жүректе зар, козде жас,
- Ой улады -
Комір болды жүрегім,
- Ой улады -
Саргаямын, сөнемін!

ЖАН СӨЗІ

Өмір - теңіз, жок онын түбі, шеті,
Сылк-сылк күлген сикырлы толкын беті.
Осы өмірге киргелі көп күн болды,
Енді бір ай - толады жырма жеті.

Мен жок едім, бар кылып анам тапты,
Солан бері Күн талай шықты, батты.
Ес білгелі алысам өмірменен,
Өмір - теңіз, толкыны тым көп қақты.

Мен тугалы агарып, көп таң атты,
Қаранғылық жер бетін талай жапты.
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,
Ырық бермеді, қанғырды, ол не тапты?

Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық,
Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып,
Ессіз жүрек, бөгелші бір азырақ,
Отыз түр гоі үніліп, арты - қырық.

Өміріңді екі қылмай орындадым,
Есімде отқа, суга ұрынганым.
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,
Өмірімді осынша улап не қылғаның?!

"Жел бол!" - дедін, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?
Желдей жынды есалаң екпінді боп,
Заулап тұрған отқа өзім түспедім бе?!

"От бол!" - дедін, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талгадым ба?
Күлді де алдым құшаққа, гүлді де алдым,
Мынау "күл.", мынау "гүл" деп таңдадым ба?!

"Су бол!" - дедін, сылдырап ақпадым ба?
Жыландай жүз бұралып жатпадым ба?
Ерікті-еріксіз суымнан татар жаңды
Сықырлап сылдырменеп тартпадым ба?

"Күн бол!" - дедін, мен Күндей күлмедім бе?
Күннен де астым, мен "күндіз-түн" делім бе?
Күн тәкаппар. Мен коппен құшақтастым,
Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

"Ай бол!" - дедін, Ай болып жүзбедім бе?
"Әпсүн" оқып, жер жүзін кезбедім бе?
Анадайдан сықырлы сәуле тоғип,
Талайлардың өзегін үзбедім бе?

Сен: "Сүйі!" - дедін, талайды сүймедім бе?
Кобелек боп коп отқа күймедім бе?
Тірілгенім болмаса, олгеннен сон
Мен талай күлден кебін кимедім бе?

"Жыла" дедін, талай жас тоқпедім бе?
Дария болды қоз жасым, коп делім бе?
Жасым бітсе, қып-қызыл қан жыладым,
"Жыламаймын, козде жас жоқ" - дедім бе?!

"Ата-анаңнан без!" - дедін, безбедім бе?
Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?

Басыма талайі кара күндер туды,
Ата-ана. туысқанды іздедім бе?

"Елің тастап кет!" - дедің, кетпедім бе?
Жер шетіне барсам да шет дедім бе?
Жыландай бауырына кіріп алып,
Қалайда жатты жақын етпедім бе?

"Дәулеттен қаш!" - дедің сен, қашпадым ба?
Қойнымды жоқшылыққа ашпадым ба?
"Нәжісті - доңыз, сүйекті - ит жияд" - деп,
Барымды желге ұшырып шашпадым ба?

"Жоқты іздеп тап!" - дедің сен, таппадым ба?
Сен: "Айға шап!" - дегенде, шаппадым ба?
Не керек! Бар бұйрығыңды орындадым,
Сүм жүрек, сол қызметімді ақтадың ба?

Ақтамадың, алдадың, енді білем,
Енді бір ай - жиырма жеті жасқа келем.
Отыз, қырық... Қартайам, сонем, олем...
Еліме есебімді не деп берем?!

Енді бір ай - жиырма жеті жас толады,
Отыз, қырық... Сарғаяды, жүз солады.
Жыл соңынан жүгіріп жыл озады,
Кеудеге күн-күн сайын шер толады.

Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,
Ессіз жүрек ақылға жол бермеді.
Жастық - у гой, айнымай у ішіппін,
Бұл күндерде кеудені ой кернеді.

Ақылға кеш айналдым, қараң күнім,
Бір күні құшағына алар олім.
Қара жерді құшақтап мен жатармын,
Сол кезде не деп мені сынар елім?

"Жел еді, желді жыр ғып өтті!" - дер ме?
"Есалаң сүйіп еді шокты!" - дер ме?
"Ой жоқ, ессіз отты тәңірі көрген,
Түншығып жат, есерім!" - деп күлер ме?!

Болмаса: "Қызыл гүл ед, солды!" - дер ме.
"Сермеп ед алтын Айға қолды!" - дер ме?
"Қажымай Айға шапқан арыстан ед,
Сабаз-ай, сол жолда мерт болды!" - дер ме?

"Күн еді - өмір бойы күлді!" - дер ме?
"Күн еді - сүймеуші еді түнді!" - дер ме?
"Күн еді, күндей айқын күле білді,
Сол күлумен ақыры өлді!" - дер ме?!

"Сұлулықтың асығы - жыршы!" - дер ме?
"Жүректің сырын шешер сыршы!" - дер ме?
Не қуаныш, не қайғы басқан күнде
Басыма келіп: "Ақыным, тұршы!" - дер ме?

Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?

Дарига, сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:

Болгайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек - жынды дерсін,
Ұмтылған аламын деп Күнді дерсін.
"Сүйіп - күліп, күйіп - көз жасын тогіп,
Жынды жүрек олды де тыңды!" - дерсін.

МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз, салқын, күн бүлтты,
Жел бұйығып тербелген,
Әлдекімнің олгенін,
Оны қалай көмгенін,
Әңгіме ғып күңіренген,
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі - төтті күй,
Балқиды жаным бұл күйге,
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Қара орманның шетінде,
Нағыз желдің отінде
Өскен жалғыз жас қайың
Былқ-сылқ етіп билеген,
Сылдыр-сылдыр күйлеген,
Болсын онда не уайым?
Сол жас қайың құлапты,
Жаныңда жел жылапты,
Балқиды жаным бұл күйге,
Мені де, өлім, әлдиле...
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Қолына ала ту алып,
Қылышын қанға суарып,
Тау суындай тасыған,
Қарақат көзін қан жауып,
Қабағынан қар жауып,
Ойын салған жас ұлан.

Майданда ұлан қайтыпты,
Жел иманын айтыпты...
Балкиды жаным бұл күйге.
Мені де, олім, әлдиле...
Әлдиле, олім, әлдиле!

Әлдеқайда бетпак шол,
Бетпак шолде жалғыз жол,
Сол жолменен жалғыз жан
Түн бойы талмай жүріпті,
Табанын тастар тіліпті,
Келгенде атып алтын таң.
Сорлы шолде оліпті,
Жел құмменен көміпті.
Балкиды жаным бұл күйге.
Мен де, олім, әлдиле...
Әлдиле, олім, әлдиле!..

Бетінен алма қан тамған.
Тілінен төтті бал тамған.
Бүйіра толқын шашы бар.
Күлкісі меруерт шашылған,
Өзі - гүл жаңа ашылған,
Дәл он бесте жасы бар
Сұлу көп жас тогіпті,
Түншығып жасқа өліпті...
Балкиды жаным бұл күйге.
Мені де, олім, әлдиле...
Әлдиле, олім, әлдиле!..

Талпынған жаңа нәресте.
Ақ қанатты періште,
Былдырлаған бұлақтай.

Корінген жанды күлдірген,
Жаңа піскен бүлдірген,
 Балауса нәзік құрақтай,
Қайтыпты қозы қоз тиіп,
Бетінен кейде жел сүйіп...
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, олім, әлдиле...
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Алыста айдын шалқыған,
Көбігі меруерт балқыған.
 Сол айдындың астында
Бар екен алпыс ақ отау,
Атын уық, жібек бау,
 Бәрі он алты жасында.
Отау сайын толқыншаш,
Толқыншаштар жалаңаш...
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, олім, әлдиле...
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Жаңа біткен балдырған,
Сүйсе меіір қандырған.
 Айдынга барып түсіпті.
Отауларды аралап,
Жас жүрегін жаралап,
 Сұлуларды құшыпты.
Құшыпты да оліпті,
Жел толқыннан біліпті...
 Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, олім, әлдиле...
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Балдырганмен бастасып,
Сүлүмөн кол ұстасып.
 Жас ұланмен жолдас боп.
Жас кайыңды қолға алып.
Баланы сүйіп бір қанып.
 Жолаушымен мұңдас боп.
Мен де тезірек олейін,
Әлі жаспын демейін,
 Балқиды жаным бұл күйіге.
Мені де, олім, өлділе...
Өлділе, олім, өлділе!..

Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы өлділеп,
 Келші, олім, тезірек.
Жап үшудан тоқтады,
Жынданып енді соқпады
 Кешегі асау жас жүрек.
Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы өлділеп...
 Балқиды жаным бұл күйіге.
Мені де, олім, өлділе...
Өлділе, олім, өлділе!

ТІРІЛДІМ

Сансыз күндер ой астына комілдім,
Қор болып ем көңілін таппай көңілдің.
Жаспен жасып, оймен азып-төзып ем,
Өліп едім, бүгін тағы тірілдім.

Жаным өлік еді, жанға жан кірді,
Тамыр кеуіп еді, ыстық қап жүгірді.
Жиегінде қорғасындай көгімнің
Бүгін ғана бақыт таны білінді.

Бүгін маған жұмаққа өмір жол болды,
Бүгін менің құшағымда Ол болды.
Оны құштым, шарап іштім, шат едім,
Бүгін менің құшағымда Гүл болды.

Бүгін менің құшағымда кім болды?
Бүгін менің құшағымда Гүл болды.
Бүгінгі түн маған алтын Күн еді,
Бүгін менің құшағымда Күн болды.

Өзім ғана білем қандай жан құштым,
Жер құшпадым, шап құшпадым, таң құштым.
Жанды жуып, жүрегімді жаңалап,
Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым.

Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым,
Жанды құштым, таңды құштым, көкке ұштым.
"Сүйем!" - дейді бота көзі молдіреп,
Жасын токті, жасын іштім, бал іштім.

"Кокке ұмтылам, өттен дүние, аяғым!..
Болса аяғым, алып Мұса таяғын
Кетер едім тәңірі іздеп, Түр іздеп,
Жан жарым деп Сарыарқаның саяғын..." -

Деп сыбырлады алма ерні елбіреп,
Бота көзде ыстық жасы молдіреп.
Жыылған жас тоғілмейін тұра ма?
Жас тоғілді, тілініп жүрек, елжіреп.

Өкпен-өкпен: "Сүйем, сен де сүй!" - деді,
"Өмір бойы күіем, сен де күй!" - деді.
"Сеніменен жаным бірге, жан жарым,
Сен де "жан!" де, ессіз қанды тый!" - деді.

Ол жылады, мен де бірге жыладым,
Өкпен-өкпен: "Сүйі гана!" - деп сұрадым.
Көп жыладым, сол ыстық көз жасымен,
Алдағы өмір жолын таптым, мұратым.

Жнырма жеті жыл жүрекке берілдім,
Түйін қормей, күшін қоріп өмірдің.
Екі жаспен жуып алдым жаңымды,
Өлген жерден бүтін мәңгі тірілдім.

ЖҮЛДЫЗДЫ - ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ГЫП БЕРЕЙІН

Келші, козім, күн бетіңді көрейін.
Сүйіші, сәулем, түншығып мен олейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектейі,
Жұлдызды - жүзік. Айды алқа гып берейін.

Сөзің - сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың - толқын, жүрегімнің жарына
Соғылды да, баттым улы зарыма.
Айнам, саған арнап жырлар жазамын,
Қаламымды матып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал.
Бүлдіргендей, бобектайым, бетің бал.
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар.
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сәулетерден шок қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмейі көзден аққан жасыма.

Келші, козім, Күн нұрына көмейін,
Сүйіші - олейін, "неге олейін?" - демеіін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектейі,
Жұлдызды - жүзік.
Айды алқа гып берейін!

ЖАЙ ӨНШЕЙІН ОЙЫН ҒОЙ...

(Саясатымыз)

1

Айт! Күйт! Ха, ха, ха-ау!
Бітір бер Мәскеу...
Иванов қалқам,
Мә, саған Арқам!
Әй, керек-ау, әй, керек.
Арақ ішсең, асыңа
Майі керек.
Торелерге жем керек,
Оқығанға шен керек.

2

Март, апрель, май,
Жорта түр! Уайдай!
Дүбір жатыр.
Гүбірнатыр - біздің бай.
Керенский Саша,
Жаса Саша! Жаса!
Вся Россия наша!

3

Толстов, Колчак,
Давай сюда коньяк.
Ой, Иван, аламан,
Мені ойт, атаман!
Өрледі батыр, өрледі.

Ағаш найза сермеді...
Қарсы алдында қалтыған
Николайды көрмеді...

Саясат - ағаш ат,
Мінді есер киме есер.
"Шу, - деді сабаз, - шу!" - деді
"Шу" дегенде гүледі.
Табаны тасқа тимеді.
Туған елін біледі.
"Қызыл ерің - мен", - дейді,
"Қазағым, қасым - сен!" - дейді.

Шулады қазақ шұрқырап.
Барады "батыр" тырқырап.
Аузынан көбік бүрқырап...
Айтсаңшы иман, молдеке-ау.
Барады гой қорқырап...

БЕРНИЯЗҒА

(... Ұлан өлді батып қанға,
Тыныштық тапты асау жан да.)

Өмір - дала, ақын - бала қаңғырған,
Жап сусынын көз жасымен қандырған.
Ақын - бобек, өмір - қобік, тылсым-ды
Ойнап, арбап, бобекті естен тандырған

Күңіренеді кеңес айтып қария,
Әлдеқайда жер шетінде дария:
Тұңғықтың түбі толған тамаша,
Дарияның сыры жоқ қой жария.

Дарияның астында - алпыс ақ отау,
Ақ отаулар алтын уық, жібек бау.
Отау сайын сұдай сұлу толқыншаш,
Толқын тербеп: "Әлди, әлди!" - дейді бау

Әлди-әлди, тербеледі ордалар,
Ордаларда оншең сұлу ән салар.
Сұлу жанның күлкісі де сиқыр ғой,
Күлкілері қобік болып жорғалар.

Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,
Жас ұланның жүрегін жүз тілгілер,
Шерлі ұланның көріп суға шомғанын
Мылқау жартас: "Жынды ма әлде?!" -
деп күлер.

Кеңес айтып күңіренеді бір күні,
Есімде жоқ, әйтеуір сол бір күні:

Майдан құрып, қарсыласқан екі жау,
Таудай мылқау, бірінің де жоқ үні.

Екі жаудың біреуі - олім; бірі - өмір.
Бір-біріне қайрасады тіс шықыр.
Бір мезгілде жаны жалын жас ұлан
Әлдеқайдан қан майданға келіп тұр.

Жап-жас бала келе сала, қабағын
Түйіп, тартқан екі жаққа салағын,
Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне,
Қан майданда қайтыс болған қарағым!

Ұлан өлген, мұны көрген екі жау:
"Мына ұланның емес, сірә, дені сау, -
Деді - дағы, шегі қатып күлісті, -
Әйі, есалаң!.. Ха, ха, ха, ха, ха, ха ха-ау!"

Жаны жалын, жаны шерлі жеткіншек,
Күлсіп саған, сөксін мейлі көк есек.
Мен сөкпеймін, сені сонау толқынмен,
Қан майданға неге ғана кірдің деп.

Мен күңіренем ұлы ойлар кеп басыма,
Жырласаң ед шомылып көз жасыңа:
Тұңғықтың түбіндегі тамаша
Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа...

Өмір, олім - мәңгі аңдысқан екі жау,
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
Сол жыр таппай, садақ тартпай, сабыр ғып,
Қан майданда күңіренсең еді, сор бала-ау!

Ойлаймын да, өкінемін гапідігіңе.
Жашым сенің еді жақындығыңа...
Жастай сонғен жалын жанлы жеткіншек.
Күпәң ауыр, кешем ақындығыңа.

Өмір - дала, ақын - бала қаңғырған.
Жап сусының көз жасымен қаңдырған.
Ақын - бобек, өмір - көбік, тылсым-ды
Ойнап, арбап, бобекті естен тандырған.

СЫРДАҒЫ АЛАШҚА

Атаң отқа табынған,
Өзің пірге бағынған.
Тәңірің - оттан боп үміт.
Атаң отқа табынған.
Жан ба еді ол жауға жалынған?!
Сыр бола ма жыр мен от?

От дегенің - аспан ғой.
Аспан жерді басқан ғой...
Томенге алып төнген ол.
Бір дегенің - жер ғой ол.
Жер дегенің - қор ғой ол.
Қорді сүйген, олған ол.

Атаң отқа май салған,
Жан ба ел жынан тайсалған?
Жаһүт жапқан ажыдан
Жаның жасып кірлеген.
Отпен аспанға орлеген,
Алады екен аластан...

Салық салған Сырдағы ел,
Қорге мүлгіп болма құл,
Атаң сүйген отты сүй!
Шаппағанға шап жүқпас,
Шаппағанға қан жүқпас.
Күйдірем десең, өзің күйі.

Отқа табын, тәңір от,
Оттан басқа тәңірі жоқ.

Сөзім - Сырдағы алашқа:
Жаның жасып кірлеген,
Отпен аспанға өрлеген
Жаныңды, алаш, аласта...

ТИРІ БОЛ

Сүмбіл шашы,
Сылқым жасы,
Отагасы
 Көріге.
Сокпе, жаным,
Тәтті қаным,
Бітті иман
 Бәріне
Жаның ұсақ,
Қоңызға ұсап,
Құшақ, құшақ
 Өсек көп.
Шың жапыңмен,
От қапыңмен,
Имапыңмен
 Ісің жоқ...
Қыбыр-қыбыр,
Жыбыр-жыбыр,
Сыбыр-сыбыр -
 Мінезің.
Шық, бері шық,
Кінәлайсың, жұрт,
Неге жырк-жырк
 Күлесің?
Кесек-кесек,
Артқан осек,
Бір көк есек,
 Көнбейсің!..
"Баспын" - дейсің,
"Жаспын" - дейсің.

"Қаспы" - дейсің.
"Мен..." - дейсің.
Бірін боктап,
Бірін мақтап,
"Алла хақ..." - деп,
Жалпақтап.
Ел дегенің,
Қам жегенің,
Мен білемін -
Бір атақ...
Жылмаң, жыртаң;
Бұртаң-тыртаң,
Бұртаң-тыртаң,
Сұм өмір...
Соныменен,
Алда-ай! Сенен...
Әх, ты, дур!..
Мейлі күрсын,
Бәрі күрсын,
Бүлік болсын
Ізгі жол...
Мен не дейін?
"Сен" - демеймін,
"Ол" - демеймін,
Тірі бол!..

ТҰРАННЫҢ БІР БАУЫШДА

(Сурет)

Ай туды, күшгірт кеш еді, алтын табак,
Ару гой ай дегенің алтын кабак.
Жүзінен сол сұлудың нұр төгілді,
Жайырақ - суда ойнаған алтын шапақ.

Жапырақ сәуде сүйіп дірілдеген,
Жел шіркін жаңы күйін күбірлеген,
Жерде су сылдыр қағып сүйінгендей,
Кей кезде күйін кернеп күрілдеген.

Ай қалқыды, сәуде аспаннан сорғалады,
Ағаштар ерке арудай ыргалады.
Арудың аққу мойны бұрылғанда,
Жұлдыздай жарқ-жүрқ етіп сырғалары.

Борік кінген бүйіра сенсең, кара ағашы,
Алқызыл алқа киер алма ағашы,
Бөленген сары алтынға тапал інжу,
Басына ақық сепкеп тағы алшасы.

Шнесі молтілдеген маржан екен,
Маржаны жерде жатыр, арзан екен,
Жамбыдай жақұты көп анар байгүс,
Тырбышп иеліктен ол азған екен!?

Тізілген түйме меруерт тұтка таптап,
Жанардай жарқыраған тәп-тәтті таң,
Жас өрік ай нұрында ақ алтындай,
Жас үзім - зүбәржаттан тізген шапақ.

Кок сұлтан, қызыл сұлтан - сұлтан егіз,
Бірі кок, бірі қызыл, тәжі - жеміс.
Жап-жағың жемісті ағаш, аяқ астың
Жайпаған феруза гүл ұшан-теңіз.

Сыр сойлеп сол гүлдерге сылдыр қағып,
Жатқаны тарам-тарам сулар ағып.
Тереңдік - мінсіз кезу, он-бойына
Қойған ба біреу әдейі күміс жағып?

Сөзге ыргып талдың сұлу саласынан,
Неге ұзақ бұйра бұлттың арасынан
Алтын аяң ерке сұлу шықпай қалды,
Арылмай жүрек анық жарасынан?

Бір жым-жырт басты неге баудың ішін?
Құлпырып, неге өзгертті гүлдер түсін?
Мынау жыр - шер жыры емес, хор жыры ғой!
Жыр қайдан? Өңім бе бұл? Әлде түсім?

• Бұл - бұлбұл! Бұлбұл екен сикыр комеі,
Не дейін, сонша сұлу, сикыр демеі!
Басында балбыратты, елжіретті,
Біраздан жанымда ол, алаң-дүлей!

Ертеден сені іздеген мен едім ғой,
Тұраңға бір сені іздеп кеп едім ғой!..
Ширази, шеих Саади, Хайямдардың
Өртеген өзектерін сен едің ғой!..

Жүректе, мені де орте, бір күл қалсын,
Жүректе, жоқ күл емес, мың күл қалсын.

Саірарға өмір бойы судай сұлу.
Жанымда сиқыр жырлы бұлбұл қалсын...

Бебеу қағып, басты бұлбұл тербеткендей,
Тербетіп ырыс, аспанға орлеткендей.
Ессіз боп бұлбұл құстың сиқырымен
Кетті алып асау жүрек ырыққа көнбейі.

Бергенде көтерілсе от боп жанып,
Қиялдың толқындары алды қағып.
Толқыннан улы балды жұта бердім,
Кетпес-ау, мен тапнасам, толқын тапып.

Жүтсам да, жүзе бердім, суып қанбай,
Қысылды кейде жаным шошығандай.
Арылып бар күнөдан асау жаным,
Тәңірінің дарғаһына бас ұрғандай.

Жүрек те арылғандай жарасынан...
Сонда ай да бұйра бұлттың арасынан
Жарқырап шыға келіп, ақ жүзінен
Төкті нұр талдың сұлу саласынан.

Жан-жақта коленкелер коленделі,
Көзіме әденелер елеңделі.
Жүрегі дүрс-дүрс соғып айта бердім.
Айтқаным: "Аял берді, олең берді?"

Білмеймін, көктеп көусар нұр күйылды,
Неге екен, көзіме ыстық жас жиылды.
Жоқ әлі улы балға қабадым гөй;
Бұлбұлым, өңің неге тез тыйылды?

Дарига, аяқталмай үзілді жыр,
Сүм жүрек жалын болып қалды гоіі құр.
Бұлбұлдың өнін үзген не болды екен?
Мынау не колдің беті жыбыр-жыбыр?

Колбеті жыбыр-жыбыр, бақа: "Бақ-бақ".
Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбақ?
Өмірдің өзгермейтін күрсын заңы -
Бір жақтап бұлбұл шықса, бақа шықпақ.

Жыршы күс бақырайған бақа көрсе,
Бақылдан тырбық бақа өнін болсе.
Ойласаң таң қаларлық дөнене жоқ,
Қусадан ақын бұлбұл үнсіз өлсе...

Түн өтті. Бозарғандай шығыс жағы,
Бақаның бітпек не бір "бақ-бақ-бағы?"
Бұлбұлға сыйға тартқан сол сәулесін
Арсыз ай бақаға да токті тағы...

АЛАТАУ

Оранып өмір бойы кок мұнарға.
Аспанды алып Алағ емген арда.
Айбынды аспан ана алып туған.
Бөбегін бөлеп қойған меруерт қарға.

Шыңдары арысымен араласқан.
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастап.
Күңіретің қоныраулы қара пардай.
Қап-қара қорғасындай бұтты басқан.

Иірілген айдаһардай ашулы асқар.
Томсарған туганнан-ақ тарыл тастар.
Құздарды мәңгі мөңіреу мұнар басқан
Жауһардай жарқыратан ашпақ шаптар.

Түк басып, тұла бойы толған кесте.
Қарағай, арша біткен өрлей төске.
Қарағаш, тал, тобылғы, жасыл шырша.
Қарақат, жиде, шие маржап түсті.

Сан шоптің түгесерсің атап қайсың.
Шымуыр, кокемарал, уқорғасың.
Аһ ұрған Алатауда аруларын
Уһімен тыяды екен ыстық жасың.

Жануар - бұғы, марал қоз адасқан,
Ойнаған ешкі, теке орғып тастап.
Даланың еркелері - арқар, құтжа,
Құлдырап оқтай күлік, елік қашқан.

Сары аю ойнайды екен таспен атып,
Борісі бокен жорткан түнде катып.
Топ шне бір күлжаға жабылмакшы -
Козыны жібергендей жамыратып.

Күздарда найза кия күстар шулар,
Томенде тасты сабап толкын тулар.
Аланың ақ тосінен орғып түсіп,
Сайларда салар ойнак асау сулар.

Бетгерін солтүстікке түзеп алып,
Шулдасып, "Алатаулап" ұран салып,
Елірін екпіндеген асаулардың
Күм жапкан кобі бірақ шолде қалып.

Бір шетте жыңды Қошқар Шуга шапқан,
Сусамыр арқасында сылдыр қаққан.
Арасан ауленің ыстық жасын
Жынып ап, Ыстық Ата дауырыққан.

Алатау - алып ана кокпен талас,
Арда емген сол ананы тентек Талас.
Қырғызға қасиетті Талас суын
Ертеде қоныс қылған батыр Манас.

Шыңдарын Алатаудың жел жайлаған,
Жел емес, қалың қырғыз ел жайлаған.
Желменен, желден жүйірік аңдарменен
Күздардан бірдей орғып, бірге ойынаған.

Сайларда сарқыраған селі ме екен?
Күңіреніп кошкен қырғыз елі ме екен?

Алаштын кайсар ұлы, кайратты елдің
Манасы - ел қорғаған ері ме екен?

Коп жылдар желдей заулап есті ме екен,
Алатау ості ме екен, ошті ме екен?!
Қиянын қыранындай кайсар елдің
Басынан күнгірт күндер кошті ме екен?!

Қарлы асқар, мәңгі мұнар барлы ма екен?!
Қайратты ел кайғы жұтып, зарлы ма екен?
Шер басып, алып азып, ерлер жасып,
Манас та ұмыт болып қалды ма екен?!

Жоқ әлі! Қарлы Алатау қалыбында,
Толқындар тулайды әлі шапшып шыңға.
Көзінен - от, сөзінен уыт жоймай,
Қайсар ел ұмытқан жоқ алыбын да.

Алатау оспейді екен, ошпейді екен,
Ауыздан алып аты түспейді екен.
Көрілер: "Киелі ер-ай!" - деп күрсініп,
Жастары: "Ер ұрпағы - біз", - дейді екен.

Ақындар мұңды қияқ шатады екен,
От болып көптің көзі жанады екен!..
Жомықшы "Манасты" айтып жорғаласа,
Көрі-жас көзіне жас алады екен.

Алашқа кайсар қырғыз бала ма екен,
Қайғымен кайсар жаны жара ма екен?!
Жараты ел кошкен күнін жоқтай, жылай
Құл болып, жасық жаспен қала ма екен?!

Тау ошпес, аспан төніп еміренген,
Сел солмас, карлы күз бен кок музды емген,
Ерлеріп ел коргаган есте тұтып,
Ел бітпес, кеңес кылып күңіренген!..

Аташтып кайсар кыргыз баласына
Қосылса жара жанның жарасына,
Жас токпейі, орлеп, орлейі Талас бойын
Тәуеп қыл Манасыңның моласына...

Р... ҒА

Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім,
Сені ғана сүйем - қуә жүрегім.
Суық жолдан сақтайтын, сен - періштем.
Сен болмасаң азып-тозып өлемін.

Түрлі жерде, түрлі жақта танымыз,
Атса-дағы, сүймес пе еді жаныңыз?
Бізді жан ғой жақын қылған, жібегім,
Бастаған жоқ ессіз ыстық қанымыз.

Есіңде ме? Бір жыл... күздің күні еді,
Күзді күннің салқыншалау түні еді.
Жарың тастап, түнде мені бақшаға
Кору үшін іздеп келген кім еді?

Ол түннен соң талай-талай жыл озды,
Ессіз жарың Айға қолын көп созды.
Аспанға орлеп, талай құлап мерт болдым,
Заман озды, жүрек соңді, жан тозды.

Өмір - жапан. Арып, шаршап жүргенім,
Ессіз едім, оңды-солды қормедім.
Тоғыз жолдың торабында тұрғанда
Жылы - былтыр, сені тағы қоргенім.

Қордің де сен, аштың таза құшағын,
Құшағыңда жас балаға ұсадым.
Сол кезімде бар күнәдән пәк болып,
Дегенім рас: "Сенсің жарым, қосағым".

Сол күннен соң тағы біраз күн өтті.
Ұмытқандай болдым сені, жібекті.
Сен сөзіме, жан жүрегім, жібегім,
Тоқтата алмай қалып едім жүректі.

Сен жыладың, көзің жасын көрмедім,
Зарладың сен, зарыңа құлақ ілмедім.
Мен жел едім, кеттім сонда жел қуып,
Көз жасыннан садақа боп өлмедім.

Айлар өтті, ай көрінді, олды жын,
Айлар өтті, айырылды күн мен түн.
Айлар өтті, ішкен удан айныдым,
Айқын болды ақырында жалған, шын.

Білдім: маған жар екенсің сен ғана,
Білдім: саған жар екенмін мен ғана.
Соңғы кезде сені көрмей, жібегім,
Ашып көрші, жүргемде көп жара.

Сені көрмей көзім көрге айналды,
Жүрегіме сансыз қасірет байланды.
Көп күн енді көрінбейсің, қашасың,
Жүрегіңнің махаббатын кім алды?

Ессіз жарың зарлап енді қалар ма?
Зарлай-зарлай қара жерге барар ма?
Бір жыл бойы теңіз болып тоғілген
Көз жасынан жібегім де танар ма?

ТҮРКИСТАН

Түркістан - екі дүние есігі ғой,
Түркістан - ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туган
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-оскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы.
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаган қалың орттейі аспанға орлейі.
Тұранның жері менен су да жат,
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранның шегі-шексіз шолі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған озендері
Тасыса, шолді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шолдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шолде,
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік қолдері бар,
Шалқыған шегі-шетсіз Теңіз, Арал,
Бір шетте қасиетті Ыстыққолдің
Бауырында дүние көрген түрік қожал.

Ертеде Оқыс, Яқсарп - Жепхун, Сейіхун;
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киеді сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсын,
Көкке асқан Хантөңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі - Памир, Алай,
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,
Толпаңда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат!
Күйындай бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Билесің тарихты аңсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған,
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

¹ Жап - Мағжан оскен ауылда "Тамаша, керемет" деген мағынада қолданылады. (Құрастырушы)

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кен ақыл, отты қайрат, жүйірік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тұмайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғыш ой, болат жігер,
Шыңғыстай арыстанның күр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле -
Атаға тартып туган бәрі борі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі:
Жолбарыс Сұпытай мен қызыл Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол билден Темір туган от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан назағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйірік Ұлықбекке.

Асыл қан - қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан - Ибн-сиппа Әбуғали.
Молдығы білімнің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын?

Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Коп түрік елші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері,
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны Абылай ері...

Шер батса кім іздемес туган елін,
Тұлпар да коксемей ме туган жерін?
Арқаның ардагері - қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Ертеде Оқыс, Яқсарт - Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл скеуін дария дейтін.
Кнелі - сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейтін!

СӘРСЕМБАЙДЫҢ ЖЫРЫ

Домбырам басы бал курай.
Басына қонар бозторғай.
Қатампырлы пасыбай.
Насыбайды атпасам,
Ауырар менің басым-ай!
Домбырам менің екі ішек.
Күңіренеді еңіреп,
Мен де бірге күңіренем,
Көзіме ыстық жасым кеп.
Ай, албар-ды, албар-ды!
Сәрсембайда зар бар-ды,
Зардан басқа не болсын,
Шықпаған құр жан қалды.
Бетегелі барқыттай
Белес-белден айрылдым.
Байдан қалған сарқыттай
Күміс қолден айрылдым.
Ай мүйізді ақ қошқар,
Ақтылы қойды бөрі алды.
Шұрқыраған жаңуар
Жылқыларымды ұры алды.
Ұры алмады, түн алды,
Түн алмады, жыл алды.
Жаяу қалдым әйтеуір,
Біле алмаймын кім алды?!
Домбырамның құлағын
Бостау қылып бұрадым.
Жылқымның жөнін сілтеші,
Өркенің өссін, шырағым!
Домбырам менің карағай,

Қылдың-ау шіркін, заман-ай!
Жат бауыр болған жас шіркін
Кеткенің бе қарамай?!
Домбырам менің зарлайды,
Зарламайды, қарғайды.
Мен де бірге зарлаймын.
Көзімнен жас парлайды.
Домбырам басы бал құрай,
Қалампырды насыбай.
Насыбайды атқан соң,
Жазылар менің басым-ай!
Жазылса да бас, шіркін.
Тыйылмайды жасым-ай!..

ЖАРЫМ

Керден-керден жүресің сен, не таптың?
Мен айтайын, айнымайтын жар таптым.
Күндіз-түні жар қойшында жатамын.
Естімеймін уын-шуын жап-жақтап.

Қанша күшсам-дағы сусын қапбаған,
Жан жарым бар, неге керек мал маған!
Жұрттың бәрі-ақ "Оңбаған жан!" - дей берсін.
Жан жарым бар, неге керек ар маған?!

Жарым күншіл, бұрылтпайды жан-жаққа,
Жібермейді жұмысқа да, маңсапқа.
Сондай ерке, оны күшып, керіліп,
Күндіз-түні күңіреп бер тек жат та.

Әкем маған: "Сауда қылып мал тап!" - дер.
Жарым маған: "Мал деген не, тек жат!" - дер.
Елім маған: "Елге еңбек қыл!" - дегенде.
Жарым маған: "Жатқан алам бекзат!" - дер.

Жар айтқан соң, жаннан жақын көрген жар,
Жардың тілін алмауға не дәтім бар?!
Тілін алдым - үйден, елден айрылдым.
Бірі де жоқ - мал да, ел де, намыс, ар.

Жар жат дейді, жатамын да жатамын,
Мас адамдай бос ойға ығи батамын.
Ашылғанда үйкыдан көз, бар ісім -
Қылжалаңдап, жоқты-барды шатамын.

Әрине, енді мені мақтар пенде жоқ.
"Жап-жақсы еді, жар аздырды-ау!" - дейді көп.
Жұрт сөзі не? Жап жарымның қойнында
Жата берем: "Жаным, жаным, жарым!" - деп.

Бү жарым кім? Тапшы көне - "Денсаулық?",
- Сен дейсің гоіі: алма бетті, ақ жаулық...
Жоқ, жолдасым, адасасың, айтайын:
Жарым менің - атышулы жалқаулық!

ЖЫЛҚЫШЫ

Бораны - борі ұлып тұр,
Тобеттей тынбай үріп тұр.
Сын тағылды қацтарға.
Аман ба екен жылқышы?
Аман ба екен жылқысы?
Малға барған жан бар ма?
Түтінді жерге тығатын,
Түкіріктен түйме тағатын
Аяз мынау шатынаған.
Хабар бар ма, мал қалай?
Малдағы жалғыз жан қалай?
Адам бар ма қатынаған?
Боран мынау, қабандай,
Арсылдаған шаба алмай:
Түбі қайыр болса игі.
Аяз анау жер тілген,
Ұша алмай анау күс олген.
Жылқышы қасқа не күйде?
Бір бұта жоқ - айдала,
Аппақ кебін айнала:
Қаттып қос түр ма екен,
Құрт кожені сіміріп,
Тұмақты қойып жымырып,
Қасқып қасқыр жүр ме екен?
Ойнақ салған құр аттай,
Шұнандаған лактай
Оргыса да аяз окіріп,
Қозғап қойып арқаны,
Ермек қылып малтаны.
Түр ма екен шырт-шырт түкіріп?

Бораны өлде далащып
Бейітіндей баланып
Қосын басып, жыгып па?
Қайран, қасқыр - жылқышы
Ығып кетіп жылқысы,
Ол да бірге ығып па?
Долы, пері, жып боран,
Сумандаған сұм боран
Құлак-мұрнын қарып па?
Күші кете беріп пе?
Үмітпен түнге төніп пе?
Бір малта жоқ-ау гарыпқа,
Жеңе ме, дүше-айі, тілсіз жау?!
Алдында бір сай бар еді-ау,
Сол сайдан аман отіп пе?
Құлап өлде, тап соған,
Қарқ-қарқ күліп басынап
Боран жүріп кетіп пе?
Алас ұрып, ісініп,
Есі кетіп жығылып,
Есіл ер үсін өліп пе?
Ердің солай өлгенін,
Қардың қалай көмгенін
Құзғыштан басқа көріп пе?
Боран мынау қабандай,
Қатулаңған қаба алмай:
Түбі қайыр болса игі,
Басында, өлсе - сайғак жоқ,
Өліміне айғак жоқ,
Жылқышы сорлы не күйде?

АЛАТАУДА

1

АЛАТАУ

Иір-иір Алатау
Бүйра-бүйра жал ма екен?
Карасам көзім талады-ау
Кияна, асқар Алатау.
Бөлек-бөлек бала тау -
Етекте шоккен нар ма екен?
Желкендегі, ару Алатау,
Жәуһардан тізген жал ма екен?

2

КҮЗДАР МЕН ҚЫЗДАР

Алатаудың күздары
Аспанның сырын үрлайды.
Жылытып жырмен мұздарын,
Күнірентіп таудың күздарын,
Қырғыздың ару қыздары
"Зекенбайды" ырлайды.
Алатаудың күздары
Қырғыздың сырын үрлайды.

3

ҚОКИ МЕН ҚАРТОЗ

Тұлымдары сүліктей
Селкітері бар болсын!..
Едірейіп еліктейі.

Селкілері сүліктей.
Қоя-ақ қойды елікпей.
Көрініп қокі қартозын.
Сымбаттары сүліктей,
Селкілері бар болсын!

4

ТАУДЫҢ ТОЛҒАҒЫ

Ай шырайлы аяшың
Күң болып, күйіп солмасын.
Бозаға толып шанашың,
Күң болып, күйіп аяшың.
Семетай менен Манасың
Қысыр бір кнсса болмасын.
Айшоректейі аяшың
Күң болып, күйіп солмасын.

5

ҮЙДІҢ ЕРІ

Тырнала, қырғыз, танабың,
Ел болмайсың оқымай.
Мола жүтсын манабың,
Тастапсың адыра танабың.
Боза бопты шалабың,
Атаң корі, қокі-ай...
Тырнала, қырғыз, танабың,
Ел болмайсың оқымай.

АСЫҚ ИРҮ

Сынайын бір сақаны,
Иірейін құрғырға,
Айттырғанға қалқаны
Толды ма екен он жылға.
Алшы түссең - болғаның,
Тәйке түссең - тәуекел,
Бүге түссең - құрығаның,
Шіге түссең - ұрғаның.
Таңмын өзім, оіі алда-айі,
Өсіп қапты апыр-айі,
Әйі, қыз деген көпір-айі!
Мен баяғы қалпымда.
Алсам биыл Күрке аулақ,
Жатар ек-ау екеуміз.

Бір аяқ қатық тастап ап,
Қойға кетсем мен күндіз.
Қойды айдасам түс ауа.
Ырғала басып, ыныранып,
Қатыным шықса қой сауа,
Сусынға қойса қымыран ғып,
Күркеге барсам, жайланып,
"Әйі, қатып, бері кел!" - десем,
Бірдеңеге айналып,
Ол кешігіп келмесе,
Қайта шығып күркеден,
Қатынға барсам тістепін...
Отырған жерде желкеден
Теуіп-теуіп қалсам кеп.

Ол көзіне жас алып,
"Адыра қал. - десе - адыра қал!.."

Ал, асықты байқалық,
Не дер екен біздің бал?
Алшы түссе алақай!..
"Түс! - дегенде, - түс. күркыр!"
Қырыққа келген "балақай",
Тәйке түсті-ау! Тәуекел!..

ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ

Оқудан қайтты жас Сапар!

Торде отырған ақсақал

Орын берді қасынан:

"Не білдің, балам? Не хабар?"

Жұлып алды жас Сапар

Такияны басынан:

"Тыңдаңыз, міне, қария,

Жер деген - мынау такия!

Тап осындай жұп-жұмыр.

Екі басы сопақ па?

Қараңыз енді Күн жаққа:

Лампы мынау - Күннің түр.

Домалай ма?

- Домалайд!

Құламай ма?

- Құламайд!

Бұл осымен болды ма?!

- "Токтат мынау шіркінді,

Басы жұмыр пенде еді

Жерді де жұмыр қылды ма?"

- "Жоқ, ата, бұл - жағырафия,

Міне, сізге такия!

Сенбеуіңіз жарамайд.

Домалай ма?

-Домалайд.

Құмалай ма?

-Құмалайд.

Тап осындай домалайд!" -

- "Мынаны қалай жұптейміз,

Біз неге құлап кетпейміз?
Домаланса, мұнысы не?
Сөздің қарашы қатасын!..”

Құласаң құлап жатасың!
Жердің онда жұмысы не?

ЕСКІ ТҮРКІСТАН

I

ЕСКІ ШАҺАР

Ескі шаһар - таң дүше,
Салар болсаң назарын,
Не коресің?
Коресің -
Майдан сайын мазарын.
Мазар сайын мың сопы
Саулатып тұрған газатып.
Не коресің?
Коресің -
Моллiген мешiт ажарын.
Мешiт сайын сан молда
Апыратып тұрған азанын.
Не коресің?
Коресің -
Ыңыл-жыңыл базарын.
Бүлкілетіп әр жерде
Қайнатып жатқан қазанын.
Не коресің?
Коресің...
Токтайын: талар назарын!

2

АРБАКЕШ

Ыңылдайды арбакеш,
Арбаңдайды арбасы.
Ыргалады ол, ыргалад
Астындағы жоргасы.

Қошшыда бар қауышы.
Қолында қызыл алмасы.
Құлаққа гүл қыстырған.
Берген шығар қарғасы.
Сағыздай созар сөлемін.
Қарсы келсе молдасы.
Мешіт көрсе молмед.
Тұрғандай тоңип алдасы...
Ыңылдайды арбакеш.
Арбаңдайды арбасы!

3

ӘЙЕЛ

Пәренжі үсте - бітеу қап.
Бетінде перде - шімбеті.
Шімбетінің астында
Гүл шырайлы шын беті.
Желпіне алмай, жамылып,
Быршып тұрған тер беті.
Шаңырақ сырға құлақта,
Молт-молт еткен меруерті.
Зәмзәм күйіган құтыдай,
Домаланған келбеті.
Тарта беру тымшып -
Кошеде онын міндеті.
"Агузы біллаһи, әйелге
Мұтлақ харам ер беті".
Түркістанның тақсыры-ай,
Қүдіреттен күшті-ау күдіреті!

ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚҚА

("Қосшы" ұйымының тобы туралы)

Арқар менен күлжадай
Қойылдасқан ежелден,
Екі теңтек тетелес.
Сойылдасқан екі елден,
Түн заманды тоңкерген
Топан-замап не күтед?
Қырғыз - таудың тарпаңы,
Қазақ - қырдың құланы.
Екеуіңе топанның
Тартқан мынау ұраны:
Екі тарлап табысып,
Шұркырасқай деп күтед.
Алатау, Арқа күңіренген
Күні кеше зарыңнан.
Сендерді солай сорлатқан
Албастыдан арылған.
Бүгінгі тұңғыш тойыңа
Той ұласқай деп күтед.
Енді алдым ашық деп,
Ілгері басқай деп күтед.
Елмен қатар елдіктен
Үмітті болғай деп күтед.
Ұйымдарың сол жолда
Ұйытқы болғай деп күтед.
Сокқы жеген жетім ел.
Балаулы болғай деп күтеді.
Сондықтан қызыл жалындай
Жалаулы болғай деп күтед.

ОРАЛ

Ұзын Орал - күн мен түн шекарасы,
Бір жағы - күн, бір жағы түн баласы.
Арғы жағы - қок қозді жып ұясы,
Бергі жағы - түріктің сар даласы.

Асқар Орал - көрі алып күзет тұрған,
Күн мен түн арасында қытай қорған...
Денесі - тас, қарағай - қою мұрты,
Он менен солтүстікке ол мұртын бұрған.

Қарама еш нәрседен, кошiм, тоқтап,
Келiп едiм елiмдi аңсап, жоқтап,
Үйкы дұшпан деген сөз дұрыс екен,
Сол алыптап отiппiн түнде үйықтап.

Кеш, алыбым, жүзiңдi көре алмадым,
Алдыңда нiлiп сөлем бере алмадым
Амал не, сар даладан сақ елшi боп,
Күзеттегi алыңқа келе алмадым...

Ұзын Орал - күн мен түн шекарасы,
Өлiм - түн, өмiр - гүлдi күн даласы.
Өмiр менен өлiмнiң шекарасын
Үйықтап озбақ ежелден жер баласы.

Екi дүние - күн мен түн, өмiр-өлiм,
Бiрi - бесiк, бiреуi - даяр көрiң...
Бала болып жата бер бесiгiңде,
Сар даланың еркесi, қазақ елiм...

ЕДІЛДЕ

1

Бүктетіліп жатқан бел
Сүтке тойған марқатай.
Бүйра қою қарағай -
Белге біткен шалқатай.
Су жеп қойған жұмыр тас -
Түйір-түйір малтадай.
Арнада озен қылықты -
Қылмаңдаған қалқатай.
Тайызға біткен құба тал -
Мойындағы алқатай.
Жер еркесі жер мынау.
Шер қатар ма тарқатай?!

2

Түсте толқын еліріп,
Абыржып еді ойнақтай.
Кешке толқын тып-тыңыш.
Қабыржыған қаймақтай.
Түсте толқын тулап ед
Ойнақтаған тайлақтай.
Кешке толқын тынып тұр
Қоңыр іңір бейуақтай.
Түскі толқын теп-тентек,
Бойлауық, көзсіз қайраттай.
Кешкі толқын тұңғық,
Тек қоймас терең ойлатпай.

3

Тізілген толқын - меруерт
Бір-біріне тағылып.

Шұбырған толқын шуменен
Ағытқан қойдай ағылып.
Күдіренген толқын долданып.
Көпірін жарға қағылып.
Жағада бүйіра бала тал
Таң болып тұр аңырып.
Толқынға карап мен тұрмын
Қоңыр оймен қамыгып.
Сарыаркам қайда? Алыста
Жүрмін мен мұнда нағылып?!

4

Ерте күнде Еділдің
Ертегі деген тоғайын.
Дүлей тоғай ішінде
Орманбеттің ноғайын.
Арқада жатқан алты алаш
Ол күнде болған ағайын.
Жорығы, жолы - бәрі ортақ.
Бірге де жеген уайым.
Өткен айқып, ұғымды.
Мынапы не деп ұғайын:
Дүлей тоғай түлданған.
Танып болмайд ноғайын.

5

Ойнап тұрған оқадай,
Еділдің беті ақ ала!
"Ақ атасы не?" - десем:
Ылғи шацқан шағата.
Суды сүйген сары алтын
Сәуле қой сүйген бағана!

Кемеміз қолбеп келеді
Жібектейі жасыл жағаға.
Шоккен бүйіра бұлттай
Астрахань жатыр сағала:
Корген соң оны ой қолтй.
Ертедегі Асан ағаға.

6

Асан қайғы салдырған
Астраханьға жетейін.
Қайғысыз хандар күмбезін
Әдеіі аттап кетейін.
Асанның тауып моласын
Соған тауап етейін.
Моласына түнейін.
Ақ батасын күтейін.
"Жолым қу!" - десе болғаны.
Басқа жолды не етейін?
Әз Жәнібек сендер бол.
Мен Асан болып өтейін!

ЕЛДІДІҢ САҒАСЫНДА

1

Араладым біраз күн
Елдің саға олкесін.
Қазақты кордім қуарған
Жүк тасып, тескен желкесін.
Балық аулап бозарып,
Жайлау қылған кол тосін.
Селеңдейтін селенге
Мұжықтың аңдып болкесін.
Сөз сойлесе, сабайтын
Орыстың: "Совсем..." "Толькесін.."
Ойлапбаса мынау күі
Келтірер кімнің күлкісін?!

2

Салалы сонау сагада
Біраз ел бар - Байұлы,
Жорғасы мен жүірігі -
Қалтылдаған қайығы.
Құрық салған құлыны -
Тулатып шапышқан жайыны.
Қалағындай қайықтың -
Сіріңке қара айыбы!
Қара су, балық - қорегі.
Жоктықтан жоқ-ау айыбы:
Бұл күіге түспей құтылар
Қазағыңның қай ұлы?

3

Ауылға жеттік қайықпен
Көкжиекке күн бата.

Бір лапықтың тұсына
Тұра қалдық үн қата
"Қош келдің!" - деп қарсы алды.
Ақсақалды бір ата
Бес бекіресін секірттіп,
Алып кеп деді: "Ақ бата!"
Бекіресін жеп шүкір гып,
Біз де жаттық ай бата.
Ай бата деген жайі бір сөз,
Жанға бір ауыр ой бата!

4

Бір ауыл беріш ішінде ек,
Қонған өзек бойына.
Күн шықты, құрбан мейрамы
Басталды құрбан сойыла.
Біраздан біткен бозбата,
Тоіып ап құрбан қойына.
Шомеледей шаштары,
Күйектей кесет мойында:
Дүркіресіп жөнелді,
Селенге - Сергей тоіына...
Еліңнің жайы осылай,
Келе ме еш зат ойыңа?

5

Бағлан жейтін қарт, мейлі,
Балық жеп кірсін қоріне.
Алашыл, айтшыл молдасы,
Шықсып-ақ жұмақ торіне.
Қалада жүрген інішек,
Қайыс буган беліне.

Көз қырыңды сала гөр,
Қазақтың қыршың толіне.
Мақсатың болса, шерлі елді
Шығару өмір өріне, -
Қаш қаладан, қарағым,
Еліңе қайт, еліңе!

ҰЛБОСЫН

Бауырсақ мұрыны пұштынып,
Бесікте жатты Ұлбосын.
Әкесінің ойында:
"Ұлбосыным пұл болсын!..."

Тышқан көзі сықсынып,
Ойнап жүрді Ұлбосын,
Әкесі енді жиірек
Ойлап жүрді: "Пұл болсын!..."

Бүйрек беті бұлтнып,
Шолпы тақты Ұлбосын,
Күлім қақты әкесі,
Ойға батты: "Пұл болсын!..."

Салмақты қыз боп ақылды,
Он бірге жетті Ұлбосын,
Мал алуға әкесі
Құдаға кетті: "Пұл болсын!..."

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет
Он беске келді Ұлбосын,
Әкесі ойды пректейді:
"Отыра түссін, пұл босын!..."

Ирек боп қалды-ау ой шіркін,
Пұл болмады-ау Ұлбосын,
Ұлбосын бныл естіпті:
"Енді ойелге жол босын!..."

Естіпті де досына:
"Мәң-жай мынау... ал, досым!" -
Депті. Сойтіп сол түнде-ақ
Кетіп-ақ қалған Ұлбосын.

Бұркырап отыр әкесі:
"Күл болмаса, бұл босын!"
Мен не деймін, қалқам-ау,
Жол босын деймін, жол босын!

ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ

(Қысқы түнде шеше мен бала)

- Түн түндерді, ұйықтады ауыл.

Сорлы бейбақ, атаң қайда?..

- Боран мынау, туды дауыл.

Апатайым, атам қайда?..

- Сорлы бейбақ, атаң қайда?

Қор үнгірді боран комді!..

- Апатай-ау, атам қайда?

Әйінек сынды, білте сонді!..

- Қор үнгірді боран комді.

Комді де екен атаңды әлде?..

- Әйінек сынды, білте сонді.

Сонді ме екен атам да әлде?..

- Комді ме екен атаңды әлде?

Қалқам, қандай күйге түстік?..

- Сонді ме екен атам да әлде?

Апа-ау, мұнша жасың ыстық!..

- Қалқам, қандай күйге түстік?

Жаным - жара, көңілім - қаяу!..

- Токпеші, апа, жасыңды ыстық!

Байқашы өзін: боран баяу!..

- Жаным - жара, көңілім - қаяу.

Аман ба екен бейбақ атаң?..

- Жел де бәсең, боран баяу.

Қарашы әне, ағарды таң!..

- Аман ба екен бейбақ атаң?
Құлыншағым, қорғаным сен!..
- Міне, атты таң! Аман атам!
Қапа болма, қорғаң мен!..

ҚАРЫНДАСТАР

1

ҮЙДЕГІ ҮНСІЗ ҚАРЫНДАС

Қарындасым, салмактым,
Қорғасын күйігән асықтай.
Былық-сылқ етіп басқаны
Молдалар жазған машықтай.
"Шүкір" деп шапшаң айтпайсың,
"Үш-ш-ш" дейсің асықпай.
Жуырда жауап бермейсің,
Жігерлі жүн ғып жасытпай.
Берсең жауап балбырап,
Су татыған жасықтай.
Күніренгенің - күлгенің,
Көздің жасы білгенің,
Ашуды у ғып ашытпай.
Қайтейін сені, бауырым,
Тым түйық, бұйық баласың,
Әкеңменен қол соғып,
Алады-ау сатып сасық бай.

2

БҮЛҚЫНЫП БУҒАУ ҮЗГЕН ҚАРЫНДАС

Қорғасын күйігән сақадай
Сәулем менің салмақты.
Салыстырсам салмағын -
Қала қызы қаңбақ-ты...

Менің бауырым сызылып,
Сәндеуші еді салмақты...
Сол салмағы сор болып,
Таласта талай қор қылып,
Тістетіп еді бармақты.
Сол бауырым бұл күнде
Құр салмақпен қалмапты.
Үшан дария ақылдым
Азаттық ұранды аңдапты.
Аңдаған соң бұлқынып,
Мал бергенге бармапты.
Көндірем деп ешпенен
Аға, жеңге арбапты...
Ақ батаны бұздың деп,
Ата-анасы қарғапты.
Қара ормандай қайраттым
Қайыспапты қарғысқа...
Арбауға құлақ салмапты.
"Мен енді азат адам", - деп,
"Сүйгеніме барам", - деп,
Тас түлектей талпынып,
Өзіне теңді таңдапты.
Бергелі жауап жарымен
Бұрала басып, майысып
Мекемеге кіргенде,
Сызылып сойлеп салмақтым
Бір сөзінен таңбапты.
Хабарыңды естіп осынау
Бұғау үзіп босанған,
Сүйгеніңе қосылған,
Қуаныш сыймай қойнына,
Тарту қылып тойыңа.

Уыстап шашқан шашудай
Аған олеңді аңдатты.

3

ОҚУДАҒЫ ҚАРЫНДАС

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
Қаймақ кабак, кара қыз,
Қамзолының тосіне
Қадап алып "ай", "жұлдыз".
Жылы былтыр бой жеткен,
Боп кара қыз майысқан.
Биыл баста кон шапке,
Қамзол киген қайыстан.
Күзді күні келіп ед,
Төбініп қап түйесін.
Қордім кеше үңіліп,
Оқиды "тұрмыс жүйесін".
Оқиды, көзін ашады,
Ойлап тұрды, пікірлейді.
"Есен бе, шырақ?" - деп едім,
"Үш-ш-ш", - демеіді, "шүкір", - дейді.
Сөйлесіп ем тезірек,
Сөзді бұрды ауылға,
Неліктен мұнша ауылшыл?
Апасы қапты-ау ауылда...

4

ЖОЛ ШЫҚҚАН ҚАРЫНДАС

Құшақтап сүйіп сіңілісі
Тетелес туған әпкесін.

Киді жолға шықпақ боп
Кон шапан мен шапкесін.
Баяғының киімі
Жасқа қайдан шақ келсін.
"Теңдік" деген ұранға
Толтырды қолда папкесін.
Кондірді де, сендірді:
"Келем, күт!" - деп әпкесін.
Торсық бетті борсық бай
Қақалсын меілі, "қап!" - десін.
Қарындасқа жол шыққан
Біз жолдаспыз айнымас.
Азаттықты, апсаған.
Әпкесіне ап келсін.

5

ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚАРЫНДАС

Торғайдай таңмен оянды,
Оянған соң жатпады.
Азаттық іздеп шарқ ұрды,
Тұрмыста тұшы татпады...
"Бұзылған бала" атанды,
Басында жұртқа жақпады.
Бықсық сасық осекті
Табанға салды, таптады...
Бой бақпады, ой бақты...
Бетіне бояу жақпады.
Шұбалтып ұзын шаш қойып,
Шылдырлап шолпы тақпады.
Шапке киіп, папке алып.

Баяндама жаттады.
Орынбор, Мәскеу аралап,
Жазы-қыс дамыл таппады.
Арып-ашып ел кезіп,
Қайғылыны хаттады.
Күң боп езіліп, егіліп
Жылаганды жақтады.
Суырылып тонға сөз сойлеп,
Әйел мұнын жоқтады.
Қысқасы, әйел жынысына
Қара ормандай қызмет қып,
Өркені оскір қарындас
Ақтады үмітті, ақтады.

АНА

Үйдің іші үйқыда,
Түп ортасы шамасы,
Бесікте ауру бобекті
Тербетіп отыр апасы.
Үңсіз меніреу ұзын түп,
Азынап жел есіктен,
Шоқнып отыр апасы,
Көзің алмай бесіктен,
Бобек жатыр балбырап,
Демігін қызып, қысылып,
Ауық-ауық селк етіп,
Әлденеден шошынып
Селк етсе бобек, апаның
Өзіне ажал жеткендей:
Жүрегіне біреу біз
Сұғын алып кеткендей...
Үңсіз меніреу ұзын түп,
Шоқкен кара бір нардай,
Сарғайып, аңа сарылып,
Шоқнып отыр дем алмай...
Таң алдында кара бұлт
Күңіреніп көкті жабады,
Бобегінің бетіне
Апаның жасы тамады.

БӨБЕКТИҢ ТІЛЕГІ

Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап,
Сегізін де семіз тап,
Құла бием, құлын тап,
Құлын таппа, құнан тап,
Құнан тапсаң, егіз тап.

Бокен жүнді борте ешкім,
Торт айда бол торт ешкім,
Тортеуің де борте бол,
Өлмей, жітпей есен бол,
Қой алдында көсем бол,
Тортеуің де серке бол.

Әукем, бұзауды алты тап,
Әукелері салпылдап,
Өгіз болсын атаңдай,
Бақайлары майысып,
Елемесін, қайысып,
Адам мінесе де атамдай.

ЖҮБАТУ

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Құнан қойды сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпем,
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Буырыл тайға мін, бөпем,
Ақ қызы бар ауылда
Балпан байдың үйіне
Бұрала барып түс, бөпем,
Қымызынап іш, бөпем,
Қымызынап бермесе,
Қызын ала қаш, бөпем,
Ащулапса ағасы,
Иштеп шалып жық, бөпем,
Кекендесе жөнгесі,
Жыңға басын тық, бөпем...
Әлди-әлди, апатай,
Коп жылама, қалкатай!
Әлділесем жыламас,
Ақылы коп қалкатай,
Айналайын айымыз,
Атты қарын майымыз,
Жеті қарын жөнтіміз,
Төшкент, Бұқар - кентіміз,
Дуай-дуай кемелім,
Күңгітайым қайда екен?
Саятайым сайда екен,
Асқар-асқар тауда екен,
Тауда пегып жүр екен?

Алма теріп жүр екен.
Алмасынан, қанеки?
Жаңа теріп жүр екен.
Жаңасынан, қанеки?
Жаңа барып жүр екен.

* * *

Ал, ішіндер,
Бұл - қымыз.
Бұл қымыздың арғы атасын сұрасаң,
Құлаша қулық бие сүті еді.
Томсарған ер қазақтың асы еді.
Бұл қымызды кім ішсін?
Бұл қымызды
Айлы күні айналған,
Бұлтты күні толғанған,
Құрығын қу пайзадай таянған,
Томсарған ер қазақтың өзі ішсін!

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

КҮЗ

Жапалақ-жапалақ қар жауар,
Жамап қатып қыз табар,
Жамбасына мұз тоңар,
Лақ, тоқты қашады,
Қойшы талқан асады.

ЖАЗ

Жыл құсын көргенде:
Самалық! Самалық!
Көк құс көзің ашты ма,
Аяғың жерге басты ма?
Самалық! Самалық!
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?
Самалық! Самалық!

ҚЫС

Боғаға жабу кидірген,
Бұзауды үйге сідірген,
Аяз, сені қайттейін?!

Қыздың бетін қызартып,
Мұздың мұрнын ұзартып,
Қызыл, сені қайттейін?

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ӨЗІЛ

Шолақ айдар, шоп желке,
Бауырсақ мұрып, бүйрек бет,
Бық-сылқ етіп жүргенде,
Ойламайсың ба үйрек деп?!

Өзім қазақ болған соң,
Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,
Басқа айтпайды, мен айтам:
"Сендей сұлу сирек", - деп.

* * *

Сырық мойын, біз мұрып,
Шіркін, тұздай көзіңіз.
Қыт-қытындай тауықтың
Күйіліп тұр сөзіңіз.

Кірпішеткенің ұнындай
Опа басқан жүзіңіз.
Жүз топкеріп көзіңіз,
Жақындайсыз өзіңіз.

Сізге кім ғашық болмасын?
Мәселен, біз өзіміз...

БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ

Ботамды көрдім түсімде
Қырмызы мәншақ тағынған.
Ботамды көрдім түсімде
Атасын боздап сағынған.

Апасы құшып еркесін
Көзінен меруерт ағызған.
Мен сендерден садаға,
Бобегім, жарым - жанымнан!..

ЖІГЕР, ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ

Жігер шіркін желінді
Болат жеген қайрақтай.
Мешеу болды жүйрік оіі
Кететін орғып айдатпай.

Қолды қардан оқ үзді
Ордаға байрақ байлатпай.
Өлер өмір, сөз қалар
Молаға қойған сайғақтай.

ӨЗЕННІҢ СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП

Өзеннің суып жел тербеп,
Ақ тосін керіп шайқалад.
Біресе ауыр күрсініп,
Біресе тынып жайі табад.

Жағаға біткен кербез тал
Ақ тосін керіп шайқалад.
Мінезіне кербездің
Кім бәлен деп айта алад.

Суга бетін сүйісін деп,
Бір беріп, тағы қайта алад.

АҚСАҚ АҚЫНҒА

Жаксыларға жанасып,
Жүз құбылып күніне,
Жетерсің әлі сен ақсақ
Талайлардың түбіне.

Мен келермін оралып
Күндердің бір күнінде.
Сен олерсің, жүзікара
Қор болып түптің түбінде.

ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУ

Сонау Еслам үздік туган бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол панадан, сол баладан айрылып,
Жалпақ Жауар¹ жүрегінде жара екен.

Колі кетіп, шолге айналса, жер жетім,
Ері кетіп, шер байланса, ел жетім.
Білдім анық жастын үздік туғанын,
Кормесем де, коргеннен соң ел шетін.

Білдім жастың асып туган бағасын,
Жас та болса, байтақ елге ағасын.
Қалың Жауар үстіндегі қамқаның,
Тағдыр тартып жыртқан екен жағасын.

Есін жия ел деп құлаш сермепті.
Ағайынның бірін де жат кормепті.
Ер азамат бір нахактан қысылса,
Қорғау бопты, бірін қолдан бермепті.

Тартып ылғи тура жолға, мақұлға,
Асқар таудай пана бопты жақыңға.
"Халық айтса, қалт айтпайды" деген гоіі,
Ие бопты байтақ терең ақылға.

Ажал бір жол, аттап отпек айла жоқ,
Өткен адам қайта келмес, қайла жоқ.
Солай, Зеке, елге тоқтау айтқан жон,
Оймен азып, жасығаннан пайда жоқ.

¹Жауар - қарауыл руының бір атасы.

Солай, Зеке, оіі сабырмен басылар.
Өзіңіздей ағасы бар, жасы бар.
Жақсы туған ер азамат жоқ емес,
Ел асқар гойі, талай қымбат тасы бар.

Сол сұңқарды кім ұмытар, кім қнып,
Кетіпті олім ел ойына у қүйып.
Бірақ ақыл жеңгені жон сол ойды.
Оіі деген бір дария гойі тұңғыық.

Оіі деген бір терең дария тұңғыық,
Оіі қажытар бір қайғы, бір нұр қүйып.
Оіі деген сел, онда құлан қағы жоқ,
Оіі дегенің таусылмайтын кермнық.

Жүрген жері сауық-думан базардай,
Ажал, шіркін, қаратпайды ажарға-айі.
Жолаушымын, уақытым тар, болмаса,
Жігіт екен арнап сөздер жазардайі.

Жігіт екен, кемеліне келе алмайі,
Арманда откен, толық жеміс бере алмайі.
Кемеріне келіп толса сонау жас,
Ел қалар ма ед ер жемісін тере алмайі.

Тауда тас көп, тас ішінде тас болар,
Елде жас көп, жас ішінде бас болар.
Сақа қоймас қолайына жақпаса,
Асыл туған жас байтаққа бас болар.

Мүше келсе, "ат боларлық құлып" дер,
Жақсы туса, сонда мынау ұлым дер.

Сол ұлынан ерте айрылса саналы ел,
Үзілгендей болды, дүние, жолым дер.

Солдай. Зеке, қайысса да қабырға,
Болсын байтақ енді миға - сабырға.
Олім жол гөйі, ел жолаушы сол жолда,
Енді қараі бермегейсіз қабырға.

ЖАМБЫЛҒА

... Жап аға! Шықтым олімнен,
Халімді менің көрсейші.
Жаның нұрға көмілген,
Нұрыңнан үшқын берсейші!..

ҚАЛАМЫМА

(Леон Исавич Мирзоянға)

...Енді бетім, елді қор еңбек емген,
Басында бағы жанып, күндей күлген.
Қомданып, қас қырандай қаруланып,
Алыста орағытқан жауга тоңген.

Осы бетім - ақ шетім, елге ере алсам,
Гүлденген өмірге үндес жыр бере алсам.
Соңалды Отанды қанмен қорғап,
Керек болса кезінде жан бере алсам.

Осы бетім - ақ шетім, келдім бастап,
Жапырған бар жараны сылып тастап.
Еңбекші ел, ашуы - ұшан, мейірімі мол,
Жапырды тарттым саған жалаңаштап!

ТОЛҒАУ

Тек ел деген сөзі үшін,
Ергенде ердім ұранға.
Болмаса аян досыма,
Досым түгіл қасыма:
Аты бар деп атшы боп,
Қошемет қып қосшы боп,
Ел бастаған ағаға
Адьютант болып ермедім.
Адьютант болып адамға,
Ермеуіме көп белгі.
Көп белгіден бір белгі:
Ағаның азы қасарып,
Аузына ауыр тас алып,
Тұншығып оймен жатқанда,
Талай аға тез жүдеп,
Жеммен жүрер жабыдай,
Жоңкіле жүкті тартқанда,
Құрбының көбі тез түлеп,
Топырлап топқа шапқанда,
Жапанда жалғыз күңіреніп,
Мен ойыма ергемін.

Еділ кездім, шол кездім,
Кезгенімде не көрдім:
Қайда барсам қор көрдім,
Айдарлысы құл болып,
Тұлымдысы түл болып,
Еңіреген ел көрдім.
Қаралы көптің ішінде.

Қара салып басыма,
Елмен бірге еңіредім.

Бұл айып деуші деі жатар,
Мен мұны айып білмедім.
Мен еліме басшы емен,
Мен еліме қосшымын.
Күлкісін гүлге болейтін,
Жыласа бірге жылайтын,
Жаны бір жолдас жыраумын.
Жылағанда жалпы жұрт,
"Жылама, күл!" - дегенде,
Көне алмадым, көнбедім.

А дегеннен асылды,
Тебіренген толқын бетінде,
Коремін деп асықтым,
Асыққаннан не пайда.
Толғақсыз туар бала жоқ,
Ту баста толқын бетінде,
Асығып күткен асылды,
Көре алмадым көрмедім.
Бұлқыған толқын бетінде,
Қалқыған қу тезектейі,
Бір күн бура болғышыл,
Бұзықтар болды көргенім.
Көргенім анық алайда,
Тезекке бола толқыннан,
Ат-тонымды ап безбедім.
Бұл бетуден саулығым:
Жүзден тоқсан толқында ед.
Анда-санда ес кіріп,

Сұрадым тоқсан сауылығын.
Атанбаймын. қалайда,
Толқынға жоқ-ты жаулығым.
"Жау" деген-жаудың жаласы,
Әділ болсаң өмірімді,
Ақтарып әдіт қарашы.
Отыз жыл өмір бойында,
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы.
Тексеруді отызды.
Ауырсынсаң қояйын.
Бір сөзімді есіңе ал:
Мен толқынға жау болсам,
Жеті жыл бұрын осыдан,
Төңкерістің таңында
Атты алашқа әйгілеп:
Не бостанлық. не құлдық.
Не езілу, не теңдік,
Не патшалық. не Кеңес -
"Екіден бір" - дер ме едім.

СОҢҒЫ КЕЗДЕ ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Жас Мағжанға

Мағжан депті біздің
 Бөкең баласын,
Қарашығым, бүлдірген
 бобек, адасым!
Сұрайсың ғой: "Қайдан
 келдің, аға?" - деп, -
Енді қайда жол тартып
 сен барасың?"

Бұл сөзіңе мен айтамын,
 қарағым:
Ойдан шықтым, ойға тағы
 барамын.
Көптен өзін ұстамап ем
 қолыма,
Тотыққандай болды мынау
 қаламым.

Оқасы жоқ, тотықса енді
 ашылар,
Қаламымнан тағы сөзім
 шашылар.
Сен, бобегім, ержетерсің,
 осерсің
Толындар да толқып-толқып
 басылар.

Екеуі де ес несі, есінде.
Тарта ризық, еркін теріп жесін де.
Ойлар, ойлар, құрбысымен теңдесер,
Үйде отырып, түзде жүрмін десін бе?!
Олай болса, артық сөз гоіі деменіз:
Омір - теңіз, су үстінде кемеміз.
Басар аяқ пық болғанда, ақыл жон:
Аяқ асты тайғақ болсын деменіз.

Солай, Зөке, бір себептен келіп ем.
Омір - бір жол, адам - кошкен керуен.
Ес білгелі шетте жүрген жәйім бар.
Сергелдеңде - серуен де сергелден!

Нағашыларға

Бір себеппен келіп қалдым бұл жаққа.
Дәм жазбады, бара алмадым ол жаққа.
Кормесем де, көп кішілік сөлемім,
Нағашымыз Махаң менен Қожаққа.

Аралап ем Шығыс, Батыс арасын,
Ергіс, Еділ, Сырдария даласын.
Дәм жазбады бүгінгі күн көруге,
Ел-жұрғымыз Баян - Шақа баласын.

Сол Шақала қажы Жүсіп дер еді,
Жақып пенен Өсіп те бар деп еді.
Үл боп туып, тартып мінген ат жалын,
Орда несі Хасен де бар деп еді,
Жиеніңіз қажы Жұмабай әкем де,
Олан туган Нұрмағамбет, Бекен де.

Сол екеуден жеті-сегіз біз бармыз
Бәрі жиен, бәрі сізге ботен бе?!
Бәрі жиен, бәрі сіздің қаныңыз.
Бәрі сіздің шашқан тұқым-тарыңыз.
Дәм жазбады, бара алмадым бұл жолы,
Сөлемімді қабыл көріп алыңыз.
Сөлемнен соң, нағашы жұрт ағамыз,
Кіші болса, көзі ашық данамыз,
Баршаңызға тапсырғаным менің де:
Қолымызда Мұхамеджан балаңыз.
Есі бар ед байқағандай парықты.
Оңды-солды, қараңғыны, жарықты.
Күн туган соң етігімен су кешіп,
Ел-жұртым деп сіздерді іздеп барыпты.
Барып сізді асқар пана қылыпты,
Панаңызда бала тұрмыс кұрыпты.
Өз балаңыз, ақылыңызды айтыңыз,
Албырт еді, ерке бала қылықты.

Жиеніңіз қажы Жұмабай қутты еді,
Әкем Бекен Атығайға тұтқа еді.
Тұтқа десем сойлеу болар асыра,
Деуші болар басқа тұтқа жоқ па еді.

Не жоқ болсын, Шахаң елге аға еді.
Үздік туған, жанат тонға жаға еді.
Ел ағасы Исекең анау, қайраным,
Өрге бастап, торге тартқан тайлағын.
Өрісін кең тарылтпайтын аз елдің,
Атығайдың алып жүр гой байрағын.
Жиеніңіз ес білгеннен ел деген,
Өрге ұмтылған, өрге қарай өрлеген.

Кім ұшырамас алыс жолда шалысқа,
Күн де болды қолды қате сермеген.
Нағашы жұрт, сізге дүгай сәлемім.
Өзім жолда, барсын сізге қатамым.
Амандықпен көріскендей күн болсын,
Қоштық айтам, Қызылжар жүріп барамын.



ҚОРҚЫТ

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде
Ертеде алаш елі мекен еткен.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн - ертегідей ерке күн ғой.
Өткен күн - ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой.

Өткен күн ертегімен таласқандай,
Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!
Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде,
Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай.

Сол күнде бір ер бопты алты алашта,
Қаны бір қалың елмен, жаны - басқа.
Елікпей ес білгелі еш нәрсеге,
Өзіндей үйірілмеген албырт жасқа.

Қорқыт деп қойған екен ердің атын,
Оңған ел ер деп атар азаматын.
Талайлар таңданыпты күнде көріп,
Қорқыттың мінезінің тым-ақ жатын.

Қорқытқа ес білгелі бір ой түскен,
Айнымас сол ойымен күнде у ішкен.
Ой билеп үйден, елден безіп кетіп,
Жұрт оны әуезі гып жынды дескен.

Ежелден белгілі ғой көптің сыры,
Боласың көптей болсаң, көптің ері.
Көпке егер ісін, ойың үйлеспесе,
Күмән жоқ, кім болсаң да соғар "пері"

Қорқыт та ерте атанды "пері соққан",
Қорқыттың жан болмады жайың ұққан.
Ой сен қандай ғана Қорқытты ұлап,
Айырган дос, туыстан, елден, жұрттан?

Қорқыттың мынау ой ед есін алған,
Жанына ерте күннен жара салған:
"Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,
Өміріміз неге шолақ тәтті балдан?"

Әншейін өмір деген ермек үшін,
Күні ертең соғар жүрек сонбек үшін.
Ойлаптып қалай ғана ұланбассың,
Берілсе адамға өмір олмек үшін".

Қорқыттың жүйрік жанын жай тасындай
Жанышқан осы ойлар ед қорғасындай.
Паршалап тілім-тілім, ерте ортеп,
Кіршіксіз жас жүрегін көз жасындай.

Ой билеп, жап-жас Қорқыт елден безді,
Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді.
Елікпей, үйірілмей еш нәрсеге
Алтайдың алаптарын жалғыз кезді.

Алтайдың Қорқыт кезді алаптарын,
Ешкімге ұқтыра алмай жанның зарын.

Ата-ана, дос-туысқан бәрін тастап,
Татак қып қара козді қарақтарын.

От-адам отпен ойнап сынар бағын,
Жүйрік жан қажу білмес, қуар сағым.
Тағы боп, күңіреніп кезіп кетті,
Қорқыт та шешпек болды жан жұмбағын.

Аяңдап алдыменен тауға келді..
Асқарға: "Өмір не?" - деп сұрау берді.
Жаны - тас, жүрегі - тас тау не десін,
Өзінен: "Өмір не?" - деп сұрады енді.

Бұрылып таудан акырын орман барды,
Оған да: "Өмір не? - деп сұрау салды.
Ежелден ой білмеген меңіреу орман
Қақнып қарағайы аң-таң қалды.

Сұраса суға келіп: "Не деп өмір?" -
Беті құр соғылғаннан жабыр-жыбыр.
Желге айтып еді, ол не деуші еді,
Басы жоқ, аяғы жоқ сыбыр-сыбыр.

Күн анау ешбір үнсіз алас ұрған,
Ай да бір - оғіз де бір аузын буган.
Қылмындап қар қатындай козін қысқан,
Жұлдыздар тазарта ма жүректі удан?!

Не керек, Қорқыт кезді тынып жатпай,
Ешбір зат тастамады зарын шақпай.
Кол мылқау, жері мылқау - бәрі мылқау,
Өртенді ер жұмбағына жауап таппай.

Түнерді бұрынғыдан Қорқыт бетер,
Есалаң ескен желдей өмір өтер.
Күмәнсіз олерінді біле тұрып,
Дүниеде талаптану, тұру бекер.

Коз ашып, өмір шолақ, жұмумен тең.
Тағы да аз өмірін соққандай сен.
Арандап қарсы алдында аузын ашқан
Жоқ па екен шыныменен ажалға ем?

Кім білед, олмейтұғын ел бар шығар,
Кім білед, ажалға да ем бар шығар.
От-суы, топырағы қасиетті,
Кім білед, олтірмейтін жер бар шығар.

Әуесі уланбаған олімменен
Сөз де жоқ олу түгіл, "өлем" деген.
Адамзат таппаса егер ажалға айла,
Не қылмақ пайдасы жоқ білімменен?! -

Деп ойлап қайырылмай ешбір затқа,
Ажалдан қашып шығып құтылмаққа,
Айрылып Алтайынан кетті Қорқыт,
Өлімнен аман-есен жер таппаққа.

Түзеді күншығысқа Қорқыт бетін.
Адамға жаяу, жалғыз жол тым шетін.
Арыды, ұшырасты сансыз жаумен,
Сонда да ол үзбеді еш үмітін.

Талса да тоқтамады, Қорқыт жүрді,
Бетпақ шол отті талай қырды, өрді.

Қажыған, қаны кепкен мезгілінде
Алыстан мұнарланған қара корді.

Жапанда бір буалдыр қараңдаған,
Жасаған Қорқыт жанын тындырмаған...
Қараға жылдам басып жетіп келді.
Қорқытты қайғы басты түннен жамап.

Көзінен сорғалады жас бұлақтай,
Жапанда қағулы бір қара тактай.
Тактайдың түбінде бір қазулы кор.
Тастаған үңірейітіп бетін жаппай.

Әлдекім жапан түзде бір кор қазған.
Басына тактай қойып, сөздер жазған:
"Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау кор - сенің корің, Қорқыт жазған!"

Мына сөзді оқып ол түн боп кетті,
Басқандай жүрегіне болды шокты.
Көл болып қоздің жасы тогілгенмен,
Заулаған баса ата ма ол жандағы ортті?!

Ой ості, қалың өрттей уын шашты,
Ауыр ой қорғасындай жанды жанышты.
Қарсыдан қазылған кор шыққаннан соң,
Бұрылып Қорқыт кейін қадам басты.

Түзеді енді бетті батыс жаққа,
Қайғылы, қажу бар ма, ол бейбаққа?!
Жапанда жалғыз озі күбірлейді.
Сөздерді тактайдағы алған жатқа.

Апыр-ай, табылмас па ажалга айла,
Өмірден табылмаса қандай пайда?!
Жүрістен дене түгіл жан шаршады,
Өлімнен аман ел мен жері қайда?

Бір жан жоқ қыбырлаган, дала. дала...
Келеді Қорқыт сорлы жаны жара.
Ай-жыл отіп, ер әбден арыған шақ,
Алыстан бұлдырлайды тағы қара.

Қорқыттың ынтасы олген, көңілі қаю,
Қараға баяу басып келді таяу:
Тағы қор, тағы тақтай, тағы жазу,
Тәңір не-ау, тегі сенде бар ма аяу?!

Терең гып тағы біреу бір қор қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
"Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау қор - сенің көрің, Қорқыт жазған!"

Қорқыттың қайғысы енді болды басым,
Жаздың не , жазбадың не жан жарасын?!
Есі ауып байтақ уағыт жатқаннан соң,
Көтеріп бір мезгілде алды басын.

Ойменен, пара болған, жан жыртылып,
Мерт болған ессіз жүрек айға үмтылып:
Кеудеде құр әншейін шықпаған жан,
Тұрды да кетті Қорқыт сүйретіліп.

Алыста сонген оттай үміт өлді,
Сұм тағдыр қатты қақты созған қолды.

Сонда да қажу бітмес ойлы Қорқыт
Дүниенің торт бұрышын кезбек болды.

Қалмады жер жүзінде бармаған жер,
Қорқыттың қанды жасы тамбаған жер.
Басса да қайда қадам сорлы Қорқыт,
Алдынан қарсы шығады қазылған қор.

Қазылған оңға барса, оңда да қор,
Қазылған солға барса, солда да қор.
Шоңқиып қорге қонған күшігендей
Қоресің, қара тақтай қағулы түр.

Алдынан кез келеді бір қор қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
"Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр - сенің көрің, Қорқыт жазған!"

Дарига, табылмақ па ажалға айла?!
Жерде бір өлік көрмес болу қайда?!
Алдыңнан қайда барса қор шығады,
Өлімге, сорлы Қорқыт, белің байла!

Не пайда шомылғанмен қанды жасқа?!
Не пайда басты ұрғанмен тау мен тасқа?!
Дүниеде ажалдан еш күшті болмас,
Қормесің кезгеніңде қорден басқа.

Шықпаған кеудесінде шыбын жаны,
Қасықтай ксуіп, бітіп қалған қаны:
Аяндап, аруак боп Алтайына
Күнiрентiп, қайтты Қорқыт, жердi зары.

Қайтса Алтай, баяғы Алтай күніреген,
Асқарға аспан тоніп еміренген.
Керіліп бүлтпенен бал алысқан.
Еркенің не ісі бар ой-шерменен?!

Мелшиген баяғыдай меңіреу орман,
Ойнаған асау бұлақ шапшып ордан.
Жел анау көрінгенді бір сүйсе де,
Жар таппай жаны бірге "мәңгі" ант ұрған.

Ел мынау баяғыдап малын баққан,
Малындай алдындағы жусап жатқан:
Қайғысы, қуанышы бәрі де ойсыз...
Спырдай бәрі өкіріп, бәрі шапқан.

Қайтты да айналғандай есалаңға,
Ләм-мим деп бір сөз қатпай тірі жанға,
Күніреніп жер бауырлап жатып алып
Үйқысыз косты Қорқыт таңды-таңға.

Бір күн шошып тұрып көргендей түс,
Кесіп ап карағайдан қылды қобыз
Қыл тағып қобызына сойлетіп ед,
Алтайды күңіrentіп шықты лебіз.

Қобыздан мұнды дыбыс сорғалады
Майпаңдап ә дегенде жорғалады;
Біресе асау тайдай ойнақ салды,
Біресе сары нардай ыргалады.

Дуылдап қырдан жерге түйілгендей,
Долданып дауыл құмды үйіргендей,

Басылып біраздан соң сылқ-сылқ күлед,
Дұшпанын мұқатқанға сүйінгендей.

Біресе жүйрік желдей кетеді есіп,
Асқарды аттап отті, дария кешіп:
Біресе әлдекімге тіл қатқандай,
Желменен жапырақтай күбірлесіп.

Біресе от сықылды аспанға асқан,
Жоқ әлде ор қоян ба орғып қашқан?!
Біресе күрсінгендей, күніренгендей,
Жандай-ақ қап-қараңғы қайғы басқан.

Қобыздың сарнағаны зарлағандай,
Қан шашып әлдекімді қарғағандай,
Жүрегі мың жара боп паршаланып,
Күйініп көзінен жас парлағандай.

Күніренді, жылады зарлап қобыз,
Жанды ортеді толқынды, мұңды лебіз.
Жасын токті қол қылып шерлі Қорқыт,
Жан жыласа, жыламай қала ма қоз?!

Қобыздан осылайша шықты сарын,
Бірде мұз, бірде дауыл, бірде жалын...
Қарағай мен қыл сырнай не деуші еді,
Шығарды сарынменен Қорқыт зарын.

Таба алмай жерді кезіп ажалға айла,
Дарига, ажалға айла болу қайда?!
Азырақ улы ойларын болмес үшін,
Жабысты шерлі Қорқыт қарағайға.

Кызарып ашуменен күн батқанда,
Ерініп екреленіп таң атқанда,
Қарны тоқ, қайғысы жоқ, жаны тыныш
Малдай-ақ қор-қор ұйықтап ел жатқанда...

Байлары малмаң-малмаң мал баққанда,
Батырлар балпаң-балпаң ел шапанда,
Ішкені - мас, жегені - тоқ, бәрі де мәз,
Кедейлер көк есектей зыр қаққанды...

Қорқыттан серпілмейді қалың уайым,
Қолынан тастамайды қарағайын.
Қобыздың лебіңде мұң молайды,
Зымырап өмір шіркін озған сайын.

Өмірде жүрген жерін қанды ор гып,
Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт,
Жұбанды қолындағы қобызымен,
Қорге де қобызымен кірді Қорқыт.

Откен күн ертегі ғой, тамаша таң,
Ойласаң откен күнді жұбанар жан.
Байқасаң, адамазатта болған ба ақын,
Қорқыттай атасынан бата алмаған?

Ақын - жел, есер, гулер жүйірік желдей,
Ақын - от, лаулап жанар аспанға орлей.
Қиялы, жан жүрегі - ойнаған от,
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.

Жай адам қияға ондай қол сермей ме?!
Ақынға аз нәрсе ауыр оіі бермей ме?!

Киялмен арманга ұшқан, сағым құшқан
Жүйірік жан алдында ылғи қор қормеі ме?!

Жел жүрсе, терең теңіз тебіренбей ме?!
Қорсе қор, ақын жаны күңіренбей ме?!
Қорғенін кеңес қылып күңіренсе ақын,
Тыңдаған тірі жанға шер бермеі ме?!

Құшақтап қарағайын сарнаса ақын,
Толғанып, жасын тоғіп, зарланса ақын,
Шеткерек тұрып біраз тыңдағайсың,
Баспалап, төніп, жаншып келме жақын.

Жақындық қажет емес жүйірік ойға,
Шер-сиқыр, алыстан-ақ тарамай ма?
Ақынды алыс тыңда, көп тілентін
Қағылып кете қорме қарағайға!

Ақынның қарағайы - жары да сол,
Ата-ана, малы-мүлкі, жаны да сол.
Сезімпаз қарағайдың нәзік қылы
Ақынның жүрегіне жатқанған ол.

Сорғалап сиқырлы үн шығар ішектен,
Шықпақшы ішектен емес, үн жүректен.
Үзілсе ішек, үзілмес нәзік жүрек,
Сондықтан сұрағаным тыңда шеттен.

Серпілмес терең жанда қалың уайым...
Түсірмес қолдан ақын қарағайын.
Үнінде қарағайдың мұң молаир
Зымырап өмір, шіркін, өткен сайып.

Атасы ақындардың - акын Қорқыт
Өмірде жүрген жерін қанды ор қып...
Шомылып көз жасына сарнай, зарлай,
Құшақтап карағайын жатыр Қорқыт.

* * *

Ол күндер көз жетпейін ерте күн ғой,
Ерте күн - ертегідей ерке күн ғой...
Өткен күн - ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой...

Өткен күн ойды әлдилеп тербеткендей,
Ойынды Алтай бойына орлеткендей,
Тыңдасаң құлағың сап сар даланы,
Қорқыттың сарыны, әні күңіrentкендей...

Тыңдасаң, есітесің жапыңменен,
Сар дала күңіренеді сарынменен.
Ерте естіп сол сарынды, ерте улап,
Мен сорлы көптен зуре зарынменен.

Ес білдім, аласұрдым сағым қуып,
Жете алмай, бетті талай жаспен жуып.
Артымда - ор, алдымда - қор, отеді өмір...
Дарига, бесігімнен көрім жуық.

Көп заман жетеледі жынды жүрек.
Ойладым: "Жүрек жетер, оіі не керек?!"
Тәтті у еді, сол удан неге айныдым?
Дарига, үміт олмек, жүрек сонбек...

Бір күнде болдым жолдас құлынменен,
Өмірді алмақ болдым ойынменен,
Ойын тынды жолдасым жоқ боп кетті,
Бұл күнде уланамын ойымменен.

Енді менің жолдасым - жалғыз қобыз.
Сарна қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз!
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа жыламай қала ма көз?!

Өмірде арманым жоқ - Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас тоғип, сүм өмірде зарлап-сарнап,
Күшатап қобызымды көрге кірсем!..

ҚОЙЛЫБАЙДЫҢ ҚОБЫЗЫ

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта баксы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жоргалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбаландап,
Қақаман жетіп келер әлдеқайдан.
Қақаман жалғыз козді жынның ері,
Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.
Дарқанның Нәдір пері - аға жыны,
Ардақтап оған Шолақ деп ат койған.
Қойлекеңнің үшінші жан жолдасы -
Шайтанның шу асауы батыр Шайлан.

Қойлыбай баксы болған қазақ асқан,
Жынменен жолдас болған бала жастан.
Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын,
Қалың Найман жнылған бір зор астан.
Бір асқа жылылпты Найман тамам,
Бай, биі, батырлары балпаң басқан.
Ішінде сол жынның Барақ та бар,
Аузынан арыстандай жалын шашқан.
Бөйгеге екі жүздей ат жіберіп,
Күрес сап жнылған жұрт ұрандасқан,
Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:
"Бөйгеге қобызың қос" деп сұрасқан.
Қалқасы қалың Найман қалаған соң,
Қойлыбайың бөйгеге қобыз қосқан.

Наймаңның ұлы дүбір сол асыңда,
Әлеумет алқа-қотап доң басыңда,
Айнада ығай-сығай, жақсы жайсаң,
Қойлыбай қобызымен ортасыңда,
Бас болып батыр Барак қалаған соң,
Бәйгеге бақсы қобыз қоспасың ба?
Қойлыбай сонда айтады шақырып аң,
Ыңғайды бір бозбаланы өз қасыңа:
"Ат шабатып жерде бір сексеуіл бар
Жарып өскен жалаңның жартаасына,
Қобызды сексеуілге байлап таста,
Мен сенем жып Қақмап жолдасыма".
Қалың Найман бәйгеге қобыз қосып,
Шуласып отырысты доң басыңда.

Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,
Бозбала ат алдынан шауып кетті,
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды
Аурақ қалшыдатаын, дiрiлдеттi.
Аузынан қапды қобiк бүрк-бүрк етiн,
Жап-жалаңаш қылышты қобыз еттi.
Көздерi қып-қызыл боп қапта толып,
Сарыны сар даланы күңiренттi.
Бiр мезгiл екiндетiн, доңаңдырып,
Бiр мезгiл жыны буып күбiрлеттi.
Қалың күмді қап-қара бұлқа қосып,
Қызыл жел күйыдатаын дүрiлдеттi.
Жап-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,
Шапқыдап жып-перiдер дүбiрлеттi.

Осылай ойнап, сарпап бақсы жағты,
Қалжырағы, қап-қара терге батты.

Сол кезде ат келетін күба жонды,
Түтіндей будақ-будақ бір шаң жапты.
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл
Ербеттен ойпақ салып келе жатты.
Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,
Сабадан қырлы жол қып жаралапты.
Байлаптан сексеуілге қобыз берік,
Көз ашқанша жиыпта келіп қатты.
Сексеуілді қонарын алып келіп,
Қақмап жұбатады ерке қартты.
Қобыз келді. Қойлыбай көліп ашты,
Қалың ел тамашадан тас боп қатты...

Ертеде ел бар екен қалың Наймап,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қақмап, Нәдір толақ қолдаушысы
Шарнамас шабарманы - батыр Шайдан.
Наймапның арыстаны - батыр Барақ,
Өмірінде жан ба Барақ жаудан тайған?
Жарасқан бай мен батыр, би мен бақсы,
Алыста елестейсің замап қайрап!
Айрылдық баднаң басқан батырлардан,
Аузынан уыз тоғыпен маңғаз байдан.
Құдай-ау, албастының ойпағыдай,
Мынау сүм заманға көз қылдың қайдан?
Шіркіп-ай, кер заманды құл қылар ем,
Бата алсам бағаналы Қойлыбайдан!...

ОҚЖЕТПЕСТИҢ ҚИЯСЫНДА

Арқада Бурабайға жер жетпейді.
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабайдың қолі мен Кокшетауды
Кормесен көкіректен шер кетпейді.
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестейі
Басқа тау ойды аспанға орлетпейді.
Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді
Кокшеде күніренген Кенем қайта?!
Дарига, жүрегімді дерт ортейді!

Кокшені күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды Бөлек тау түр
Кокшеге қосылмаққа қойпын ашқан.
Моп-молдір, доп-доңгелек қол ортада
Жел ойнап ақ бетіне меруерт шашқан.
Сол қолдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай күйіп тастан.
Найзадай Оқжетпестің қиясына.,
Жалғыз-ақ Кенекем той қадам басқан.

Алашта талай-талай ерлер откен,
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін орге, көрге сүйреп,
Ер емес, "ершіктер" ол елді еңіреткен.
Жалғыз-ақ Кенекем той қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың орттен.
Бір кезде Кенекемді ойлар билеп,

Бір өзі Бурабайға кезіп кеткен.
Арғында Оқжетпестің үңгір тау бар.
Сол тауда бірнеше күн мекен еткен.

Бір түні тым құтырып жел ойнады,
Жынды жел қатты сақ-сақ күле ойнады.
Бетінен жел кеп сүйіп алғаннан соң
Кобіктеніп кол екеш кол ойнайды.
Сол түні сонау үңгір тау ішінде
Қабағын қарс жауып Кене ойлайды,
Қамалған қазағына жол таппаққа.
Жүрегін тілім-тілім тіле ойлады.
"Қазағым, ханың да мен, қараң да мен,
Сен үшін жаным құрбан", - деп ойлады.

Кенекем құлаптаған ой теңізін
Бұлдыртқан бұлдыр заман қыран көзін.
Бір кезде серпіледі, шыгарған соң.
Ойлардың "үһ" дегенде у лебізін
Келеді маң-маң басып Оқжетпеске.
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін,
Көзін жұмып қияға шықсам-ау деп,
Ойлады жоғарыға жөнеп жүзін.
Сол минут Оқжетпестің қиясында
Жіберсе көзін ашып, кореді өзін.

Кенекем көзін ашып таң боп қатты,
Қараңғы көз қормейді ешбір затты...
Нажағай маңайында жарқ-жүрқ етіп,
Қарағай, сыпсын біткен шұлап жатты.
Төменде Оқжетпестің етегінде,

Толқындар тасты сабап, тулап жатты.
Кішкене сескенгендей болғаннан соң,
Кенекем аузына алды аруакты...
"Аруак" деп алғанша аузын жыпы,
Кореді қарсы алдында әппақ қартты.

Қарт сонда қозғағандай болды басып,
Қолыменен көтерді түкті қасып.
Ойнаған ақ бұлттай денесі аппақ
Жасаған бұлт ішінде барлық жасып.
Күніренген колдердің көбігімен,
Жуғандай аппақ қылып сақал-шашып.
Ізгі қарт "ә" деп аузын қозғағанда,
Төменде судың шуы болды басым.
Қарт сонда күңіреніп: "Аманбысың,
Кенежан - елдің ері жолбарысым!"

Кенежан, берірек кел, сырттан балам,
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам,
Сақтайтын көзден-тілден сендей ерді,
Аға-пір, қасиетті мен қарт бабаң.
Өз қолыммен төменнен тартып алдым,
Қияда күтіп сені сансыз заман.
Ел үшін еңіреп туған жолбарысым,
Білемін жүрегінде бар бір жараң.
Сені улаған қазақтың қайғысы ғой.
Дарига, қазағынның күні қараң.

Алаштың алдын қара тұман жапқан.
Мынау орыс обыр ел еміп жатқан,
Заман азған шағында адам азбақ.
Кеп ерлер жаумен бірге елін шапқан.

Кешегі Абылайдан азып туган,
Уәли анау қар қатыппен басы қатқан.
Шормандай шолтаңдаған шолақ билер,
Орыстың шекпепіне елін сатқан.
Кенежан, елің қалды жау қолында,
Алып кет алашыңды осы жақтан.

Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам
Арсыға дұға асырар мен қарт бабаң.
Еңіреген ерге серік жолдас болар
Балауса жас жолбарыс інің Науан.
Жау қалың, азғантай ел, азғандай шақ,
Болғай ед аруак жар, құдай панаң.
Мерт болсаң мақсатыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айыналам.
Алашта тағы сендейі ер тууын,
Тобеде тас боп шоғып күтіп қалам”.
Томенде тулай-тулай толқын олді,
Таманадан таң болып біраз тұрып,
Көзің ашып, Кене өзің жерде корді.

Сол кеткеннен Кенекем кете барды,
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Орысқа аш бөрідейі ойран салды.
Үйсін, Дулат, Қырғызбен қол ұстасып,
Қытаймен қатынаспаққа ойі ойланды.
Біле алмай падандықпен ердің ойын,
Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда,
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.

Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар - тулақ, ер арып, аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далادا
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында
Шоккен қарт күн шығысқа түзен бетті.
Көп заман талмай-тозбай тау басында
Алаштап Кенекемдей бір ер күтті.

Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене арыстан мезгілсіз мерт болды гоіі,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күніреніп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,
Кенедей енді неге ер тумайды?!

Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,
Дарига, жүрегімді дерт улайды.

БАТЫР БАЯН

Бірінші тарау

Жүрегім, мен зардымын жаралыға,
Сүм өмір абақты гөй сапалыға,
Қызыл тұл, қолым емес, кісеңдеуді,
Сондықтан жаным күйін жапады да,
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанын қарауым сол баяғыға,
Түйіннің тоқсан түрлі менуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда,
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сүм өмір күннің уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр гөй, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала гөй айға үмгілген,
Еркімен өзі-ақ оғқа барады да,
Жай тақпақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды өр боп ақын жолы қалады да,
Ойлайды, күңіренеді, тояғайды ақын,
Күреңнің көзіне жас алады да,
Ақыда адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырлы сөйлер қаламына.

Мен де ойды атығамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа - сары дария, қиыры жоқ
Кез бодемн, қандай қыран, талады да,
Ішінде сары дария көз тоқтатар
Көкшетау - Сарыарқаның аралы да.

Кокшеде күні кеше қойдай өрген
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.
Айрылып асау, ерке аңдарынан
Кокшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Боленген бүйіра сыпсың карағайға.
Бүлт құшқан мәңгі мен-зең Кокшетауға
Болектау: "Ой, бауырым!" - дер апатайда.
Окжетпес пайза қия - қыранға ұя.
Қарасан жапның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай қол.
Моп-молдір, дөп-дөңгелек үксайды Айға.
Бурабай - Арқа аралы, жер еркесі.
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш
Кокшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген тұлымындай
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.
Ертеде жел отпейтін қызыл ағаш,
Дарига, бұл күндерде жап-жалаңаш!
Қабірінен әулетің алашқа артық
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың
Меккедей тәуеп қылған тамам алаш.

Қдын күн туган алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған жаудан үркіп "Ақтабанға"
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып

Екі отын - орыс, қытай арасына
Күндерде сонау - қара, ташыртан ел
Тағдырын Абылайдан данасына,
Сол күнде ел қорған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуел моласына.

Алметан орыс, қытай - ауыр салмақ,
Жақыннан тынышпайды қалып қалмақ,
Арғыста - ор, алдыста - көр, жап-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап,
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа - (ойына алды) - ойран салмақ,
Ханның: "Ағтай!" - деген сөз шыққан соң,
Орлаға батыр, билер келді аңтан.

Жиылып өшпен ноян, ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат нең би Топыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай,
Ашуы жауған қарлай, шөккен пардай
Қарт қыран Қашығалы қарт Бөгенбай,
Бөкенің жас жолбарыс жеткіншегі
Аузынан жалып шашқан жас Жапатай,
Найғасын нажағайдай ойнатағын
Жас барыс Бөсенінің Сарымалай.

Батталы, екіінді отан Оразымбет,
Сіргелі, шапшаң оқтан ер Едіпбек,
Өзіне тірі жапты тең көрмейтін
Төкашар Қоңқар ұлы ор Жөнібек.

Қалташа ханмен бірге тұтқын болған
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.
Майдада от шапқандай оқ шапатын
Сыртаны Бөсенінің ер Сырымбет, -
Осындай оңшең көкжал жылысты
Күпіреніп жолбарыстай: "Жау қайда?" - деп.

Әрі ақыл, әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын орден барын аспанға сыр.
Бұқар мен Төгіқара қосылғанда,
Толқыңды түңғық боп төгілер жыр.
Осындай думанменен күндер өтіп,
Батырлар ерікті енді жағқаша күр.
Аттан ден әлі айтыған Абылайға
Көкжалдар дей бастады: "Жүр енді, жүр!"
Алайда Абылайдан сөз болмады.
Соплықтан бұғын, бықсын тулы күбір.

Жиналған оңшең бөрі Бурабайға,
Алашның кебесіндегі іні жайға.
Батырлар бұғаудағы арыстандай,
Абылай түңғық бір терең ойда.
Бөрі де ел қорғаны - батыр, билер,
Аттанбай тек жатудан тапшай пайда:
"Жүредік, жау басыңар!" - деген сөзбен
Салады Қанай билді Абылайға.
Би Қанай: "Бү қалай?" - деп бастағанда,
Абылай сұрайды оған: "Баян қайда?"

"Қанайым, ойың ұдай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.

Қон жаудың албастысы, ел еркесі
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруакты құр атынан
Қон қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?
Наркескен, орттей ескен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалас батыр Баян!" -

Деген соң ойы теңіз хан Абылай,
Аяңдан батырларға қайтты Қанай.
Баїлаулы бөрілерді ыза қылмай,
Кестелеп, сөзбен сынап айтты Қанай,
Күңдеу ме, көтеру ме? - кім біліпті, -
Батырлар десті жалғыз "Баян бала-ай!"
Көкшенің бауырында оңшең көкжал
Күңіреніп күтін жатты күңдер талай.
"Жау!" - десе жатпайтұғын батыр Баян,
Апырм-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмен пе еді,
Сорғалап сүңқардайын топбен пе еді.
Майданда жолбарыстай жалғыс ойнап,
Сап қолға аш бөрідей кірмен пе еді?!

Жебесі кобе¹ бұзып, жүректі үзбей,
Найғасын, сірә, жалған сермен пе еді?
Бірін айт, бөріні айт та, басқа батыр
Баяндай "алашым!" - деп еңіреп пе еді?
Бұл жолы кенігуі жай емес қой,
Тұлпарым кез болды ма орға, тегі!

¹ Кобе - сауыт

Арқада бір озенді дер Обаған,
Сол жерде Уақ елі қоныс қылған.
Ертеде орттеі ожет сол Уактың
Ер Кокше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күнің, ер Кокшенің
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.
Баянның ер агасы - батыр Сары,
Қос қыран тізе қосып жауын қуған.
Айналып оны айт, мұны айт, Ер Баянды айт,
Ер Баян алашының бетін жуған.

Ол күнде аз қазақ пен қалың қалмақ
Қыран мен қара құстай алысқан шақ.
Баласы алты алаштың Абылайдың
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазақтың батырлары бәрі қыран,
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы -
Балдырған бобек дерлік, он торг жаста-ақ.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай.
Бір соған бар сұлулық жыылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері - су сылдырлап күйылғандай.
Бір улап козқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сонбей-жанбай.
Лебізі - жібек лебі, жұмақ желі,
Қоусардай татқан адам қалар қанбай.
Шын ер гоіі батыр Баян алып қайтқан
Еліне сол сұлуды, естеп тапбай.

✓ Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.
Қан жауып екі көзін қанды балақ
Ілмекке қоңыр қазды қоңыл болген.
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ
Кезеңде кез келсе де қандай мерген.
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң
Ер Баян қарындас қып ерік берген.
Алайда ер алысқан жүрегімен
Теңізде атысқандай күшті сеңмен.

✓ Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.
Жап-жас қыз, сұмдығы мол, сыр бермейді.
Жаңдай-ақ ойдан аулақ қайғырмаған.
Алаштың ауры боп кетсе-дағы,
Жанымен өз жұртынан айрылмаған.
Сұм сұлу анадайдан "ағатайлап",
Баянда жан қоймаған жандырмаған.
Сонда да сыр шығармай батыр Баян,
Жастық қып жанын естен тандырмаған.

✓ Осылай іштен күйген батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның інісі бар он бес жаста -
Борінің болтірігі - бала Ноян.
Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген асуа жүрек, қайнаған қан.
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
Ноянның жүрегінде ұшқын туган.
Сол ұшқын ортке айналып, жап-жас Ноян
Алысып жүрегімен, аласұрган.

Жастықта жалынданып сүйген қандай!
Баладай оксіп жылап, күйген қандай!
Кормесең жан-жарыңды олгендейі боп,
Қайғырып күлден кебін қандай!
Кеудеңе жан кірмей ме, козің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.
Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,
Жүрегің сол минутте жарылгандай.
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,
Өгіздеіі өмір сүрген сүймей-жапбай!

Ноян да сол сұлуга - тәтті балдай,
Молдіреп караушы еді козі талмай.
Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,
Жұтқандай сол сәулені демін алмай.
Алайда бұзық ойдан аулақ еді,
Сұлуга тәңірі коріп табынгандай.
Жанса да жап-жас Ноян, сүм сұлу қыз
Коп заман жүрді бірақ коз де салмай.
Сонда да кейбір кезде ақ бетіне
Бір нәрсе жүгіруші ед ыстық қандай.

Айға алтын күн нұрынан сәуле бермек,
Шалқыған махаббат-от аспанға орлеп,
Жүрегің озі сүйген отты жүрек
Оятпақ тас болса да, зарлап тербеп.
Басында сыр бермеген сүм сұлуга,
Біраздан бола бастар күлкі кермек.
Нояннан о да козін алмас болды,
Күйідіріп жас жүргін жалын кернеп.
Шешілді екі жастың жұмбақтары
Екеуі бір іңірле сайда кез кеп...

- ✓ Сикырлы гүлге оранган жібек майда,
Сылдырлап сылк-сылк күлген терең сайда
Ерке өзен жанын ортеп, жармен ойноп,
Сүйгізген ақ бетінен күміс Айға.
Сондай бір жібек кеште жаны ортепін,
Екеуі "әу!" дескендей барған сайға.
Аулақта сүйіскен жан ұшырасса,
Еріксіз тамырларға у тарамай ма?!
Аптасып, айрылмасқа сөз байласып,
Бастық деп арсыға адым санамай ма?
- ✓ Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.
Келді де қызға жалын сөздерімен
Шығарды жан ұшырып іштегі ортті.
Бір күйіп, бір суынып, бір елжіреп,
Біресе жас баладай жасын токті.
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,
Такады сұлу қыз да бетке бетті.
- ✓ Қыз сонда: "Ноян бауырым - кебем!" - деді.
"Мен сенің сүйгеніңе сенем", - деді.
"Сүйемін мен де сені, тәңірі куо,
Тәп түгіл жаным саған берем?" - деді.
"Нояным, бірақ сенен қалауым бар", -
Деді де сұлу ойға тереңдеді.
Сұлудың сырға толы торғын беті-ай,
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.
Біраздан көздеріне жас молдіреп,
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

- ✓ Қыз сонда: "Қалауым бар, Ноян батыр,
Аласқан аққу құстай мен бір пақыр,
Арқаның аруы боп жүрсем-дағы,
Алыста туган, оскен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай бобек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай құмда кезген,
Күтіреніп қалың қалмақ елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам - айым менен күнім жатыр.

- Ер Баян біздің елге барған еді.
Көп қойға кокжал ойран салған еді.
Бобегін шырылдатып ап кеткенде
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қап жылап менен бір апт алған еді.
- ✓ Ол анты: "Елдің шетін, анаң бетін
Бір қормей, қозым, ерге барма!" - делі.
Анама сөзім - анау, өзім - мынау,
Жас Ноян, жүгішемін ер деп сені.

- ✓ Қор болсақ, қорді қормей, тәңірі оңдай ма,
Ер Баян неге батқан терең ойға?
Мен сорлы қорғеннен-ақ сүйген Баян,
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей киік ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
- ✓ Екеуміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді гоіі қазақ, қалмақ,
О да бір саған туган жұрт болмай ма?!" -

- ✓ Дөп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін.
 Толтырып меруерттей жақса көзін.
 "Шыдашы, көне күймей!" - дегендей-ақ,
 Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.
 Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
 Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзіп!
 "Жарайды, даярмын!" - деп айтып салды.
 Ойналып бір минут та қылмай төзім.
 Сол сайда уәделерін бекітісіп,
 Екеуі аймаласты ыстық жүзін.

- ✓ Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
 Төзім қып албырт Ноян күтпей таңды,
 Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
 Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
 Азырақ азық алып, қару-жарақ,
 Жүйрікке әсем әбзел тұрман салды.
 Сойтті де Сарыарқамен есендесіп,
 Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
 Кетті олар. Сөске болды, ауыл тұрды,
 Алдымен Ер Баянға хабар барды.

- ✓ Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз -
 Керілген күнге еркелеп жас жолбарыс.
 Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген
 Дөп бастап: "Баян-айым, бір маскара іс
 Өткен түн болып қапты..." - деп шұбыртып,
 Жаудырды екі жасқа нәлет-қарғыс.
 Алайда жас Ноянды ақтай сойлеп,
 Дөй берді: "Қылды-ау бізге қалмақ қар қыз!"
 Ер Баян сүп-сүр болып дөді жалғыз:
 "Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз".

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді.
Жаралы жолбарыстай күңіренді.
Қорғасын мұын, ойын томен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу тонді.
Бір қок сұр түс енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалп етіп сонген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
Боз үйден оқ жыландай шыға келді.

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
Мініп ап белдеудегі қок тұпарды.
Дулыға қалқан, қобе қалған ұмыт,
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.
Бауырынан Обағанның сырғып отіп,
Арыстан айдалада дүбір салды.
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Түс ауа Жолдыозекке жетіп қалды.
Кермшық Жолдыозектің даласында
Алыстан текі қара көзі шалды.

Атығай қоныс салған Жолдыозекке.
Қунарсыз, ашы татыр сорлы озекке.
Жолдыозек - жолсыз озеке, күтсыз, отсыз,
Алдымен жау да салған қолды озекке.
Айрылып байлығынан, көп соққы жеп,
Көз жасы Атығайдың толды озекке.
Алаштың Асан Қайғы данышпаны
Кетпеген "Қанды озеке" деп, тіпті текке.
Ежелден күт дарымай, қағынған жер,
Қайғылы бір іс болды сол озекте.

- ✓ Атыстап екі кара корді Баян,
Кілегейі кара бүлттай тонді Баян.
Ойі жоқ боп, жүрек шок боп, күр екпін боп,
Сүңкардай сорғалаған келді Баян.
Қыз түгіл, қаны бірге оз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап қалды салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

- ✓ Жас Ноян жүірігінің мойпын бүрды,
Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.
Жақындап келіп қалып ағасына
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.
Жапанда аға-іні: Баян, Ноян, -
Алып кел көз алдына Ай мен Күнді.
Дұрысы - күміс күлген күндізбенен
Түнерген кара бүлттай кара түнді.
Алайда, ерке бұдан Ноян-ұлан
Ашулы ағасына қарап күлді.

- ✓ Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретіп
Еркелеп ерке ұландай күліп қана.
Корсе де дауыл гүлді - басылмады,
Ер Баян арыстандай жаңы жара.
Қалшылдап, көзі қап боп, қолын алмай
Байланған садағына белде сала.
Жас Ноян: "Жан коке!" - деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: "Баян аға!" -

Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян,
Ок тиіп жүрегінен құлап түсті
Атынан бүктетіліп бобек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
"Жан коке, аға!" - деген сөзді Баян.
Садағын сол секундте тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас аттарының ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі күшып түсті.
Жүректен атып ыршып шыққан қаппен
Жалғыз-ақ "Аһ" десті де, "Жаным!" - десті.
Қомағайі қара топырақ бүткіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.
Күлдей кү, түнжыраған түндей болып,
Жия алмай, күр теңселіп, ақыл-есті.
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі аугандай құлап түсті.

Бірталай талғандай боп жапсыз жатып,
Тұңғық комескі көп ойға батып,
Ер Баян есін жыпы, екі жасқа
Бір қарап қара тастай қалды қатып.
Сол кезде сар дала да күнгірт тартты,
Еңкейіп бара жатты күн де батып.
Құшақтап ақ селеуді жылады жел
Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.
Құшақтап екі жасты күңіренді ер
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылгандай қайнар жүрек,
"Уһ-уһ!" - деп үзілгендей есіл озек.
Қасіреті қара түндей Ер Байанның
Алдында бүлдіргендей екі бобек.
Аузынан уыз шыққан екі жасты
Ер Байи сүйді күшып кезек-кезек.
Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді
Әлгіде ойды улаған ашу кезеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл
Күбірлей бастады енді: "Мұның не?" - деп.

Зарланып күңіренді батыр Байи,
Мегілде күңгірт тартқан кешке таман:
"Кең ақыл, отты қайрат, сырттаным" - деп,
Ер едім еркелеткен алаш тамам.
Сындырдым аз ғана Уақ елім белін,
Елімнен кетіп елді қайдан табам?
Жейтүгын оз күшігіп болдым борі,
Ісімді мынау ағат немен жабам?
Қарабет болдым алаш баласына,
Ер дер ме енді мені Абылай данам?!

) — Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
Тобына қок борідей кірдім неге?
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды
Қор болғыр, екі қозім, қордің неге?
Садақпен жүрегінен тартып кетпей,
Жыландай бауырыма сап келдім неге?
Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын
Есалаң жүрекке ерік бердім неге?
Буынып сол боз үйден шықпай олмей?
Атылып оқ жыландай тұрдым неге?!

Ойламай, белді бекем бұдым неге?
Қозымды қас дұшпандай қудым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қаскып қарсы алдымда тұрдың неге?
Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,
Бір ата, бір анадан тудым неге?
Салдырап шіріп қалғыр саусақтарым
Қанымен өз қозымның жудым неге?
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
Өлмедім ішіп уын удың неге?!

Сұлу-ай, қалмай маған ердің неге.
Жыландай бауырыма кірдің неге?
Қадалды оқ-кірпігің жүрегіме,
Жүрегім тілім-тілім тілдің неге?
Жұлдыздай аспанда алыс жымыңдаған
Алыстан "ағатайлап" күлдің неге?
Секіріп суда ойнаған шабағымды,
Сұм сұлу, қармағыңа ілдің неге?
Тірлікте бетіңнен бір сүйіе алмадым,
Тіл тартпай, ерке тотым, олдың неге?!

Күйі, жүрек! Қол бол, жасым! Өртен, ішім!
Алдымда айнама жатыр бобек пішім.
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегің,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсің.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісің,
Искейілі енді зарлап аппақ тосің.
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!
Қайтпейін, арымадың, арда күшім!
Жоқ, әлде, жоқ.. жоқ.. Әлде.. Өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың насымы үшін?!

Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?
Айбынды алашымдай ел бола ма?
Алашта ертеде өткен екі арыстан:
Ер Қокше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,
Барыстай ойын салған сар далада.
Інісі Ер Баянның, жасық Ноян
Атадан азып туган дер бола ма?
Құл болса бір қыз үшін балдырғаны
Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!

- Дарига, жұбанамып, жел ойменен,
Тартпадым сұм садақты бұл ойменен.
Тандырған мені есімнен ғашықтық қой,
Бір тынбай сұр жыландай жаным жеген.
- Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген
- Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!
- Алдымда "Қокежан!" - деп күліп тұрған
- Садаға кетпедім қой, қозым, сенен.
- Ел беті енді маған болсын арам.
- Алашым, аттанамып, жауыңда өлем!" -

- Дем зарлап, күңіренді жаралы ер.
- Айрылған екі жаннан қаралы ер.
- Зарланып көзінен қан тамшылатты,
- Тұңғыық жанлы жеген қап-қара шер.
- Жүрегі тас болса да шыдай алмай,
- Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.
Молайтып минут сайын қасірет жырын
Жанында өксіп-өксіп жылада жел.
Бозарып бел артынан таң атқанда,
Сокқыдан сенделгендей, тұрады ер.

Күміс таң жерге күміс сәуде шапты,
Сәуде мен қараңғылық араласты.
Алыспас адал, арам бекерге ұзақ,
Женіліп қараңғылық жылжып қашты!
Сол кезде жаны жара батыр Баян,
-Үңгір ғып қара жердің бетін ашты.
-Жапанда қазған суық тар үңірге
-Котеріп комді әкеліп екі жасты.
-Топырақ екі жапын жасырған соң,
Ер Баян тағы қол ғып токті жасты.

Ер Баян комді екеуін доң басына,
Түсірмейі бір топырақ ортасына.
Ап шыққан қаруларын сүйіп-сүйіп,
Ноянның комді бәрін өз қасына.
Отырды топыраққа ұзақ басын қойып,
Шомылып қанды ыстық қоз жасына.
Аздап соң мінді атына батыр Баян
Снынып бір жаратқан алласына.
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,
Шаңдатып. Абылайдың ордасына.

Жас Баян жауды талай көрген еді,
Сорғалап сұңқардайын төнген еді.
Майланда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш борідей кірген еді.
Жебесі қобе бұзып, жүректі үзіп,
Найзасын ылғи дөдеп сермеп еді.
Бірін айт, бәрін айт та - Батыр Баян
Тұғаннан "Алашым!" - деп еңіреп еді.
Кокжалдың осы жолы кешіккені,
Осындай тұлпар орға кез кеп еді.

Екінші тарау

Өткен күн таң-тамаша ертегі гоі,
Ерлері ертегінің орт еді гоі.
Айрылып от екпінді ерлерінен
Алаштың жанында ауыр дерт еді гоі.
Сонау дерт түгелімен ауып маған.
Дарига, жүрегімді ортеді гоі!
Ер кормей, қорден басқа, сүм өмірде
Шерлі жан шерлі кеңес шертеді гоі.
Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім тыңдаушыға сала алса оі.

Күңіреніп ойлағанда алаш жайын,
Жанымды орай берсе улы уайым.
Кеудеме күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты алаштың Абылайын.
Арсыға асқандаймын, тәуап қылсам,
Кебедей Абылайдың Бурабайын.
Күңіренген жырымменеп мен разымын
Алаштың жоқтай білсем Баян-айын.
Жырлаймын, күңіренемін өткенді ойлап,
Кеудеме улы уайым толған сайын.

Кірейін кеңесіме күңіренткен,
Ер Баян жөнелді енді Жолдыозектен.
Қамшыны көміп-көміп алды батыр
Ашуып алатындай тұлпар қоктен.
Мұңайып мәңгі мұңды белдер қалды,
Жыңды жел сақ-сақ күліп сүйді беттен.
Жан-жақта жас қабындар қала берді
Иіліп әдеппенен сәлем еткен.

Ер жортты. Сөске болды, көзі корді
Кокшені бал алысқан аспан-кокпен.

Кокшеде оңшең кокжал аялдаған,
Қырандар қанаттарын жая алмаған.
Ханына Абылайдай: "Болады!" - деп,
Бір берген сөзден ердер тая алмаған.
Ерігіп, әңгіме қып өткен күнді,
Қанішер Болат жайын баяндаған.
Қайратқа құса болған сол қырандар
Алыста қара корді аяңдаған.
Жақындап қара орлага келген шақта
Шықты айғай топтан шулап: "Баяндаған!" -

Аяңдап топқа тура келді Баян,
Келді де көпке сөлем берді Баян,
Қудай боп құс торесі топ торінде!
Отырған Абылайды корді Баян,
Басқаға мойын бұрып бір сөз қатпай,
Абылайға балпаң басып жүрді Баян.
Бәйтерек тұңғыққа топтегіңдей
Алдында қол қусырып тұрды Баян.
Тұрды да деді: "Алдияр, сөзім қысқа,
Екенім менің Баян алашқа аян.

Алдияр, ел ағасы, ханым дана,
Алашқа ауыр күнде болған пана.
Кешігіп, күнөлі боп, енді алдына
Келді ерің іші жалын, жаны жара.
Тұңғық кез болды гоі кешуі жоқ,
Болмаса шыққанда "Аттан!" ер тұра ма?
Талқыға жан жарасын сала алмаймын,

Мәнімді мен айтпайын, сен сұрама.
Тілегім - енді жауга аттаналық,
Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!"

Абылай еріп күткен көптен зарығып,
Қолынан Баян-айын алды тартып.
Алдына отырғызып, күміс кернеу
Керсеннен қокжалына берді сарқыт.
Берді де бүгіп басып ойға кетті,
Аскардай ой билеген мәңгі қалғып.
Аздан соң көтеріліп жан-жағына
Қарады жер жиһанның бәрін тар гып.
Қарады, қыран сөзі қысқа болды:
"Таң ата жүреміз!" - деп берді жарлық.

Ежелден Абылайда екі сөз жоқ,
Сөз шықты: "Болады!" - деп, тарады топ.
Топ тарап, ат-тұрманын даярлады,
Біраздан дамылдады ел, мезгіл түн боп.
Жібектей жұмсақ жылы жаздың түні
Бұлтымен құшақтады Қокшені қок.
Керілді ерке Қокше күміс Айға:
"Сәуленді, сәулем, көбірек тоқші-тоқ!" - деп.
Бетінде Бурабайдың ерке толқын
Бір тынбай, күліп жарды сүйді шоп-шоп.

Түн отті. Жер шетінде алғын таңды
Жорғалап, жүз бұралып, жел қарсы алды.
Сарғайып сары белден таң атқан соң
Абылай қолға: "Аттан!" - деп хабар салды.
Бәрі де болат тұяқ бедеу мініп,
Батырлар қатар түзеп келіп қалды.

Жоңкіліп күзді күні кошкен оңталай
Қап-қара, ортасы ой боп, қол қонағаны
Асырып ертегіше айтқан жанға
Қарапар қайыспайтын жер шайқалды.

Жоңкіліп кошкен бұлттай барады қол,
Кейде қол түнерген тау, қайғысы мол.
Кей кезде тентек толқын екпінмен
Шу қойып, шабуылдан алады қол.
Шаңы - бұлт, бұлты - шаңға айналған соң,
Атаған ерлер жолын деп: "Шаңды жол".
Тартты қол. Қалды орлер. Қалды белдер.
Бастаған Бұғыбай басшы қол кормес шол.
Бірнеше тәулік бойы тынбай тартып,
Қол енді жүрді бойлап бір айдың қол.

Балқаш қой, бұл айдыны, сылдыр қаққан,
Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан.
Қаратал, Аягөзбен - екі қой,
Еркесі - Іле озені ұзын аққан.
Басы егіз ерке Іленін: Кенес, Текес,
Төңірінің тентек Текес дәмін татқан.
Бойында сол Іленін қалың қалмақ
Абайлап Абылайды күтіп жатқан.
"Қайда, - деп, - қазақ?" бұрып желіккен жау
Қорған соң қол қазақты ойға батқан.

Қазақтың қалың қолы ерлер кілең,
Батырды қол қалмақты ойға терең.
Қазақтап қулықпенен құтылмаққа

Төңірі - Хантөңірі тауы. (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Кеңесті қос қонтайшы: Ұса, Серен.
Жіберді, кеңесті де, жеті қалмақ,
Сөздері: "Абылайдан бар да тілен!
Ағаттық бізден болды, кешсін Абылай.
Ақ отау, айдаған мал - бәрін берем.
Тағы да ер басына бір ару мен
Қара нар - айыбымыз, қалы кілем".

Жеті елші осы сөзбен келген ханға,
Қаратып өз жауабын ертең таңға,
Салады мынау сөзді хан Абылай
Би-батыр, қасындағы көп қыранға.
Салса да, алдыменен өзі айтады:
"Түспеспіз, тірі болсақ, алағанға!
Күні ертең не бергенін жолдан алып,
Қалғанын алсақ қолдан аргы таңда.
Ерлерім, ойым осы! - деді Абылай, -
Бұл ойды теріс дейтін адам бар ма?"

Абылай айта қалса істің жайын,
Би-батыр теріс дей ме Абылайын.
Қалың топ тым-тырыс боп тұрған шақта
Дегендей: "Ерік несе, біздер дайын!" -
Ерлігі алашқа аян батыр Баян
Тұрды да деді: "Алдиір, Абылайым,
Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,
Қырдағы адам түгіл құландайын.
Сөзімді не кектерсің, не жүптерсің,
Ойынды теріс дейді Баян-айың!"

Талқыға салмай шындық табылмайды,
Құл ғана қожаны ылғи қабылдайды.

Қу қалмақ күні кеше алдаман на ед,
Шоңкитып Ой қытай мен Ор қытайды?
Қытаймен күні бүгін жалғаспаса,
Қытайға қалмақ неге қанат жайды?
Абылай артық туған неге ұмытсын,
Қазаққа қалмақ сыры аяндай-ды.
Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы да¹,
Алдатпас, алдап кетер Абылайды!" -

Токтады Баян. Абылай тағы оз сөзін
Қайта айтты, біраз шытып көрлі жүзін.
Хан да екі, Баян да екі қайырысты,
Алмастан бір-біріне тіккен көзін.
Жиналып көздеріне қызыл жалын
Қалса да, сыр беріспей қылды тозім.
Қалың топ хан ашуын байқаған соң,
Ағытты "әрине" - деп, сөздің бозін.
Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды,
Елшінің ертенінде келер кезін.

Алты алаш Абылайдай аргымағын
Алаштың аруағына пар қылатын.
Бетіне Абылайдай ардагердің
Келуді алты алашқа ар қылатын.
"Бетіне келген жанды соғар кие!" -
Деп жырау, жауырыншылар жар қылатын.
Баянның сөзін естіп көриялар
Ішінен ерін аяп: "А шырағым!" -
Десті де күрсінісіп, кесіп қойды:
Қайтар, - деп, - осы жолы, Баян, бағың!"

¹Жас баласы

Серпілді соныменен кеңес енді
Қол күтіп жатып қалды келер күнді.
Жібектей жылжып отіп жаздың түні
Таң құлан, күн шығыста, иектенді.
Аттын Күн алыстағы арайынан
Жарқырап шығып жерге сәлем берді.
Қол тұрды, ауқаттанды, хабар күтті,
Ерлердің еріккені аңға жүрді.
Қол күтті, уақыт отті, ерікті ерлер,
Ауыр ой биледі Абылай кемеңгерді.

Қол күтті, уақыт отті. Күн батар шақ,
Жерде еді қой қошіндей қатың қалмақ.
Кең ойлы Абылайдай данышпанды,
Қу қалмақ кеткені ме шын-ақ алдап?!
Күн кірді арайына, шапақ батты
Қап-қара толқындарға толды жан-жақ.
Қол тынған бір толқынсыз тұңғықтай,
Мүшкіл боп Абылайға бір сөз салмақ.
Іңірдің соңын ала хан Абылай
Серпіліп ерлеріне қылды жарлық.

Ерлерін жиып Абылай, ел ағасы
Сұрайды: "Мынау істің не шарасы?"
Қырандар әрі-бері толқысқан соң,
Қанайы Қарауылдың, топтың басы,
Саңкылдап суырылып сойлей берді:
"Қытайдың қол ұсыным шекарасы.
Қалмақты Қытай кірген зерттер болсақ,
Қазақтың бірі қалмай мерт боласы!...."
Түнжырай қалса-дағы хан Абылай:
"Қайту!" - деп, сөздің болды бітуанасы.

Таң ата қол қозғалмақ кейін карай,
Ұрылған көңілі қаяу хан Абылай.
Қол жатқан, жым-жырт басқан, таң да таяу,
Жалғыз-ақ жатқан ояу Баян бала-ай:
"Апрым-ай, алаш арын жоқтамастан
Жоңкіліп бұл қайтудың мәні қалай?" -
Деді де атып тұрып топ ішінен,
Ерлерден от екпінді, жолбарыстай
Жүз жасты жолдас қылып тарта берді,
Таң ата: "Қайдасың, - деп, - қалың Қытай?"

Қол қалды. Жүз жолбарыс майданды ойлап,
Тартады шауылмен Іле бойлап.
Алдында ақ сұңқардай батыр Баян,
Екпіні қауға тиген орттейі ойынап.
Бедеулер болат тұяқ желден ұшқыр
Алысып, ауыздықты қарш-қарш шайынап.
Сөскеде сағымменен көрді Баян
Коп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап.
Жүз бөрі аз дамылдап алысты да,
Ат қойды қалың жауға "Абылайлап".

Жүз қыран мың сан қолға араласты,
Орғыған асқар таудан судай тасты.
Шыдамай жүз екпінге, шулай беріп,
Қалмақты ө дегенде қара басты,
Аздан соң есін жиып бөріккен ел
Қару ап, қара күрттай құжынасты.
Аз болса, бір қазаққа жүз қалмақ кеп,
Ат қойып, киқу салып, қамаласты.
Тер саулап тебінгіден, қылыштан қан,
Шаң, түтін будақ-будақ аспанға асты.

Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,
Көк аспан қара түтін шаңға тойды.
Алдаспан ажалменен бәсеке боп,
Кәнішер, қайқы қара қанға тойды.
Жып-жылы адам қаны бүлкіл қағып,
Қуалап жылжи берді ойдан-ойды.
Көк көбе шүберектей шүрк-шүрк болып,
Жыртқызды ерлер дал-дүл тұла бойды.
Анадай доң басында Ұса, Серен
Қуыршақ құдайына қасқа сойды.

Шаңқай түс. Қызыл-жалын бір жел ескен.
Зәндем от, әуе айналып жерге түскен.
От түбі тоқтап қалған, жылжымайды,
Аспанда жоқ бір жапырақ бұлт та қошкен.
Сол кезде қара бұлттай қалың қалмақ
Қажытты жүз қыранды жаннан кешкен.
Қазақтың көбін аттан түсірген соң,
Қалмақтың қуаныш пен қиқуы өскен.
Сол кезде қалың топтың ортасында
Шықты шу: "Мұнда Баян! Баян!" - дескен.

Қалың қол ортасында батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аяп.
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен,
Аузынан көбік болып бұрқырап қап.
Оң-солға алдаспанды сілтегенде,
Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан.
Жанында жалғыз жолдас - жас Жанатай
Қансырап зорға ғана кірпік қаққан.
Түзеліп отыруға халі қалмай,
Қисайып бара жатты құлап аттан.

Жолдас дер ердің ері-ақ қан майданда.
Жан беріп жолдасы үшін алдаспанға,
Еңкейіп сүйемек боп батыр Баян
Жолдасы Жанатайға айналғанда,
Бір қалмақ еңгезердей кок найзамен. -
Білмеген, сірә, тою қызыл қанға. -
Қапыда қайран ердің сүбесіне
Бойлатып сұғып тұрып, бұлғағанда
Ер Баян Жанатайды алдына алып:
"Қыралың, қатын қалмақ, тағы бар ма?" -

Деді де суырып ап жау найзасын:
"Алаштын әруағы, - деп, - қайдасың?!" -
Жыландай жарқ еткізіп алдаспанды
Түсірді топ еткізіп қалмақ басын.
Бұлақтай аспанға атып, қап шапшыған
Жараға тығып тұрып бармақ басын,
Қасқып қан майданда тұрып қалды
Қайран ер, қайсар Баян, жолбарысым?
Алайда уақыт өтті, құлап түсті,
Құшақтап Жанатайдай жан жолдасын.

Жер мен кок шыр айпалып араласты,
Коз алдын қара түтін тұман басты.
Төтті бір жазғы таңда қалғығандай.
Ер қозін оқтын-оқтын жұмып ашты.
...Коргендей болды ашулы Абылайды.
Қалың қол: "Әне, Абылай!" - деп шуласты.
Тағы ашты жұмған қозін, тағы корді
Алдында жас ұлан мен толқын шашты,
Екеуі құшақтасып жап-жақын түр,
Басымен ишара етіп амандасты.

Алдында Ноян менен Акшамандай,
Жұлдыздай жымындаган сонбейі-жанбай.
Сүлудын сексен сырлы жұмбақ жаны-ай,
Ерніне әлде болса күлкі алгандай.
Жоқ... Күлкі жоқ... бетінде тамшы қан жоқ,
"Ағалап". жанұшырып жалбаргандай.
Жоқ...өзі Жолдыозекте жортады-мыс
Үмтылды оқ жыландай... садақ пен қан,
Кезерген ердің ерні қозғалгандай:

"Көзімнен неге ақпайды қан боп жасым,
Жан беріп, жазғаным гоіі, жан жарасын.
Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе?
Дарига, жазамнан да күнәм басым!
Күнәмді төңірі кешпес, кешер бірақ
Жауында жан берген соң алты алашым!" -
Қайран ер аласұрып, жанұшырып,
Котеріп, көз жұмулы, алып басын,
Жан бауыры жас Ноянга ым қағып ед
Жас Ноян құша түсті Толқыншашын.

Екі жас қайғысы мол күп-қу жүзді,
Екеуі күр қарап тұр алмай көзді.
Көкесі жан бергенде, бобек Ноян
Тұрғаны мәні қалай күшып қызды?
Дарига, беті қара сорлы Баян
Шығарған өз қолымен екі көзді:
Іс отті. Ажал жетті. Енді не бар?
Қоштасып айтысалық соңғы сөзді!
"Келіндер, қарақтарым, кешіндер!" - деп,
Ер Баян әлсіз гана қолын созды.

Коз алды енді мәңгі тұман болды,
Жабырлап, жан-жағына қалмақ толды.
Баянды балағаттап, ісіп-кеуіп,
Бір қалмақ қалды теуіп созған қолды.
Сылқ етіп созылған қол жерге түсіп,
Жүзінін бірте-бірте нұры солды.
Баянның басын бірі кесіп алып,
Бұлғады найзаға іліп, оңды-солды.
Қуанып қос қонтайшы - Ұса, Серен,
Алғысқа қолды елірген қалың қолды.

Көңілінен Ұса, Серен кеткен қауіп,
Қуанып, сырпай-керпей қылды сауық.
Алайда, Абылайдан сескенген соң,
Жонелді ертеңіне Қытайға ауып.
Алаштың ардагері батыр Баян
Бір қырда қала берді топырақ қауып.
Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
Күңіреніп, ер денесін күммен жауып.
Іленің толқындары әлі күнге
Айтады ерге жалыу ауық-ауық...

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннап кешіп, жауды қуған
Ерленді ұмытса да ел, шол ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, орт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін тоқкен ерлер қанын жұтқан,
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шолі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

МАЗМҰНЫ

Баспадан.....	5
Ақсақ Темір сөзі.....	7
Атақты ақын.	
Сөзі алтын, хақім Абайға.....	8
Гүлсімге.....	9
От.....	12
Пайғамбар.....	14
Күншығыс.....	17
Алыстағы бауырыма.....	19
Тез барам.....	21
Жаралы жан.....	22
Балапан қанат қақты.....	26
Қазақ тілі.....	27
Жер жүзіне.....	28
Жауға түскен жанға.....	29
Тұтқын.....	32
М. Д. абақтыдан шыққанда.....	33
Мен жастарға сенемін.....	34
...ға.....	35
Өткен күн.....	37
Айға.....	40
Тәңірі.....	42
Тілегім.....	44
Жұмбақ.....	45
Айда атыңды Сәрсембай.....	46
Бесік жыры.....	48
Ұлан.....	52
Жауынгер жыры.....	54
Орамал.....	55
Батқан күні, атқан	
таңның жыры.....	58
Сүйемін.....	61
Мен кім?.....	63

Қараңғы, дауышы түн.....	64
Көбелек.....	65
Ескендірдің екі мүйізі.....	66
Өткен-аяулы.....	70
Жоғалған алтын.....	71
Жер жүзін топан басса екен!.....	73
Құрбым.....	74
Бостандық.....	75
Заманымыздың ақыны.....	77
Бір биге.....	78
Көк теке.....	79
Төбет.....	80
Өлеңнің ұйқасы.....	82
Достық һәм көз жасы.....	83
Бүгінгі күн өмір, өлім - менікі.....	84
Сырым.....	85
Сүй, жан сәулем.....	87
Төгілген шашы.....	88
Күміс нұрлы Ай.....	89
Шолпы.....	90
Сен сүту.....	91
Біраз Фетше.....	92
N-ға.....	93
Ес кірген соң.....	101
Сүйгенім анық.....	102
Хор сипатты қарындас.....	104
Жас сүтуға.....	105
Г...ге.....	107
Көңілді ашар.....	108
Сәуле.....	109
Жәмила.....	110
Қайғылы сүтуға.....	112
(Ж-ге арналған) Гүлсім ханымға.....	113

...га.....	114
Домбыра.....	115
Түн еді.....	117
Қарындасқа.....	120
Р...альбомына.....	122
Ж...га.....	124
Ф...га.....	126
Ғазизаға.....	129
Зуһра.....	131
Жан жарымды бір сүйейін түсімде.....	132
Әйел.....	133
З...га.....	136
Анама.....	139
Түс.....	140
Қаранғылық қоюланып келеді.....	141
Сарғайдым.....	142
Жел.....	144
Сағындым.....	145
Жел.....	148
Баланың қабір тасына.....	150
Өмір.....	151
Өмір.....	152
(екінші олең)	
Толқындап ойнап.....	153
Сағат.....	154
Ауру.....	155
Жұлдыздарға.....	156
Жазғы түнде.....	157
Кокшетау.....	159
Толқын.....	160
Қайың.....	162
Қысқы жолда.....	163
Жазғы жолда.....	165
Жазғытұрым.....	167
Сен.....	169

Жиленді кара орман.....	170
Махаббат не?.....	172
Шылым.....	173
Александр Блок.....	174
...Альбомына.....	176
Адамшы өмір.....	178
Айрылғанда.....	179
Күзді күні.....	180
Болса гүлсіз.....	182
Ой.....	183
Жан сөзі.....	184
Мені де, өлім, әлділе.....	189
Тірілдім.....	193
Жұлдызды-жүзік, айды алқа гып берейін.....	195
Жай өншейін ойын гой... (Саясатымыз).....	196
Берниязға.....	198
Сырдағы алашка.....	201
Тірі бол.....	203
Тұранның бір бауында.....	205
Алатау.....	209
Р...ға.....	213
Түркістан.....	215
Сәрсембайдың жыры.....	219
Жарым.....	221
Жылқышы.....	223
Алатауда.....	225
Асық иіру.....	227
Жердің жұмырлығы.....	229
Ескі Түркістан.....	231
Қырғыз, қазаққа.....	233
Орал.....	234
Еділде.....	235
Еділдің сағасында.....	238

Үлбосын.....	241
Жылқышының үйінде.....	243
Қарындастар.....	245
Ана.....	250
Бобектің тілегі.....	251
Жұбату.....	252
Жыл мезгілдері.....	255
Қазақ қызына әзіл.....	256
Ботамды кордім түсімде.....	258
Жігер, шіркін, желінді.....	259
Өзеннің суын жел тербеп.....	260
Ақсақ ақынға.....	261
Еслам қазасына қоңіл айту.....	262
Жамбылға.....	265
Қаламыма.....	266
Толғау.....	267
Соңғы кезде табылған олеңдері	
Жас Мағжанға.....	270
Жауардың араматтарына.....	271
Нағашыларға.....	272

ПОЭМАЛАР

Қорқыт.....	275
Қойлыбайдың қобызы.....	288
Оқжетпестің қиясында.....	291
Батыр Баян.....	296

Әдеби-көркем басылым

ЖҰМАБАЕВ Мағжан

Батыр Баян

Өлеңдер, поэма.лар

Редакторы **Е. Асқаров**

Корректоры **Динар Мұқан**

Теруге 5.09.1998 жіберілді. Басуға 27.10.1998 қол қойылды. Норман
70x108¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Гарнитурасы тип Таймс. Басылымы офсеттік.
Шартты баспа табағы 14,5. Есептік баспа табағы - 13,3. Тарауымы 2000
дана. Тапсырыс № 5831.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
"Елорда" баспасы. Республикалық Ақмола "Полиграфия" өндірісінің бір кестісі
1998 ж., 473000. Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.